Одним из ключевых направлений научной деятельности TSJ является исследование тюркских письменных памятников, написанных различными графическими системами (рунической, уйгурской, манихейской, арабской, армяно-кыпчакской, чагатайской, латинской, кириллической). Эти памятники позволяют раскрыть мультикультурные, исторические, социальные, ареальные, языковые связи и отношения как внутри тюркского мира, так и между Востоком и Западом. В выпускаемом номере TSJ интерес представляет раздел «Текстология», в котором демонстрируется функциональность различных тюркских графических традиций.

Так, статья Т.З.Қайыркен «*Ортағасырлық «Орда-Балық ескерткішіндегі» қытай мәтіні*» (каз.) посвящена анализу памятника древнеуйгурского государства, именуемого в некоторых источниках как Карабаласугунская надпись. Однако автор статьи название памятника определяет по месту его нахождения в Монголии, в поселении Орда-балык. Текст памятника написан на трех языках - древнетюркском (руническом), согдийском и китайском языках. Китайский текст памятника малоизучен, поэтому профессор Т.З. Қайыркен, будучи синологом, анализирует языковые единицы и исторические сведения памятника, дает авторскую версию китайского текста и приходит к выводу, что правители Уйгурского каганата сохранили преемственность с древними тюрками в политическом устройстве государства, в обычаях, традициях, языке. Поэтому профессор предлагает Уйгурский каганат называть Объединённым Тюркским каганатом или Третьим Тюркским каганатом. Возможно, такие выводы могут стать предметом дальнейших дискуссий.

Вызывают интерес читателя и другие статьи раздела, посвященные тюркским арабографичным памятникам на территории Кыргызстана, Казахстана и Узбекистана. Группа ученых из Бельгии, Казахстана и Кыргызстана (L. Hermann, N. Bazytkhan, G. Soronkulov, L. Delwiche, A. Asein Uulu) написали статью «*Arabic Inscriptions from the Ur-Maral region (Province of Talas) in Kyrgyzstan*» (англ.), раскрывающие содержание арабографичных наскальных надписей с изображением животных, тюркских тамг и символов. Верифицированность прочтения текстов и результаты исследований доказываются обширными метаданными, продуманной методологией исследования, представленными фотоматериалами и рисунками. Думается, что совместная статья ученых привлечёт внимание интресующихся. В статье узбекских ученых В. Jafarov, В. Ganiyeva «*Codicological and linguistic structure of Kitabu Bulghat al-Mushtaq fi Lughat at-Turk wal Qifchaq*» (англ.) анализируется двуязычный словарь, составленный в Египте в эпоху мамлюк-кыпчаков, раскрываются его лингвистические и кодикологические репрезентации.

Статья С. Утебекова и Ж. Сүйінжановой «*Жүніс Әміре (XIII-XIV ғғ.) дәуіріндегі түрік тілі мен қазақ тілінің фоносемантикалық сабақтастығы*» (каз.) посвящена языку памятника средневековья и его премственным связям с системой современных тюркских языков.



Историко-культурное направление 4 номера представлено статьями археологов, историков и культурологов. Объектом исследования археологов в данном номере стали средневековые городища и памятники Южного и Западного Казахстана. В статье Е.Ш. Ақымбек и Н.Б. Нұрғали «Қазақстанның оңтүстігіндегі ортағасырлық қыш қазан тұтқалары: морфологиялық ерекшеліктері мен хронологиясы» (каз.) изучены гончарные традиции, керамическая посуда, обнаруженная в средневековых городищах и поселениях Казахстана. Описаны технология изготовления керамических котлов (ручная лепка, гончарный круг) и состав глиняной массы, выявлены два основных морфологических типа ручек котлов: дугообразные и полулунные, распространенные в VI-XII вв. в Шу-Таласском регионе. Авторы статьи отмечают, что проведенные исследования подтверждают наличие общих культурных элементов, связанных с миграцией огузских племён из региона Сырдарьи в Поволжье (Самосделка) в IX веке.

Не менее полезной для исследователей является статья археологов из Уральска М.Д. Калменова, А.Е. Бижановой, Г.Т. Жалекеновой «Подземное культовое сооружение Султан-епа на полуострове Тупкараган» (рус.). Западный Казахстан издревле, еще со времен саков/скифов, был активным маршрутом миграции кочевых племен, и по сей день там сохранились многочисленные сакральные места и памятники, являющиеся не только объектом научных исследований, но и паломничества людей. Особое место среди памятников занимает подземная архитектура, представленная культовыми сооружениями, вырубленными в скальных массивах и под землёй. Одним из таких памятников является подземная мечеть Султан-епа, архитектурный анализ которого делают авторы статьи, обращая внимание на уникальный местный материал известняк-ракушечник, пригодный для художественной обработки, а также на традиции камнерезного искусства, отличающегося высокими эстетическими и технологическими характеристиками.

Новаторской является статья профессора С.М.Сыздыкова «Иолыг тегін, Алп Елетміш, Тонькөк – екінші Түрік қағанатының алғашқы тарихнамашылары» (каз.), поскольку речь идет о проблеме авторства Орхонских памятников, где в конце текстов называются имена тех, кто фиксировал рунические тексты. Профессор С.М.Сыздыков полагает, что авторы текстов достаточно объективно изложили исторические факты и события второго тюркского каганата, описали политическую ситуацию в каганате, раскрыли идеологические позиции верховных правителей – все это дает право назвать авторов текстов Иолыг тегина, Алп Элетмиша и Тоньюкука первыми представителями средневековой тюркской историографии.

В статье О. Атеш, Г.О. Ибраева «Орталық Азия түркі халықтарының дәстүрлі баспанасы – киіз үйдің тарихи-типологиялық және мәдени мәні» (каз.) изложена история развития жилища в культуре тюркских народов. На базе античных, средневековых арабо-персидских и китайских источников раскрывается история развития переносного жилища (юрты) в культуре саков/скифов, гуннов, древних тюрков; проводится сравнительно-сопоставительный анализ его форм, региональных конструкций, семантика внутренней части, отмечается функциональное назначение юрты в культуре тюркских и монгольских народов Евразийского пространства. Авторы статьи определяют юрту не только как удобное, быстро возводимое жилище, приспособленное к образу жизни кочевой цивилизации, но и как этнокультурный феномен, тесно связанный с духовным мировоззрением, социальной структурой и символическим пространством.

Статья Г.Т. Каженовой «Родоплеменная структура и традиционные институты казахского общества как факторы выживания и социальной устойчивости» (рус.)

посвящена функционированию институтов управления и социальной организации казахов, действовавших на протяжении столетий и способствовавших адаптации и выживанию кочевого социума в различных исторических условиях. Статья открывает некоторые завесы деятельности родоплеменных структур казахов: суд биев и аксакалов (старейшин), институты взаимопомощи (асар, жылу и сауын), которые рассматриваются автором как многоуровневая иерархическая система, выполнявшая функции социальной поддержки и защиты людей, а также саморегуляции общества.

Лингвистический раздел 4 номера TSJ представлен статьей Z.B. Kulmanova «*The Concept of “Happiness” in Turkic Languages: A Linguocultural Approach (Based on Kazakh, Kyrgyz, Uzbek, Turkish)*» (англ). На базе концептуальной методологии освещаются современные тенденции развития тюркских языков.

Номер завершается рецензией профессора Т.К. Чороева (Чоротегин) «*Многовековая культура и этническая идентичность кыргызов КНР сквозь призму эпоса «Манас»*» (рус.) на монографию кыргызского ученого Ч.Т.Субакожоевой. Монография посвящена изучению вариантов эпоса «Манас» кыргызами, проживающими в Китайской Народной Республике (КНР). Рецензия написана в полемичной форме и представляет собой открытый диалог о героическом эпосе кыргызов.

**Н.Г. Шаймердинова,**  
**доктор филологических наук, профессор;**  
**заместитель редактора Turkic Studies Journal**

## Қазақстанның оңтүстігіндегі ортағасырлық қыш қазан тұтқалары: морфологиялық ерекшеліктері мен хронологиясы<sup>1</sup>

Е.Ш. Ақымбек<sup>a</sup>, \*Н.Б. Нұрғали<sup>b</sup>

<sup>a</sup>Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Алматы, Қазақстан Республикасы  
ORCID: 0009-0007-9093-5342

(E-mail: [eralyakymbek@gmail.com](mailto:eralyakymbek@gmail.com))

<sup>b</sup>Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан Республикасы

ORCID: 0000-0002-0603-4514

(E-mail: [nesipbay.nurgali@mail.ru](mailto:nesipbay.nurgali@mail.ru))

\*Байланыс үшін автор: [nesipbay.nurgali@mail.ru](mailto:nesipbay.nurgali@mail.ru)

---

### ARTICLE INFO

### АННОТАЦИЯ

#### **Кілт сөздер:**

Түркі, Оңтүстік Қазақстан, орта ғасыр, керамика, қазан, тұтқа, морфология, жіктелуі, хронология, қыш ыдыстар, тұтқаның формалары.

FTAMP 03.41.91

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-4-17-39>

Аталған мақала Қазақстанның ортағасырлық қалалық және қоныстық ескерткіштерінен табылған асүйлік керамиканың, атап айтқанда, қыш қазан тұтқаларының морфологиялық ерекшеліктерін, типологиясын және хронологиясын зерттеуге арналған. Зерттеудің өзектілігі – ортағасырлық қыш ыдыстардың жекелеген бөлшектері (ернеуі, тұтқасы) бойынша арнайы талдаулардың жеткіліксіздігімен байланысты. Қазақстан аумағындағы ортағасырлық қыш бұйымдарды зерттеу XX ғ. ортасынан бастап жүйелі түрде жүргізілді. Алғашқы кезеңдерде зерттеулердің басым бөлігі қоныстар мен қалалардың стратиграфиясын және керамика кешендерін сипаттауға бағытталды. Алайда қазан түрлерінің аймақтық ерекшеліктері арнайы талдау нысанына айналмады. Жұмыстың мақсаты – Қазақстанның оңтүстік аймақтарының (Сырдария-Қаратау, Шу-Талас, Жетісу) қалаларындағы қазан тұтқаларының түрлерін жіктеп, олардың Орталық Азия (Соғды, Ферғана) және Батыс Қазақстан аймақтарымен ұқсастықтары мен айырмашылықтарын хронологиялық тұрғыдан анықтау. Зерттеу барысында морфологиялық талдау, топтау-жіктеу әдістері, стратиграфиялық және тарихи салыстырмалы талдаулар қолданылды. Негізгі материал ретінде аталған өңірлерлерден табылған археологиялық деректер пайдаланылды. Қыш қазандардың

---

<sup>1</sup>Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің BR21882346 «Ежелгі және орта ғасырдағы Алматы: археологиялық мұраны зерттеу және сақтау» тақырыбындағы жобасы аясында дайындалды.

жасалу технологиясы (қолмен жапсыру, көзеші шарығы) мен саз құрамы (құм, майда тас) сипатталды. Нәтижесінде, қазан тұтқаларының негізгі екі морфологиялық типі айқындалды: доға және жарты ай тәрізді. Бұл түрлердің алғашқы үлгілері VI–VII ғғ. («кеңгір» кезеңі, Құлан қаласының соғды жазулы тұтқасы) қалыптасып, кеңінен тараған. Доға тәрізді және оның модификациялары (шиыршықталған, үшбұрыш тәрізді) Шу-Талас өңірінде (Тараз, Төменгі Барысхан) VIII–XII ғғ. аралығында кең таралған. Сонымен қатар тұтқалардың формасы мен тұтқаларының жапсырылу тәсілдері жетілдіріліп, аймақтық нұсқалар пайда болған. Талас өңіріндегі үшбұрыш тұтқалы қазандар табылған ескерткіштердің радиокөміртектік мерзімі IX ғ. басы мен XII ғ. басын көрсетті. Көп тұтқалы (4 тұтқалы) қазандардың да жеке үлгілері (Тараз, Ақтөбе-1) кездеседі. Кейбір орталықтарда көп тұтқалы қазандардың болуы олардың тек утилитарлық емес, сонымен қатар сәндік қызмет атқарғанын көрсетеді. Сондай-ақ қазан тұтқаларының пішіндік ерекшеліктерін сипаттауда қолданылатын теңеулер мен атаулардың әркелкілігіне байланысты терминологиялық мәселелер ұсынылды. Жүргізілген салыстырулар IX ғ. Сырдария өңірінен Еділ бойына (Самосделка) оғыз тайпаларының қоныс аударуымен байланысты ортақ мәдени элементтердің болғанын дәлелдейді. Қазан тұтқаларының негізгі типтері Оңтүстік Қазақстан қалаларында XV ғасырға дейін асүйлік мақсатта жиі қолданыста болғандығы анықталды. Зерттеу нәтижелері Қазақстанның аймақтық қыш жасау дәстүрлерінің даму динамикасын анықтауға мүмкіндік береді.

Y. Akymbek<sup>a</sup>

<sup>a</sup>Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Republic of Kazakhstan

ORCID: 0009-0007-9093-5342

(E-mail: eralyakymbek@gmail.com)

\*N. Nurgali<sup>b</sup>

<sup>b</sup>Margulan Institute of Archaeology; Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan

ORCID: 0000-0002-0603-4514

(E-mail: nesipbay.nurgali@mail.ru)

\*Corresponding author: nesipbay.nurgali@mail.ru

## Ceramic handles of Medieval cauldrons from South Kazakhstan: morphological features and chronology

Received 03 October 2025. Revised 07 November 2025. Accepted 06 December 2025. Available online 30 December 2025.



**Дәйексөз үшін:** Е.Ш. Ақымбек, Н.Б. Нұрғали Қазақстанның оңтүстігіндегі ортағасырлық қыш қазан тұтқалары: морфологиялық ерекшеліктері мен хронологиясы // Turkic Studies Journal. 2025. Т. 7. № 4. 17-39 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-4-17-39>

**For citation:** Y. Akymbek, N. Nurgali Ceramic handles of Medieval cauldrons from South Kazakhstan: morphological features and chronology // Turkic Studies Journal. 2025. Т. 7. № 4. P. 17-39. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-4-17-39>

**Abstract.** This article examines the morphological features, typology, and chronology of kitchen pottery – specifically, the handles of ceramic cauldrons – discovered at medieval settlements and archaeological sites in Kazakhstan. The relevance of this study lies in the limited research devoted to individual components of medieval ceramic ware, such as rims and handles. Systematic studies of medieval pottery in Kazakhstan began in the mid-20th century. In the early stages, research primarily focused on describing the stratigraphy of settlements and ancient towns, as well as analyzing ceramic complexes. However, the regional characteristics of cauldron types have not yet been the subject of specialized study. The aim of this study is to classify the cauldron-handle types found at medieval settlements in the southern regions of Kazakhstan (Syrdarya-Karatau, Shu-Talas, and Zhetysu) and to identify their similarities and differences in comparison with materials from Sogd, Fergana, and Western Kazakhstan within a chronological framework. The research employed morphological, stratigraphic, and historical-comparative methods, alongside grouping and typological classification. Archaeological materials from the specified regions serve as the primary dataset. The study also examines the manufacturing techniques of ceramic cauldrons (hand modeling and potter's wheel production) and the composition of the clay paste (sand and crushed stone temper). Two principal morphological types of cauldron handles were identified: arc-shaped (bow-shaped) and crescent-shaped (semi-lunar). The earliest examples of these types appeared and became widespread in the 6th–7th centuries during the so-called “Kenger period”, including a specimen bearing a Sogdian inscription from Kulan. Arc-shaped handles and their modifications (twisted and triangular forms) were widely distributed in the Shu–Talas region (Taraz, Lower Baryskhan) between the 8th and 12th centuries. Over time, both the shapes of the handles and their attachment techniques became more refined, resulting in distinct regional variants. Radiocarbon dating of sites in the Talas region, where cauldrons with triangular handles were found, indicates a timeframe from the early 9th to the early 12th century. Isolated examples of multi-handled (four-handled) cauldrons have also been identified at sites such as Taraz and Aktobe-1. The presence of these vessels at specific centers suggests that they served not only utilitarian purposes but also decorative or representational functions. The study further addresses terminological issues arising from the variety of terms and comparative analogies used to describe the formal characteristics of cauldron handles. Comparative analysis confirms the existence of shared cultural elements associated with the migration of Oghuz tribes from the Syrdarya region to the Volga basin (Samosdelka) in the 9th century. It has been established that the main types of cauldron handles continued to be actively used in culinary contexts in the cities of Southern Kazakhstan up to the 15th century. The findings of this research enable to trace the developmental dynamics of regional pottery traditions in Kazakhstan.

**Keywords:** Turkic, South Kazakhstan, Middle Ages, ceramics, cauldron, handle, morphology, typology, chronology, ceramic vessels, handle forms.

Е.Ш. Ақымбек<sup>a</sup>

<sup>a</sup>Институт археологии им. А.Х. Маргулана, Алматы, Республика Казахстан

ORCID: 0009-0007-9093-5342

(E-mail: [eralyakymbek@gmail.com](mailto:eralyakymbek@gmail.com))

**\*Н.Б. Нұргали<sup>б</sup>**

<sup>б</sup>Институт археологии им. А.Х. Маргулана; КазНУ им. аль-Фараби, Алматы,  
Республика Казахстан

ORCID: 0000-0002-0603-4514

(E-mail: [nesipbay.nurgali@mail.ru](mailto:nesipbay.nurgali@mail.ru))

\*Автор для корреспонденции: [nesipbay.nurgali@mail.ru](mailto:nesipbay.nurgali@mail.ru)

### **Керамические ручки средневековых котлов Южного Казахстана: морфологические особенности и хронология**

**Аннотация.** Данная статья посвящена исследованию морфологических особенностей, типологии и хронологии кухонной керамики, в частности, ручек керамических котлов, обнаруженных на средневековых городищах и поселениях Казахстана. Актуальность исследования обусловлена недостаточной изученностью отдельных элементов средневековой керамической посуды (венчиков, ручек). Систематическое изучение средневековых гончарных изделий на территории Казахстана началось с середины XX века. На начальных этапах большая часть исследований была сосредоточена на описании стратиграфии поселений и городищ, а также керамических комплексов. Однако региональные особенности типов котлов не становились предметом специального анализа. Цель работы заключается в классификации типов ручек котлов, найденных на городищах южных регионов Казахстана (Сырдарья-Каратау, Шу-Талас, Жетысу), а также в определении их сходств и различий с материалами Средней Азии (Согд, Фергана) и Западного Казахстана в хронологическом аспекте. В ходе исследования применялись методы морфологического анализа, группировки и классификации, стратиграфического и историко-сравнительного анализа. В качестве основного материала использовались археологические данные, обнаруженные в указанных регионах. Описаны технология изготовления керамических котлов (ручная лепка, гончарный круг) и состав глиняной массы (песок, дресва). В результате выявлены два основных морфологических типа ручек котлов: дугообразные и полулунные. Первые образцы этих типов сформировались и получили распространение в VI-VII вв. (так называемый «кенгерский» период, ручка с согдийской надписью из Кулана). Дугообразные ручки и их модификации (скрученные, треугольные) были широко распространены в Шу-Таласском регионе (Тараз, Нижний Барысхан) в VIII-XII вв. Кроме того, совершенствовались форма ручек и способы их крепления, появились региональные варианты. Радиоуглеродный возраст памятников, где были найдены котлы с треугольными ручками в Таласском регионе, показал период начала IX в. – начала XII в. Встречаются отдельные образцы многоручных (четырёхручных) котлов (Тараз, Актобе-1). Наличие многоручных котлов в некоторых центрах указывает на то, что они выполняли не только утилитарную, но и декоративную функцию. Также были предложены терминологические вопросы, связанные с разнообразием сравнений и названий, используемых при описании формальных особенностей ручек котлов. Проведённые сопоставления подтверждают наличие общих культурных элементов, связанных с миграцией огузских племён из региона Сырдарьи в Поволжье (Самосделка) в IX веке. Установлено, что основные типы ручек котлов активно использовались в кухонных целях в городах Южного Казахстана

вплоть до XV века. Результаты исследования позволяют определить динамику развития региональных гончарных традиций Казахстана.

**Ключевые слова:** тюркский, Южный Казахстан, средневековье, керамика, котел, ручка, морфология, типология, хронология, керамическая посуда, формы ручек.

### Кіріспе


Ортағасырлық керамикалық ыдыстар морфологиялық белгілері бойынша пайдаланылу қызметіне қарай топталып қарастырылады. Ескерткіштерден анықталған қыш бұйымдар асүйлік, асханалық және шаруашылық-тұрмыстық деп үшке жіктеледі. Олардың ішінде асүйлік қыш бұйымдарға: қазан, көзе, көзелек, таба, сүтсауыт ыдыстары және қақпақ, сондай-ақ, ыдыстарға қосымша пайдаланылатын қазан тұғыры, үйкек және т.б. бұйымдарын жатқызамыз. Орта ғасырлардағы асүйлік қыш ыдыстардың барлығы бірдей кең таралмаған. Тағамдар негізінен қазандарда дайындалды. Қазақстанның оңтүстігіндегі ескерткіштерден табылған керамикалық материалдарға жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде тұтқалары әртүрлі болып келетін қазандар анықталды. Осы уақытқа дейін ортағасырлық асүйлік қыш бұйымдарға қатысты бірнеше зерттеу жұмыстары жарық көрді. Дегенмен, жекелеген ыдыс түрлері мен оның ерекшеліктеріне, арнайы бөлшектеріне (ернеу, тұтқа) арналған зерттеулер жоқ деуге болады. Зерттеу жұмысымыздың мақсаты – Оңтүстік Қазақстандағы ортағасырлық қазан тұтқаларының түрлерін және өзге аймақтардағы тұтқалармен ұқсастықтары мен хронологиялық айырмашылықтарын анықтау.

Асүйлік ыдыстардың морфологиялық белгілері, жасалу технологиясы мен көзелік сазының құрамы аймақтық ерекшеліктерге байланысты түрленеді. Мысалы, асүйлік қыш бұйымдардың ішінде – қазандардың Қазақстанда таралуы біркелкі емес. Қыш қазандар асүйлік бұйымдардың ішінде ең көп таралған ыдыс түрі. И. Ахраровтың пікірінше IX-X ғғ. қазандардың сыйымдылығы негізінен 3-5 адамнан тұратын шағын отбасыға есептелген, бірақ 8-10 адамға арналған ірі қазандар да кездеседі (Ахраров, 1966: 129). Сұйық және қою тағам болсын, негізінен қазандарда пісірілетін болғандықтан, ежелгі көзешілер қазанды жасау барысында отқа төзімді болуы үшін оның көзелік сазының құрамына, қозғалтуға ыңғайлы болу мақсатында формасы мен пішінделуіне (тұтқаларына) ерекше назар аударған. Оңтүстік Қазақстандағы қалалар мен қоныстардан табылған қазандарның көлемі Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевичтің сипаттамасы бойынша: шар тәрізді, екі тұтқалары жартылай сопақша болып келген (Агеева, Пацевич, 1958: 192). М. Елеуовтың Шу-Талас өңірлерінде кең таралған қазандардың пішіні: бүйірі кең, түбі домалақ, мойыны жоқ, ауызы кең (Елеуов, 1999: 201)<sup>2</sup> деп сипаттайды. Сондай-ақ, О.В. Кузнецова мен Т.В. Савельева Талғар қаласының қазандарын: сфералы, бүйірлері біршама жалпақ болып келген деп көрсетеді (Кузнецова, Савельева, 2019: 73). Қазандардың басым көпшілігі доға және жарты ай тәрізді екі тұтқалы күйінде кездескенімен, тұтқасы жоқ қазандар да табылады. Кей өңірлерде қыш қазандардың аз табылуына қарағанда асты қыш қазанда емес, көзелерде немесе металл қазандарда жасаған болуы мүмкін (1-сур.).

<sup>2</sup> Елеуов М. Шу-Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары мен мекендері (VI-XIII ғ. басы). Тарих ғылым. докт., диссер. Алматы, 1999. 360 б.



Қазандар жасалу технологиясы бойынша қолмен жапсыру әдісі арқылы және шарықта жасалған. Дегенмен, салыстырмалы түрде асханалық қыш ыдыстарға қарағанда асүйлік ыдыстардың көпшілігі қолмен жапсыру технологиясында орындалған. Қазанның көзелік сазына негізінен құм мен ұсақ қиыршық тас (дресва) араластырылып дайындалған.



1-сур. Қазақстан территориясында ортағасырлық қыш қазандар көп табылған ескерткіштердің орналасуы.

Fig. 1. Location of sites in Kazakhstan where numerous medieval ceramic cauldrons were found.

Рис. 1. Расположение памятников на территории Казахстана, где обнаружено значительное количество средневековых керамических котлов.

### Материалдар және зерттеу әдістері

Зерттеу жұмыстары барысында морфологиялық талдау әдісі қолданылып, қазандардың формасы мен тұтқаларына сипаттама жасалды. Топтау және жіктеу әдістері бойынша қазан тұтқаларының морфологиялық белгілеріне қарай ұқсастары топтастырылып, ерекшеліктеріне байланысты жіктеліп қарастырылды. Қыш ыдыстардың стратиграфиялық және тарихи салыстырмалы әдіс арқылы алынған мерзімдері талданып, кейбір ескерткіштерден алынған радиокөміртекті талдау нәтижелері қарастырылды. Қыш қазан тұтқалары тарихи-географиялық және хронологиялық кезеңделуі бойынша жіктелді. Негізгі материал ретінде жарияланған еңбектер және мұрағаттық деректер пайдаланылды.

### Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Қазақстан аумағындағы ортағасырлық қыш бұйымдарды зерттеу XX ғ. ортасынан бастап жүйелі сипат ала бастады. Алғашқы кезеңде зерттеулер негізінен ортағасырлық қоныстар мен қалалардың жалпы стратиграфиясы мен керамика кешендерін сипаттауға бағытталды (Бернштам, 1950; Агеева, Пацевич, 1958; Максимова и др., 1968; Сенигова, 1972). Бұл еңбектерде асүйлік ыдыстардың морфологиялық ерекшеліктері жалпы сипатталып, хронологиялық мерзімдеріне қатысты мәселелер көтерілді. Дегенмен, қазан түрлерінің аймақтық айырмашылықтарына аз көңіл бөлінді. Кейінірек К.М. Байпақов (Байпаков, 1972; 1986) Шу-Талас және Сырдария-Қаратау өңірлерінің ортағасырлық керамикасын кешенді зерттеп, олардың типологиялық және хронологиялық жіктемесін ұсынды. Дегенмен, қазан тұтқалары сияқты жекелеген бөлшектер арнайы талдау нысанына айналмады. Ферғана аймағының асүйлік қыш бұйымдарын И. Ахраров (Ахраров, 1966) зерттеп, IX-X ғғ. қазан формалары мен олардың әлеуметтік-экономикалық контекстін қарастырды. Бұл мәліметтер Оңтүстік Қазақстан материалдарын салыстырмалы тұрғыда талдауға мүмкіндік береді. Жетісу өңірінде қыш жасау ісінің технологиялық аспектілері О.В. Кузнецова мен Т.В. Савельеваның (Кузнецова, Савельева, 2019) еңбектерінде жан-жақты қарастырылғанымен, ғалымдар негізінен ыдыстың толық формаларына көңіл бөлген. Сонымен қатар Оңтүстік Қазақстанның қалалық және қоныстық ескерткіштерінен табылған қазан тұтқаларына қатысты жекелеген деректер жарық көрді (Байтанаев, 2007; Нуржанов, 2008; 2011; Ақымбек, 2015<sup>3</sup>; 2017). Бұл зерттеулерде тұтқалардың морфологиялық типтері, жасалу әдістері және хронологиялық ерекшеліктері жүйеленіп, олардың аймақтық және мәдени байланыстары анықталды. Талас өңіріндегі ортағасырлық төрткүлдерден табылған қазандарға қатысты морфологиялық зерттеу нәтижелері және салыстырмалы-радиокөміртектік талдаудан алынған мерзімдері Е.Ш. Ақымбектің еңбектерінде жарияланды (Ақымбек, 2022–2024). Қазіргі уақытқа дейін қазан тұтқалары жеке зерттеу нысаны ретінде кешенді түрде қарастырылмаған. Ұсынылып отырған жұмыста Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі қазан тұтқаларының морфологиясы, типологиясы және хронологиялық эволюциясы арнайы қарастырылады.

### Талдау

Оңтүстік Қазақстандағы ортағасырлық қазандардың морфологиялық ерекшеліктері бойынша екі түрге жіктеуге болады (2-сур., 1-2): 1) доға тәрізді (бүйіріне толығымен жапсырылған және саңылау тастап бекітілген (3-сур., 1-4); 2) жарты ай тәрізді (3-сур., 7-8, 11), көлденең, тік горизонтты (3-сур., 5-6). Сонымен қатар, кең таралған қазандардан бөлек, көп тұтқалы қазандар да кездеседі (саны 4).

Ерте кезеңге тән қазан тұтқалары доға тәрізді пішінде жасалған. Құлан қаласынан анықталған соғды жазуы бар қазан тұтқасы VI-VII ғғ. мерзімделген (Байпақов, 1972: 78). Оңтүстік Қазақстандағы доға секілді шиыршықталып оралып жасалған «кеңгір (кенгересский)» кезеңінің қазан тұтқалары VI-VII ғғ. тән (Агеева, Пацевич, 1958: 171, 99-сур.). Шәуішқұмтөбе қаласының доға тәрізді тұтқаларына аналог ретінде Пенджикент қаласының VI-VII ғғ. қабатынан табылған доға тұтқалы қазандар және

<sup>3</sup> Ақымбек Е.Ш., 2015. Ортағасырлық Ақтөбе қаласының керамикасы (VI ғ.-XIII ғ. басы). Философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссер. Алматы: Қазақ университеті. 208 б.

Соғды мен Ферғанада VI-VII ғ. басында қалыптасқан ширатылып жасалған тұтқалар қарастырылған (Максимова и др., 1968: 116). Доға және оның ширатылып жасалған түрлері, жарты ай тәрізді тұтқалар Құлан қаласының VII-

VIII ғғ. кезеңінен анықталса (Байпақов, 1972: 77), Ақтөбе қаласының VI-VIII ғғ. тән (Ақымбек, 2015: 101). Көкмардан қаласынан табылған доға және жарты ай тәрізді тұтқасы бар қазандар VI-VII ғ. ортасымен мерзімделген (Байпақов, 1986: 43, 5-сур.). Көлемі шар тәрізді, түбі дөңгелек, доға секілді тұтқалары бар қазандар Алматыдағы Алмарасан қаласының «үйсін» кезеңіне тән қабатынан анықалған (Кузнецова, 2012: 52, 1-сур.). Сонымен қатар, ілмек және мүйіз тәріздес қазан тұтқалары табылған. Алмасарасан қаласының төменгі үйсін кезеңінің қабаты б.з.б. III – б.з. III ғғ. мерзімделсе, ортағасырлық кезеңі XI-XIII ғ. басымен мерзімделген.

Доға тәріздес жасалған тұтқалардан, жоғарғы жағы бұрыштанған немесе «ұшбұрышты» тұтқалар тарайды (3-сур., 3). Негізінен Талас өңіріндегі ортағасырлық ескерткіштерден жиі табылған. Атап айтсақ, Тараз қаласының VIII-IX ғғ. қабатынан, Төменгі Барысхан қаласының IX-X ғғ. қабатынан (Нуржанов, Ақымбек, 2012: 99, 3-сур.), Туюкту-Арча ескерткішінің VII-VIII ғғ. қабатынан (Бубнова, 1963: 240, 12-сур.), Ақтөбе қаласының (Таластық) X-XII ғғ. қабатынан (Кожемяко, 1963: 155, 3-кесте), Қостөбе қаласының XII-XIII ғғ. қабатынан (Қасенов, 2015: 137, 27-сур.), Талапты төрткүлінен (X-XI ғғ.) (Ақымбек және т.б., 2022: 162, 4-сур.), Арна төрткүлінен (XI-XII ғғ.) (Ақымбек және т.б., 2022: 27), Саз төрткүлінен (Ақымбек және т.б., 2023: 144), Жаргүл төрткүлдерінен (Ақымбек және т.б., 2024: 280) анықталған.

Сонымен қатар доға тәрізді қазан тұтқаларынан: бүйіріне толығымен жапсырылып бекітілген түрлері; саңылау тастап жапсырылған; тұтқаның беті толық саусақ ұшымен бастырылған; есілген/ширатылған жіп (толық және саңылау тастап) секілді жапсырылған (3, 4, 10-сур.); доға тәрізді жасалып тұтқаның үсті бүршік не түйін секілді безендерілген және т.б. түрлері Оңтүстік Қазақстан ескерткіштерінде кең таралған.

Көп тұтқалы қазандар Тараз қаласының X-XI ғғ. тән мәдени қабатынан (Сенигова, 1972: 82, 4-кесте, 32-сур.), Ақтөбе-1 (Шардаралық) қаласының XI-XIII ғ. қабатынан (Максимова и др., 1968: 22-сур.) кездеседі.

Доға дәрізді шиыршықтап оралған, ұшбұрыш тұтқалы, горизонтальды құлақ тәрізді тұтқалар төменгі Еділ бойындағы Самосделка қаласының IX ғ. жататын қабатынан анықталған (Попов, 2017: 1, 8-11-сур.). Самосделка қаласының қазандарының және т.б. қыш бұйымдардың көптеген ұқсастықтары Сырдария мен Жетісудағы ортағасырлық ескерткіштерден анықталған. Э.Д. Зиливинскаяның пікірінше, бұл IX ғ. басында Сырдария өзенінің арнасы өзгеріп, бұл жағдай оғыз тайпаларының оңтүстікке және батысқа, соның ішінде Үстіртке және Еділдің төменгі ағысына жаппай қоныс аударуына байланысты (Зиливинская, 2012: 100).

Қазан тұтқаларының пішіні доға және жарты ай тәрізді жасалып, қазан ернеуінің астына жапсырылып бекітілген түрлері VIII-X ғғ. Оңтүстік Қазақстан ескерткіштерінің қарлұқ кезеңіндегі қабаттарынан белгілі (Агеева, Пацевич, 1958: 180, 103-сур.). Сонымен қатар, мұндай тұтқалар Сайрам қаласының IX ғ. (Байтанаев, 2007: 68, 5-сур.) қабатынан, Ферғананың X ғ. қабатынан (Ахраров, 1966: 130, 5-сур.) анықталған (3, 11-сур.).

Оңтүстік Қазақстанда қалыптасқан доға және жарты ай тәрізді қазан тұтқаларының VI-VII ғғ. қалыптасып, X-XII ғғ. үлкен қалаларда ғана емес, төрткүл және қоныстық деңгейдегі ескерткіштерде де кең таралған. Мұндай тұтқалары бар қазандардың нақты

қай уақытта қолданыстан шыққандығын айту қиын. Дегенмен XV ғ. дейін Оңтүстік Қазақстан қалаларында жарты ай және доға тәрізді тұтқалары бар қазандар асүйлік мақсатта жиі қолданыста болған секілді (1-кесте). Талас өңіріндегі төрткүлдерге жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде доға, жарты ай, үшбұрыш тәрізді тұтқалар анықталды. Соның ішінде тек үшбұрышты тұтқалар табылған Талапты, Жаргүл-2, Арна, Қандымтөбе-1 ескерткіштерінің радиокөміртектік талдау нәтижесінде алынған мерзім IX ғ. басы мен XII ғ. басын көрсетеді (2-кесте). Бірақ Талас өңіріндегі басқа да ескерткіштерден анықталған үшбұрыш тұтқалы қазандардың салыстырмалы мерзімі VII-XII ғғ. аралығына жатады.

*1-кесте.* Қазақстанның оңтүстік аймақтары ескерткіштеріндегі қазан тұтқаларының хронологиялық жіктемесі.

*Table 1.* Chronological classification of cauldron handles from sites in Southern Kazakhstan.

*Таблица 1.* Хронологическая классификация ручек котлов по памятникам Южного Казахстана.

| Мерзімі                                      | Ескерткіш<br>(қала, қоныс, төрткүл) | Тұтқа типі                                                                                           |
|----------------------------------------------|-------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| VI-VII ғғ.                                   | Шәушікұмтөбе                        | Доға тұтқалы                                                                                         |
| VI-VII ғғ.; IX-X ғғ.; XI-XII ғғ.             | Құлан                               | Сопақ пішінді ілмек түрінде, жарты ай тәрізді шығыңқы, доға пішінді тұтқалар, шиыршықталған тұтқалар |
| VI-VIII ғғ.; VIII-X ғғ.; X-XIII ғ. басы      | Ақтөбе<br>(Степнинское)             | Жарты ай, таға не доға тәрізді бітеу, үш тісті, иірілген жіпке ұқсас.                                |
| VIII-IX ғғ.; X-XI ғғ.; XI-XIII ғғ.; XIII-XV. | Тараз                               | Доға тәрізді үшбұрышты; ілмек тәрізді көлденең, «есілген» жіп секілді; доға тәрізді.                 |
| IX-X; XI-XIII ғғ.                            | Төменгі Барысхан                    | Доға тәрізді үшбұрышты; доға тәрізді.                                                                |
| IX-XI ғғ.; XI-XIII ғ. басы.                  | Ақтөбе-1 (Шардара)                  | Доға тәрізді; доға тәрізді 4 тұтқалы.                                                                |
| IX-X-XIII-XIV ғғ.                            | Қойлық                              | Ілмек тәрізді, шиыршықталған, құлақша түрінде.                                                       |
| XIV-XV ғғ.                                   | Аспара                              | Доға тәрізді, бітеу жарты ай және доға тәрізді ширатылған тұтқалар.                                  |

## Радиокөміртекті зерттеу нәтижелері:

2-кесте. Радиокөміртекті талдаудың нәтижесі (“БАРНАС” ғылыми қызмет компаниясы, Вильнюс радиокөміртекті зертханасы).

Table 2. Results of radiocarbon analysis (“BARNs” Scientific Service Company, Vilnius Radiocarbon Laboratory).

Таблица 2. Результаты радиоуглеродного анализа (научная компания «BARNs», Вильнюсская радиоуглеродная лаборатория).

| Ескерткіштің атауы | Зертхана шифры, мерімдеу нөмірі | <sup>14</sup> C-мерзім, ж.б. | Мөлшерлік мәні, б.д. жж. |                  | pMC*         |
|--------------------|---------------------------------|------------------------------|--------------------------|------------------|--------------|
|                    |                                 |                              | 1σ (68,3%)               | 2σ (95,4%)       |              |
| Талапты            | FTMC-GR14-14                    | 1025 ± 27                    | 995–1028 Cal AD          | 977–1046 Cal AD  | 88.02 ± 0.29 |
| Жаргүл-2           | FTMC-GR14-12                    | 895 ± 26                     | 1053–1076 Cal AD         | 1045–1220 Cal AD | 89.46 ± 0.29 |
| Арна               | FTMC-GR14-13                    | 918 ± 26                     | 1046–1085 Cal AD         | 1037–1180 Cal AD | 89.20 ± 0.29 |
| Қандымтөбе-1       | FTMC-SF12–78                    | 1060 ± 29                    | 907–1024 Cal AD          | 895–1030 Cal AD  | 87,63 ± 0,32 |
| Қандымтөбе-1       | FTMC- SF12–79                   | 1166 ± 35                    | 776–951 Cal AD           | 773–977 Cal AD   | 86,49 ± 0,38 |

Ескерту: \*pMC (percentage modern carbon) – көміртегінің қазіргі пайызы

## Нәтижелер

**Сырдария-Қаратау.** Е.И. Агеева Оңтүстік Қазақстан ескерткіштерінен табылған керамикалық материалдарды хронологиялық тұрғыдан 6 кезеңге жіктеп қарастырады (Агеева, Пацевич, 1958: 156-157): 1) сақ кезеңі (б.з.д. VII-IV ғғ.); 2) ерте қаңлы кезеңі (б.з.д. III ғ. – б.з. I ғ.); 3) кейінгі қаңлы кезеңі (б.з. I-IV ғғ.); 4) кеңгір (кенгересский) кезеңі (б.з. V-VIII ғғ.) 5) қарлұқ кезеңі (б.з. VIII-XII ғғ.), 6) шығыс қыпшақ кезеңі (б.з. XIII-XV ғғ.). Аталған кезеңдердің ішінде көлемі шар тәрізді, тұтқасы доға секілді қазандар «кеңгір (кенгересский)» кезеңінің б.з. VI-VII ғғ. қабатына тән (Агеева, Пацевич, 1958: 171, 99-сур.). Сонымен қатар, қарлұқ кезеңінің б.з. VIII-X ғғ. ернеуінің астына жабысып тұратын жарты ай пішінді тұтқалар анықталған (Агеева, Пацевич, 1958: 180, 103-сур.).

**Ақтөбе 1** (Шардаралық) қаласындағы қазандар IX-XI ғғ. және XI-XIII ғ. басына жататын құрылыс қабатынан анықталған. IX-XI ғғ. жататын қазандар көзеші шарығында жасалған, тұтқалары доға пішінінде келген (Максимова и др., 1968: 22, 51-сур.). XI-XIII ғ. басымен мерзімделген қазандар шарықта жасалған, көлемі шар тәрізді алдыңғы кезеңдегі үлгілермен салыстырғанда ірі, ауызы кең, бірақ жұқа қабырғалы болып келген. Бір қазанның ернеуіне жақын тұста, бүйір үстіне доға (түпнұсқада «скопка») тәрізді төрт тұтқасы жапсырылып бекітілген (Максимова и др., 1968: 22, 70-сур.).

**Шәушікүмтөбе** қаласынан табылған доға тәрізді және жалпақ шығыңқы тұтқалары бар қазандар анықталған. Зерттеушілер аталған қазанның ұқсастығы ретінде

Пенджикент қаласының VI-VII ғғ. қабатынан табылған доға тұтқалы қазандарды атаған (Максимова и др., 1968: 116).

**Сайрам** қаласынан анықталған қазандардың қабырғалары жұқа әрі шарықта жасалған. Қазандардың мойны жіңішке, ернеулері көлденең қимасында үшбұрыш тәрізді болып келген. Иық бөлігінде кей жағдайда жарты ай пішіндес, көлденең орналасқан білікше тәрізді тұтқалары бекітілген (Байтанаев, 2007: 68, 5-сур.). Кейбір үлгілерінде жұқа, жарты ай тәрізді тұтқа ернеуге жапсырылып жасалған. Сондай-ақ, ұшы үшкір білік кейде үш ашалы пішінінде келген. Қазандардың түп жағы жұмырланып, сопақша формада жасалған. Ернеу тұсына бекітілген жарты ай немесе қапсырма тәрізді тұтқалар Ташкент маңындағы IX ғ. жататын керамика кешеніндегі үлгілермен сәйкес келеді. Сонымен қатар, бадрабтан табылған жалғыз қалың қабырғалы, қолмен жапсырылып жасалған, ернеуінде «таға» тәрізді тұтқасы бар қазан сынығы бүкіл кешеннің төменгі мерзімделу шегін IX ғ. байланыстыруға негіз болған. Сондай-ақ, Б.А. Байтанаев И. Ахраровтың Ферғана өңіріндегі IX ғ. қазандар мен X ғ. қазандардың жалпы ұқсас келеді деген пікірін жазып, бірақ IX ғ. қазандардың қабырғалары қалыңырақ әрі қолмен жапсыру әдісі арқылы жасалған асүйлік қыш ыдыстар кең таралғандығын алға тартады. Сайрам қаласындағы қазба жұмыстарынан анықталған қазандардың ернеу бойымен орналасқан айдар тәрізді жапсырма тұтқалары X-XII ғғ. мерзімделген және мұндай тұтқалар кең географиялық таралу аймағына ие (Байтанаев, 2007: 68, 5-сур.).

2009 ж. **Созақ** қаласына жүргізілген қазба жұмыстарынан анықталған қазан тұтқасы жарты ай тәріздес жасалып, жиегі саусақ ұшымен бастырылып, қазан бүйіріне жапсырылып бекітілген (Талеев және т.б., 2010)<sup>4</sup>. Дегенмен, қазба жұмыстары қаланың жоғарғы XIX ғ. жататын қабатынан бастап, төменгі XV ғ. тән қабатына дейін жүргізілген.

Күлтөбе және Раң қаласынан анықталған қазандардың көлемі шар тәрізді, түбі жалпақ болып келген. Қазан тұтқалары қазіргі кезеңінің қазан құлағына ұқсас және мойнына тігінен жапсырылғаны сипатталған. Осыған ұқсас қазан тұтқалары Орталық Қазақстандағы Милықұдық, Аяққамыр және XII-XIV ғғ. Баба-Ата қонысынан табылған (Жолдасбаев, 2016: 80).

**Жанкент** қаласындағы асүйлік ыдыстардың басым бөлігін көзелер құрағанымен, бірнеше қазандар да анықталған (Арх. исс. на гор. Жанкент..., 2017: 55)<sup>5</sup>. 2017 ж. анықталған қазан тұтқасы горизонт бойымен ернеуіне көлденең жапсырылған. Яғни, қазіргі қазандарға ұқсас, ауызы мен тұтқасы тегіс қосылып кеткен. 2023 ж. табылған қазанның бүйірі шар тәріздес формада, алайда түбі тегіс келген (Города огузов..., 2024: 125, 122-сур.).<sup>6</sup> Ыдыс бүйіріне көлденеңінен жапсырылған тұтқасы «құлақша тәрізді пішінде» деп сипатталған. **Қышқаладан** анықталған қазандардың формасы сфералық, бүйіріне «құлақ» пішінді көлденең жасалған тұтқалары жапсырылған (Молдахмет, 2024: 114)<sup>7</sup>.

<sup>4</sup> Талеев Д., Смагулов Р., Байгунаков Д., Молдасейітов Н., Рахимжанов К., 2010. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы Қазақ хандығы қалалары (Созақ, Үзгент, Сүткент, Қарнақ, Қарақорым). Тақырыбы бойынша 2010 ж. жүргізген арх. зерттеу жұмыстарының есебі // Ө.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының мұрағаты. Алматы. Іс 3132. Опись 52. 62 бет.

<sup>5</sup> Археологические исследования на городище Жанкент Казалинского района Кызылординской области, 2017. Отчет о научно-исследовательской работе. Кызылорда. 86 с.

<sup>6</sup> Города огузов Приаралья в истории культуры тюрок (раскопки городища Жанкент) (Отчет о научно-исследовательской работе по итогам 2023 года), 2024. Астана: Тюркская Академия. 234 с.

<sup>7</sup> Молдахмет А.А., 2024. Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы Алтын Орда дәуірінің қалалары (Қышқала материалдары бойынша). Философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссер. Алматы: Қазақ университеті. 222 б.



2-сур. Ортағасырлық қазандар:

1 – Ақтөбе қаласынан анықталған жарты ай (құлақша) тұтқалы қыш қазан (Ақымбек, 2015: 170, Б-3-сур.); 2 – Талғар қаласынан табылған доға тұтқалы қыш қазан (Кузнецова, Савельева, 2019: 93).

Fig. 2. Medieval ceramic cauldrons:

1 – ceramic cauldron with an ear-shaped handle from the city of Aktobe (Akymbek, 2015: 170, fig. B-3); 2 – ceramic cauldron with an arched handle from the city of Talgar (Kuznetsova, Savelyeva, 2019: 93).

Рис. 2. Средневековые керамические котлы: 1 – котёл с ушковидной ручкой из городища Актобе (Ақымбек, 2015: 170, рис. Б-3); 2 – котёл с дугообразной ручкой из городища Талғар (Кузнецова, Савельева, 2019: 93).

Шу өңірі. **Құлан.** 1963-1965 жж. Құлан қаласының аумағында қазба жұмыстары жүргізілді. Луговое А төбесінің орталық бөлігі және шахристаннан оңтүстікке қарай 2–2,5 км қашықтықтағы Луговое Б төбесінің бір бөлігі аршылған. Қазбадан анықталған қыш бұйымдар хронологиялық тұрғыдан үш кезеңге: VII-VIII ғғ., IX-X ғғ., XI-XII ғғ. жіктеліп қарастырылады. VII-VIII ғғ. тән қазандар қолмен жапсыру әдісімен жасалып, пішіні шар тәрізді, мойыны кең, ернеуі тік немесе сыртқа қайырылған болып келеді. Қазандардың тұтқалары жапсырма әдіспен жасалған. Жасалу ерекшеліктері бойынша: сопақ пішінді ілмек түрінде, жарты ай тәрізді шығыңқы, доға пішінді тұтқалар табылған. Табылған қазандар Шу–Талас өңірлеріндегі қалалардан табылған қазандармен ұқсас келген. Қазандардағы тұтқа-имитациялар Шаш (Ташкент) өңірінен де кездескен (Байпаков, 1972: 77-81, 1-2; 8-сур.). Сонымен қатар, Құлан ескерткішінен VI–VII ғғ. тән соғды тіліндегі жазуы бар қазан тұтқасы табылған. Аталған эпиграфиялық дерек осы кезеңге сәйкес келетін керамика үлгілерін мерзімдеуге негіз болған (Байпаков, 1972: 78). IX-X ғғ. қазандардың қолмен жапсыру әдісі арқылы жасалғандары басым. Тұтқалары жапсырма түрде жасалған, көбіне шиыршықталған, жарты ай тәрізді немесе «әтештің айдары» тәрізді формада жасалған. Осы кезеңде тұтқасыз қазандар біртіндеп қолданыстан шыға бастаған. XI–XII ғғ. қазандар пішіндік пропорциялары айтарлықтай өзгеріске ұшырамаған. Дегенмен қазанның бүйір қабырғалары бұрынғы кезеңдермен салыстырғанда жұқарып, қолмен жапсырылып жасалған ыдыстарға тән пішіндік асимметрия (тегіссіздік) біртіндеп жойыла бастайды. Ортағасырлық Құлан қаласының керамика кешеніне жүргізілген зерттеу жұмыстарын К.М. Байпаков: ыдыс түрлері,



олардың жасалу технологиясы мен сәндік элементтері жағынан Батыс Жетісу аймағына тән ерекшеліктерге ие екендігін жазады (Байпаков, 1972: 97).

2007 ж. Меркі қаласында жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде көлемі шар тәрізді қазандар табылған. Қазан тұтқаларының бірнеше түрі анықталған: 1) көлденең орналасқан, ілмек тәрізді, қимасында дөңгелек, диаметрі –  $1,7 \times 1,8$  см, екі тұтқасы саусақ ұшымен бастырылып бедерленген; 2) көлденең орналасқан, ілмек тәрізді, қимасында дөңгелек, диаметрі –  $1,8 \times 1,9$  см, екі тұтқаның бірі ғана саусақ ұшымен бастырылып бедерленген; 3) тұтқасы доға тәрізді, ирек жиекті, доғаның бүкіл ұзындығы бойымен қазанның бүйіріне жапсырылып бекітілген. Сонымен қатар, қазанға немесе көзе тәрізді ыдысқа тиесілі ілмек тәрізді көлденең тұтқа табылған, тұтқаның жоғарғы жағы мүйіз тәрізді пішінделген, ал түбі – бес және алты тік сызықты тілім тәрізді сызықтармен сәнделген (Нуржанов, Кузнецова, 2008: 168, 2, 1-3-сур.; 4, 3-сур.). Дегенмен, «мүйіз тәрізді» деп аталған тұтқа, қазанның емес, қақпақтың тұтқасы секілді.

2013 ж. қазба жұмыстары жүргізілген ортағасырлық Аспара қаласынан қазан тұтқаларының бірнеше түрі анықталған. Олардың пішіні доға тәрізді, бітеу жарты ай тәрізді және доға тәрізді ширатылған пішінде жасалып, қазан бүйіріне жапсырылып бекітілген (Байпаков, Ақымбек, 2014: 393). Қазандар XIV–XV ғғ. мерзімделген. Аспара қаласынан 2014 ж. табылған қазан тұтқалары құрылымына қарай екі топқа жіктелген. Бірінші топқа қимасында дөңгеленіп келген тұтқалар жатады. Олардың диаметрі 1,7–2,4 см. Екінші топтағы тұтқалар есілген жіп тәрізді жасалып жапсырылып бекітілген, диаметрі 1,6–3,4 см (Байпаков и др., 2014: 15)<sup>8</sup>.

**Ортағасырлық Ақтөбе** қаласының қыш қазандары хронологиялық тұрғыдан VI–VIII ғғ., VIII–X ғғ. және X–XIII ғ. басы деп жіктеліп қарастырылып, қазан тұтқаларының пішінделу ерекшеліктері сипатталған (Ақымбек, 2015: 101–102, Б1–Б9-сур.). VI–VIII ғғ. қазан тұтқалары: «жарты ай, таға не доға тәрізді бітеу, үш тісті, иірілген жіпке ұқсас» келген. Соның ішінде есілген жапсырма өрнектер мен кертпе нақыштар Оңтүстік Қазақстан ескерткіштерімен ұқсас. VIII–X ғғ. Ақтөбе қаласының қазандарының бірнеше түрі таралып, олардың тұтқа, ернеу және пішіні жағынан ерекшеленген. Тұтқаларының ерекшеліктері бойынша: жарты ай, доға, есілген жіп тәрізді доға, мысық шүйде құлақ секілді және сәл ғана иілген жуан тұтқа деп жіктелген. Кейбір тұтқалардың көлемі үлкен болып келген. Сонымен қатар, екі тұтқасына симметриялы түрде жапсырылған түйіндері анықталған. Зерттеушінің пікірінше, аталған түйіндер ыстық тағамды басқа ыдысқа құю кезінде оның ернеуіне іліп қоюға қолайлы етіп жасалған. Сондай-ақ, мұндай түйінді тұтқалардың ұқсастығы X–XIII ғ. басындағы Шелек және Қайназар қоныстарынан анықталған (Ақымбек, 2015: 102)<sup>9</sup>. Ақтөбе қаласының X–XIII ғ. басындағы қазандардың: жарты ай, доға, есілген жіп тәрізді тұтқалары таралған. Дегенмен аталған тұтқалардың қазан бүйіріне жапсырылып орналастыруы ерекшеленеді. Олардың ішінде бітеу доға тәрізді тұтқалар қазанға жапсырылып, ұштары саусақпен бастырылып бекітілген; доға тәрізді екінші тұтқаның ұштары және бойы саусақ ұшымен бастырылған; қыры саусақпен басылып ойықты толқындары бар.

<sup>8</sup> Байпаков К.М., Ақымбек Е., Камалдинов И., Макаренко Ю., 2014. Средневековая городская культура Казахстана в XIII–XV вв. по сведениям письменных источников, археологическим исследованиям и нумизматическим материалам. Архив Института археологии им. А.Х. Маргулана КН МОН РК. Алматы. 77 с. Дело 3324, опись 56.

<sup>9</sup> Ақымбек Е.Ш., 2015. Ортағасырлық Ақтөбе қаласының керамикасы (VI ғ.–XIII ғ. басы). Философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссер. Алматы: Қазақ университеті. 208 б.



Доға және жарты ай тәрізді жасалған қазан тұтқалары Шу өңіріндегі ескерткіштердің Х-ХІ ғғ. жататын қабатынан (Бернштам, 1949: 151, табл. LXXIX), доға және есілген жіп секілді жасалған Х-ХІІ ғғ. Қордай ескерткішінен (Ақымбек, 2017: 44, 48-49-сур.), доға тәрізді және беті саусақ ұшымен бастырылған қазан тұтқалары ІХ-ХІ ғғ. Қысмышы қаласынан (Ақымбек, 2017: 62, 94; 96-сур.) табылған.

Жетісу. **Талғар** қаласынан анықталған қазан тұтқаларының бірнеше түрі таралған. Олардың ішінде бүйірінде көлденең орналастырылған ілмек пішінді тұтқалар бар. Және жарты ай тәрізді тұтқасы көлденең жапсырылған үлгілер де анықталған. Тұтқалардың жиегі әртүрлі өрнектермен безендіріліп, саусақ ұшымен бастыру тәсілі арқылы орындалған. (Кузнецова, Савельева, 2019: 63). Сонымен қатар, бітеу доға пішіндегі есілген жіп секілді тұтқалары да бар. Талғар қаласының керамика кешені ХІ-ХІІІ ғасырдың басымен мерзімделген.

**Қастек** қаласында 2018 ж. қазба жұмыстары нәтижесінде қолмен жапсыру арқылы жасалған қазан тұтқаларының бірнеше түрі анықталған. Тұтқалары доға тәрізді жасалған және осыған ұқсас пішіндегі тұтқалардың екі ұшы саусақпен бастырылған түрлері таралған (Төлегенов, 2022: 76, 6-сур.). Қастек қаласының керамика кешенінің хронологиясы VIII-Х ғ. басы және Х-ХІІІ ғ. басымен сәйкестендірілген.

**Рахат** ескерткішіне 2019-2020 жж. археологиялық зерттеу жұмысы жүргізілді. Қазба жұмыстарынан алынған артефактілердің көп бөлігін керамика бөлшектері құраған. Қыш ыдыстарға жүргізілген зерттеулер нәтижесі Рахат қонысының Х-ХІІІ ғ. басына жататындығын көрсеткен (Мухтарова и др., 2020: 92-102). Табылған қазан тұтқаларын көлденең бағытта орналасқан ілмек тәрізді, шиыршық тәрізді бұралған түрде орындалған, саусақ ұшымен бастырылып бекітілген және «құлақша» тәріздес тұтқалар деп сипаттаған. Соның ішіндегі «ілмек тәрізді тұтқасы бар» қазан ХІ-ХІІІ ғғ. басымен мерзімделген. Ыдыс формасының сызба түріндегі реконструкциясы берілген (Мухтарова и др., 2020: 98, 1-сур.). Қазанның реконструкциясында ауытқушылық бар секілді. Бұл қазанның бүтін емес, сынық бөлігі бойынша жасалуымен байланысты. 2021 жылы **Рахат** қонысынан табылған қазандардың формасы Жетісу аймағына тән типтік сипатта келген. Зерттеушілердің пікірінше, осы кезеңдегі Шу аңғарының қазандары Іле аңғарындағы ұқсас үлгілерден «айтарлықтай» өзгешеленген (Айтқұл и др., 2021: 105). Көлденең бағытта орналасқан дөңгелек пішінді, доға тәрізді және «құлақша» тәрізді тұтқалар анықталған. Рахат қонысының керамика кешені ІХ-ХІІІ ғғ. басымен мерзімделген.

Ортағасырлық **Қойлық** қаласының керамика кешенінен қазан тұтқаларының негізгі екі түрі анықталған. Тұтқалар ыдыстың иық тұсына ілмек және құлақ тәрізді пішінде жапсырылған. Олардың ішінде ілмек тәрізді, көлденең қимасында дөңгелек болып келген тұтқалар саусақ ұшымен бастырылып бекітіліп, сопақша ойықтармен бедерленген. Кейбір тұтқалар шиыршық түрінде жасалған. Құлақ тәрізді тұтқалардың жиегі толқынды болып келген (Маханбаева, Воякина, 2007: 111-112, 6, 3-7, 19-20-сур.). Археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Қойлық қаласының өмір сүрген уақыты ІХ-Х ғғ. және ХІІІ-ХІV ғғ. сәйкес келеді.

Жетісу аймағындағы ортағасырлық төрткүл үлгісіндегі **Асусай** мен **Жайпақ** ескерткіштерінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында қыш қазандар көп табылған. Ерте ортағасырлық кезеңге жататын Асусай қаласынан табылған асүйлік қазандар негізінен дөңгелек пішінді. Қазанның жоғарғы ернеуінен шамамен 2,5 см

төменгі бөлігінде ұзындығы 7 см болатын, көлденең бағытта орналастырылған екі тұтқа жасалған («тағаға ұқсас»). Олардың шеттерінен онға дейін жететін арнайы ойықтар анықталған. Қыш ыдыстар сазына құм мен ұсақ қиыршық тас араластырылған. Асусай қалашығынан табылған қыш қазандардың пішіні, дайындалу техникасы мен тұтқаларындағы оймыш элементтері Жетісу өңіріндегі Лавар, Талғар, Шелек және Жақсылық қалаларынан табылған қазандармен салыстырғанда бірқатар ортақ сипаттарға ие (Шағырбаев, 2013: 192). Жайпақ қаласында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде табылған қыш қазандар негізінен шар тәрізді келген. Қазандардың бүйіріне жапсырылған тұтқалардың шеті саусақ ұшымен бастырылып бедерленген. Тұтқалардың ұзындығы 6,2 см мен 13,5 см аралығында ауытқыған (Төлеубаев және т.б., 2017: 150).

Талас өңірі. **Тараз** қаласының цитаделіне жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде қазандар барлық құрылыс кезеңдерінің қабатынан анықталған. Төртінші құрылыс кезеңінен (VIII–IX ғғ.) үшбұрыш тұтқалы қазан табылған (Сенигова, 1972: 53, Табл II). Сонымен қатар, X–XI ғғ. тән мәдени қабатынан пішіні доға тәріздес көп тұтқалы қазандар анықталған (Сенигова, 1972: 82, 4-кесте, 32-сур.). Тараз қаласының IX–X ғғ. қазандардың бүйірі домалақ, тұтқалары ілмек тәрізді көлденең, «есілген» жіп секілді және томпайған түрінде жасалған (Байпақов және т.б., 2011: 316). XI–XIII ғасырлардағы қазандардың көлемі шар тәрізді, тапал бүйірлі және түбі дөңгелек болып келген. Сондай-ақ, томпайып жапсырылған ілмек тұтқа орналасқан жерінде «арка» үлгісінде жапсырмасы бар әшекейлі қазандар пайда болған. XIII–XV ғғ. жататын қазандардың тұтқасы доға тәрізді жасалған.


**Төменгі Барысхан** қаласынан табылған керамикалық материалдар төрт құрылыс кезеңіне жіктелген. 1-құрылыс кезеңіндегі бүйірі шар тәрізді, ауызы кең, доғалданып бекітілген тұтқасы бар қазандар XI–XIII ғғ. басымен мерзімделген. 3-құрылыс кезеңіне тән доға тәрізді, жоғарғы жағы бұрыштанып шыққан «үшбұрышты» қазан тұтқасы IX–X ғасырларға жатқызылған (Нуржанов, Ақымбек, 2012: 99, 3-сур.).

**Жаргүл** төрткүлдерінен қазандардың бірнеше түрі анықталған. Жасалу ерекшеліктеріне қарай үш түрге жіктелген: 1) жарты ай тәріздес жасалып, қазан бүйіріне жапсырылып бекітілген; 2) үшбұрыш секілді жасалып, қазан бүйіріне саңылау тастап, екі ұшы ғана жапсырылып бекітілген; 3) саздан доға тәріздес жасалынып, қазан қабырғасына саңылау тастап, екі ұшы саусақ ұшымен жапсырылып орналастырылған (Ақымбек және т.б., 2024: 280).

**Батыс Қазақстан.** Батыс Қазақстандағы **Сарайшық** қаласынан қазандардың мойыны тік және аласа, ауызы кең, тегіс түпті, тұтқалары бүйірінде көлденең орналасқан және үш тісті айшық тәрізді тұтқалар табылған (Самашев және т.б., 2008: 34). Сонымен қатар, ыдыстың жоғарғы жағы тараққа ұқсас штамппен түсіріліп, онға бағытталған бұрыштар түріндегі өрнекпен безендірілген. Зерттеушілердің пікірі бойынша мұндай ыдыстар Алтын Орда дәуірінде пайда болған және Еділ бұлғарларының қыш жасау өнерімен байланысты. Сонымен қатар, тұтқасыз дөңгелек түпті қазандардың XII–XIII ғғ. Хорезмде қалыптасқандығын айтады (Самашев және т.б., 2008: 34).

Үстірт пен Маңғыстаудың керуен жолдары бойындағы ортағасырлық ескерткіштерден табылған қазандар мойынсыз, көлемі үлкен, түбі тегіс келген (Калменов, 2023: 118–119, 90-91-сур.). Қазандардың қабырғасы жұқа әрі үлкен болғанына қарамастан ыдыстар қолмен жапсыру әдісі арқылы жасалған. Қазандардың тұтқасы туралы дерек

жоқ, дегенмен ыдыс иық тұсы бүршік немесе түйін тәрізді және жарты шеңбер тәрізді жапсырмалармен безендірілген. Қазан бөлшектерінің басым бөлігі X–XI ғғ. қабаттардан анықталған.



3-сур. Оңтүстік Қазақстанда кең таралған ортағасырлық қыш қазан тұтқалары: 1–4 – доға тәрізді, қазан бүйіріне саңылау тастап жапсырылған тұтқалар (1 – доға тәрізді; 2 – доға тәрізді; 3 – доға тәрізді үшбұрышты; 4 – доға тәрізді ширатылып жасалған);

5–11 – көлденеңінен толық жапсырылған (5 – көлденең тік жапсырылған; 6 – көлденең жапсырылған, шеті саусақ ұшымен бастырылған; 7 – жарты ай тәрізді; 8 – жарты ай тәрізді, шеті саусақ ұшымен бастырылған; 9 – жарты ай тәрізді; 10 – доға тәрізді ширатылып жасалған;

11 – жарты ай тәрізді, ернеуінің астына жапсырылып бекітілген)

(1 – Рахат қаласы (Мухтарова и др., 2020: 98, 1-сур.); 2 – Талғар қаласы (Кузнецова, Савельева, 2019: 30); 3 – Талапты төрткүлі (Ақымбек және т.б., 2022: 162, 4-сур.); 4 – Ақтөбе қаласы (Ақымбек, 2015: 17, Б-4-сур.); 5 – Талғар қаласы (Кузнецова, Савельева, 2019: 29); 6 – Жайпақ қаласы (Төлеубаев бойынша); 7 – Талапты төрткүлі (Ақымбек және т.б., 2022: 162, 4-сур.); 8 – Ақтөбе қаласы (Ақымбек, 2015: 171, Б-8-сур.); 9 – Ақтөбе қаласы (Ақымбек, 2015: 171, Б-7-сур.); 10 – Ақтөбе қаласы (Ақымбек, 2015: 170, Б-5-сур.); 11 – Оңтүстік Қазақстан (Агеева, Пацевич, 1958: 180, 103-сур.)).

*Fig. 3. Medieval ceramic cauldron handles widely distributed in Southern Kazakhstan:*

1–4 – arched handles attached to the vessel wall leaving a gap (1 – arched; 2 – arched; 3 – arched triangular; 4 – twisted arched); 5–11 – fully horizontally attached (5 – vertically attached horizontal handle; 6 – horizontal handle with fingertip-impressed edge; 7 – ear-shaped; 8 – ear-shaped with impressed edge; 9 – ear-shaped; 10 – twisted arched; 11 – ear-shaped attached under the rim)

(1 – the city of Rakhate (Mukhtarova et al., 2020: 98, fig.1); 2 – the city of Talgar (Kuznetsova, Savelyeva, 2019: 30); 3 – Talapty tortkul (Akymbek et al., 2022: 162, fig. 4); 4 – the city of Aktobe (Akymbek, 2015: 17, fig. B-4); 5 – the city of Talgar (Kuznetsova, Savelyeva, 2019: 29); 6 – the city of Zhaypak (after Toleubayev); 7 – Talapty tortkul (Akymbek et al., 2022: 162, fig. 4); 8 – the city of Aktobe (Akymbek, 2015: 171, fig. B-8); 9 – the city of Aktobe (Akymbek, 2015: 171, fig. B-7); 10 – the city of Aktobe (Akymbek, 2015: 170, fig. B-5); 11 – South Kazakhstan (Ageeva, Patsevich, 1958: 180, fig. 103)).

Рис. 3. Традиционные типы ручек средневековых керамических котлов Южного Казахстана: 1–4 – дуговидные ручки, прилепленные с зазором (1 – дуговидная; 2 – дуговидная; 3 – дуговидная треугольная; 4 – дуговидная скрученная); 5–11 – полностью горизонтально прилепленные (5 – горизонтальная, вертикально поставленная; 6 – горизонтальная, край вдавлен пальцем; 7 – ушковидная; 8 – ушковидная с вдавленным краем; 9 – ушковидная; 10 – дуговидная скрученная; 11 – ушковидная, прикрепленная под венчиком) (1 – городище Рахат (Мухтарова и др., 2020: 98, рис.1); 2 – городище Талгар (Кузнецова, Савельева, 2019: 30); 3 – Талапты торткуль (Ақымбек и др., 2022: 162, рис. 4); 4 – городище Ақтобе (Ақымбек, 2015: 17, рис. Б-4); 5 – городище Талгар (Кузнецова, Савельева, 2019: 29); 6 – городище Жайпак (по Толеубаеву); 7 – Талапты торткуль (Ақымбек и др., 2022: 162, рис. 4); 8 – городище Ақтобе (Ақымбек, 2015: 171, рис. Б-8); 9 – городище Ақтобе (Ақымбек, 2015: 171, рис. Б-7); 10 – городище Ақтобе (Ақымбек, 2015: 170, рис. Б-5); 11 – Южный Казахстан (Агеева, Пацевич, 1958: 180, рис. 103)).

### Қорытынды

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес Оңтүстік Қазақстандағы ортағасырлық қазан тұтқалары пішіндік және технологиялық ерекшеліктеріне қарай бірнеше негізгі типке бөлінді. Ең ерте кезеңге (VI–VIII ғғ.) тән үлгілерге доға тәрізді, толық жапсырылған және ширатылып жасалған тұтқалар жатады. VII–VIII ғғ. Талас өңірінде үшбұрыш тұтқалы қазандар қалыптасып, X–XII ғғ. кең тараған. Ал кейбір орталықтарда (Тараз, Ақтөбе-1) төрт және одан да көп тұтқалы қазандардың пайда болуы олардың функциясымен қатар сәндік элемент ретінде де көрініс тапқанын көрсетсе керек. Қазандардың морфологиялық ұқсастықтары Ферғана, Еділ бойы және Хорезм аймақтарымен мәдени-этникалық және сауда байланыстары болғандығын білдіреді. Бұл фактор Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық кезеңде тек өндірістік орталық қана емес, сонымен бірге технологиялық тәжірибе алмасу торабы болғандығын көрсетеді. Әртүрлі қазан тұтқаларын сипаттаудағы орыс және қазақ тіліндегі теңеулерде ғалымдар арасында бірізділік жоқ. Тұтқаларды сипаттауда «доға», «таға», «жарты ай», «құлақша», «ілемек тәрізді» «есілген жіп немесе ширатылып оралған / бұралған» және т.б. атаулар қалыптасқан. Орыс тілінде де тұтқаларды сипаттауда «дугообразные», «полулунные», «валикообразные», «подковообразный», «ушковидные», «скоба» әр ғалым тарапынан әртүрлі қолданылып келеді. Қазан тұтқаларының түрлерін сипаттауда ғалымдар арасында ортақ ғылыми атаулар қалыптасуы қажет деп санаймыз.

### Әдебиет

Агеева Е.И., Пацевич Г.И., 1958. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана. Тр. ИИАЭ АН Каз.ССР. Т. V. Археология. Алма-Ата. С. 3–215.

Айтқұл Х.А., Железняков Б.А., Зікірия Д.Қ., 2021. Керамика поселения Рахат IX – начала XIII вв. (предварительные результаты полевых исследований в ущелье Рахат в 2021 г.). Вестник КазНУ: Серия историческая. Том 103. №4. С. 101–111.

Ақымбек Е.Ш., 2017. Шу өңірінің ежелгі және ортағасырлық керамикасы (Қордай ауданының материалдары бойынша). Алматы. 112 б.

Ақымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С., Нұрғали Н.Б., 2022. Ортағасырлық Талапты төрткүлінің керамикасы. Еуразиялық далалық өркениет: адам және тарихи-мәдени орта.

Еуразия даласы археологиясы V халықаралық конгресінің материалдары (Түркістан қ., 11–14 қазан 2022 ж.). Бас. ред. А.Оңғар. 5 томдық. Алматы – Түркістан: Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты, 3 том. Б. 157–168.

Ақымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С., Нұрғали Н.Б., 2022. Ортағасырлық Арна төрткүлі. «Орталық Азияның ежелгі және дәстүрлі қоғамдарының тарихи-мәдени мұрасы: жаңа ашылымдар мен пәнаралық зерттеулер» атты «XIV Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары (Алматы қ., 28–29 қазан 2022 ж.). Жауапты ред. Р.С. Жұматаев. Алматы: Қазақ университеті. Б. 22–43.

Ақымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С., Нұрғали Н.Б., 2023. Ортағасырлық Ақарық төрткүлі: 2022 ж. жүргізілген зерттеулер бойынша (Оңтүстік Қазақстан). Қазақстан археологиясы. 2 (20). Б. 186–202.

Ақымбек Е.Ш., Железняков Б.А., Шағирбаев М.С., Нұрғали Н.Б., Абир Р.Қ., 2023. Аса алқабындағы ортағасырлық Саза төрткүлі. «Қазіргі кезеңдегі Еуразия археологиясы, этнологиясы және музеологиясының өзекті мәселелері: жаңа тұжырымдар мен нәтижелер» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (15 қараша 2023 жыл). Жауапты ред. Б.К. Қалшабаева. Алматы: Қазақ университеті. Б. 109–120.

Ақымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С., Нұрғали Н.Б., 2024. Ортағасырлық Жаргүл төрткүлдерінің керамикалық және остеологиялық материалдарын талдау нәтижелері: палеоэкономикалық аспект (Оңтүстік Қазақстан). Қазақстан археологиясы (Археология Казахстана) 1 (23). Б. 256–287.

Ахраров И., 1966. Кухонная керамика Ферганы IX-X вв. История материальной культуры Узбекистана. Отв. ред. В.А. Шишкин. Вып. 7. Ташкент: ФАН УзССР. С. 125–131.

Байтанаев Б.А., 2007. К вопросу о топографии и статиграфии городища Сайрам. Известия НАН РК. Серия общественных наук. № 1. С. 62–180.

Байпаков К.М., 1972. Керамика средневекового Кулана. Поиски и раскопки в Казахстане. Алма-Ата: Наука. С. 77–98.

Байпаков К.М., 1986. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (VI – начало XIII в.). Алма-Ата: Наука. 256 с.

Байпақов К.М., Капекова Г.А., Воякин Д. А., Марьяшев А. Н., 2011. Ежелгі және орта ғасырлардағы Тараз бен Жамбыл облысының қазыналары. Тараз: Археологиялық сараптама. 618 с.

Байпақов К.М., Ақымбек Е.Ш., 2014. 2013 жылы Аспара қаласында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесі. К. Ақышевтің туғанына 90 жыл толуына арналған «Қазақстан территориясындағы ежелгі және ортағасырлық мемлекеттер» атты халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы. Алматы, А.Х. Марғұлан атындағы Археология институты. Б. 394–406.

Бернштам А.А., 1950. Труды Семиречинской археологической экспедиции «Чуйская долина»: материалы и исследования археологии СССР. М.; Ленинград. №4. 158 с.

Бубнова М.А., 1963. Добыча серебро-свинцовых руд в Шельджи в IX–XII вв. Археологические памятники Таласской долины. Фрунзе: Илим. С. 225–262.

Жолдасбаев С., 2016. Қаратаудың солтүстігіндегі соңғы ортағасырдағы қалалар. Түркістан: ЖК «Сейт». 115 б.

Зиливинская Э.Д., 2012. Связи Жетысу и бассейна Сырдарьи с Нижним Поволжьем в хазарский и домонгольский периоды. Алматы. История тысячелетия. Мат. междунар. науч.-практ. конф. «Древняя и средневековая урбанизация Евразии: возникновение, развитие и возраст города Алматы». 17-18 ноября 2010 г. Вып 3. Алматы. С. 92–102.

Калменов М.Д., 2023. Средневековые памятники Устюрта и Мангистау на караванных путях (X-XIV вв.). Материалы и исследования по археологии Казахстана. Т. XVI. Алматы: Институт археологии имени А.Х. Маргулана. 168 с.

Касенов М.С., 2015. Талас өңірінің отырықшылық мәдениеті (VI-XIII ғғ.). Атырау: Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті. 180 б.

Кожемяко П.Н., 1963. Оседлые поселения Таласской долины. Археологические памятники Таласской долины. Фрунзе: Илим. С. 145–225.

Кузнецова О.В., 2012. Предварительное исследование коллекции керамики с поселения Алматы (Алмарасан). Алматы. История тысячелетия. Мат. междунар. науч.-практ. конф. «Древняя и средновековая урбанизация Евразии: возникновение, развитие и возраст города Алматы» 17-18 ноября 2010 г. Вып 3. Алматы. С. 52–30.

Кузнецова О.В., Савельева Т.В., 2019. Гончарное ремесло в средновековом Талгаре. Альбом. Алматы. 220 с.

Максимова А.Г., Мерциев М.С., Вайнберг Б.И., Левина Л.М., 1968. Древности Чардары (Археологические исследования в зоне Чардаринского водохранилища). Алма-Ата: Наука.

Маханбаева Н., Воякина Н., 2007. Керамический комплекс средновекового Каялыка. Известия НАН РК. Серия общественных наук. № 1. С. 107–125.

Мухтарова Г.Р., Железняков Б.А., Тулегенов Т.Ж., 2020. Средновековая керамика поселения Рахат. Археология Казахстана. № 3 (9). С. 92–102.

Нуржанов А., Кузнецова О.В., 2008. Археологические раскопки городища Мерке в полевом сезоне 2007 года. Известия НАН РК. Серия общественных наук. № 1. С. 165–171.

Нуржанов А.А., Ақымбек Е.Ш., 2012. Средновековое городище Нижний Барсхан в Таласской долине. Известия НАН РК. Серия общественных наук. № 3. С. 94–107.

Попов П. В., 2017. Лепная керамика из нижних слоев городища Самосделка в Астраханской области. Общество: философия, история, культура. №2. С. 52–57.

Самашев З., Кузнецова О., Плахов В., 2008. Сарайшықтың қыш бұйымдары. Алматы. 264 б.

Сенигова Т. Н., 1972. Средновековый Тараз. Алма-Ата: Наука. 217 с.

Төлегенов А.К., 2022. Ортағасырлық Қастек қаласының керамикасы. Қазақстан археологиясы. № 1 (15). Б. 70–81.

Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шағырбаев М.С., Ерғабылов А., 2017. Алакөл ойпатындағы ортағасырлық қалалардың керамика кешені (салыстырмалы талдау). Түркістан аймағындағы археологиялық ескерткіштердің сабақтастығы: Халықаралық ғылыми конференция материалдары. Түркістан. ИП «Сейт». Б. 145–154.

Шағырбаев М.С., 2013. Ерте ортағасырлық Асусай қалашығының қыш ыдыстары. Қазақ Ұлттық Университетінің Хабаршысы. № 4 (71). Б. 187–198.

## Reference

Aitkul Kh.A., Zheleznyakov B.A., Zikiriya D.K., 2021. Keramika poseleniya Rakhat IX – nachala XIII vv. [Predvaritelnye rezultaty polevykh issledovaniy v ushchele Rakhat v 2021 g.]. Vestnik KazNU. Seriya istoricheskaya. 103(4). P. 101–111. [in Russian].

Ageeva E.I., Patsevich G.I., 1958. Trudy Instituta Istorii, Arheologii i Etnografii [Proceedings of the Institute of History, Archaeology and Ethnography]. Alma-Ata: Academy of Sciences of the Kazakh SSR. [in Russian].

Akymbek E.S., 2017. Shu onirinin ejelgi jane ortagasyrlyk keramikasy (Kordai audanynyn materialdary boiynsha) [Ancient and medieval ceramics of the Shu region (based on the materials of the Kordai district)]. Almaty: Margulan Institute of Archaeology. 112 p. [in Kazakh].

Akymbek E.Sh., Shagyrbaev M.S., Nurgali N.B., 2022. In: Ongar A. Euryazyalyk dalalyk orkeniet: adam zhane tarihi-madeni orta [Proceedings of the 5th International Congress on the Archaeology of the Eurasian Steppe, Turkistan, 11–14 October 2022], vol. 3. Almaty–Turkistan: Margulan Institute of Archaeology. P. 157–168. [in Kazakh].

Akymbek E.Sh., Shagirbayev M.S., Nurgali N.B., 2022. In: Zhumatayev R.S. XIV Orazbaevskie chteniya [14th Orazbayev Readings]. Almaty: Kazakh University. P. 22-43. [in Kazakh].

Akymbek E.Sh., Zheleznyakov B.A., Shagirbayev M.S., Nurgali N.B., Abir R.K., 2023. In: Kalshabaeva B.K. Kazirgi kezendegi Euraziya arheologiyasy, etnologiyasy jane muzeologiyasynyn ozekti maseleleri: jana tuzhyrymdar men natijeler [Actual problems of archaeology, ethnology and museology of Eurasia at the present stage]. Almaty: Kazakh University. P. 109–120. [in Kazakh].

Akymbek E.Sh., Shagyrbaev M.S., Nurgali N.B., 2023. Kazakhstan Arheologiyasy [Kazakhstan Archaeology], 2(20). P. 186–202. [in Kazakh].

Akymbek E.Sh., Shagyrbaev M.S., Nurgali N.B., 2024. Kazakhstan Arheologiyasy [Kazakhstan Archaeology], 1(23). P. 256–287. [in Kazakh].

Akhrarov I., 1966. In: Shishkin V.A. (ed.). Istoriya materialnoi kultury Uzbekistana [History of material culture of Uzbekistan], vol. 7. P. 125–131. [in Russian].

Baitanaev B.A., 2007. K voprosu o topografii i stratigrafii gorodishcha Sayram [On the issue of topography and statography of the Sairam settlement]. Izvestiya Natsionalnoy Akademii Nauk Respubliki Kazakhstan. Seriya obshchestvennykh nauk, 1. P. 62–180. [in Russian].

Baipakov K.M., 1972. Keramika srednevekovogo Kulana. Poiski i raskopki v Kazakhstane [Medieval Kulan Ceramics: Excavations and Surveys in Kazakhstan]. Alma-Ata: Nauka. P. 77–98. [in Russian].

Baipakov K.M., 1986. Srednevekovaya gorodskaya kultura Yuzhnogo Kazakhstana i Semirechya (VI – nachalo XIII v.) [Medieval urban culture of Southern Kazakhstan and Semirechye (6th – early 13th centuries)]. Alma-Ata: Nauka. 256 p.[in Russian].

Baipakov K.M., Kapekova G.A., Voyakin D.A., Maryashev A.N., 2011. Ejelgi zhane orta gasyrlardagy Taraz ben Zhambyl oblysynyn qazynalary [Treasures of Ancient and Medieval Taraz and the Zhambyl Region]. Taraz: Arkheologiyalyk Saraptama. 618 p. [in Kazakh].

Baipakov K.M., Akymbek E.S., 2014. In: Baipakov K.M. (ed.). Arheologiyany shynyna shykkan [Ascension to the crowns of archaeology]. Almaty: Margulan Institute of Archaeology. P. 394–406. [in Kazakh].

Bernstam A.A., 1950. Trudy Semirechinskoy arkheologicheskoy ekspeditsii “Chuyskaya dolina” [Works of the Semirechye Archaeological Expedition “Chu Valley”]. Materialy i issledovaniya po arkheologii SSSR, 4. Moscow–Leningrad. 158 p. [in Russian].

Bubnova M.A., 1963. In: Kozhemyako P.N. Arheologicheskie pamyatniki Talasskoy doliny [Archaeological sites of the Talas Valley]. Frunze: Ilim. P. 225-262. [in Russian].

Zholdasbaev S., 2016. Karataudyn soltustigindegi songy ortagasyrdagy kalalar [Late medieval cities in the northern Karatau]. Turkistan: Seit. 115 p. [in Kazakh].

Zilivinskaya E.D., 2012. Svyazi Zhetysu i basseyna Syrdari s Nizhniem Povolzhem v khazarskiy i domongolskiy periody [Connections between Zhetysu and the Syr Darya basin

with the Lower Volga region during the Khazar and pre-Mongol periods. Almaty. History of the Millennium]. In: Almaty. Istoriya tysyacheletiya, Proceedings of the International Conference “Drevnyaya i srednevekovaya urbanizatsiya Evrazii”. vol. 3. Almaty. P. 92–102. [in Russian].

Kalmenov M.D., 2023. Srednevekovye pamyatniki Ustyurta i Mangystau na karavannykh putyakh (X–XIV vv.) [Medieval monuments of Ustyurt and Mangystau along caravan routes (10th–14th centuries)]. Materialy i issledovaniya po arkheologii Kazakhstana, XVI. Almaty: Margulan Institute of Archaeology. 168 p. [in Russian].

Kasenov M.S., 2015. Talas onirinin otyrykshylyk madenieti (VI–VIII gg.) [Settlement culture of the Talas Region (6th–8th centuries)]. Atyrau: Dosmukhamedov Atyrau State University. 180 p. [in Kazakh].

Kozhemyako P.N., 1963. In: Kozhemyako P.N. (ed.). Arheologicheskie pamyatniki Talasskoy doliny [Archaeological sites of the Talas Valley]. Frunze: Ilim. P. 145–225. [in Russian].

Kuznetsova O.V., Nurjanov A.A., 2008. Izvestiya Natsional’noy akademii nauk Respubliki Kazakhstan. Seriya obshchestvennykh nauk [News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Social Sciences Series]. 1. P. 165–171. [in Russian].

Kuznetsova O.V., 2012. Predvaritel’noe issledovanie kollektsii keramiki s poseleniya Almaty (Almarasan). In: Almaty. Istoriya tysyacheletiya. vol. 3. P. 52–30. Almaty. [in Russian].

Kuznetsova O.V., Saveleva T.V., 2019. Goncharnoe remeslo v srednevekovom Talgare. Al’bom [Pottery craft in medieval Talgar. Album]. Almaty: IA KN MON RK Publ. 220 p. [in Russian]

Maksimova A.G., Mershev M.S., Vainberg B.I., Levina L.M., 1968. Drevnosti Chardary (Arheologicheskie issledovaniya v zone Chardarinskogo vodohranilishcha) [Antiquities of Chardara (Archaeological research in the Chardara reservoir area)]. Alma-Ata: Gylym. [in Russian].

Makhanbayeva N., Voyakina N., 2007. Izvestiya Natsional’noy akademii nauk Respubliki Kazakhstan. Seriya obshchestvennykh nauk [News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Social Sciences Series]. 1. P. 107–125. [in Russian].

Mukhtarova G.R., Zheleznyakov B.A., Tulegenov T.Zh., 2020. Srednevekovaya keramika poseleniya Rakhat. Kazakstan Arheologiyasy [Kazakhstan Archaeology]. 3(9). P. 92–102. [in Russian].

Nurzhanov A.A., Akymbek E.S., 2012. Arheologicheskie raskopki gorodishche Merkev polevom sezone 2007 goda [Archaeological excavations of the Merkev settlement during the 2007 field season]. Izvestiya Natsional’noy akademii nauk Respubliki Kazakhstan. 3. P. 94–107. [in Russian].

Popov P.V., 2017. Lepnaya keramika iz nizhnikh sloev gorodishcha Samosdelka v Astrakhanskoy oblasti [Molded ceramics from the lower layers of the Samosdelka settlement in the Astrakhan region]. Obshchestvo: filosofiya, istoriya, kultura. 2. P. 52–57. [in Russian].

Samashev Z., Kuznetsova O., Plakhov V., 2008. Sarayshyqtyn kysh buyimdary [Pottery of Saraishyk]. Almaty. 264 p. [in Kazakh].

Senigova T.N., 1972. Srednevekovyy Taraz [Medieval Taraz]. Alma-Ata: Nauka Publ. 217 p. [in Russian].

Tulegenov A.K., 2022. Ortagasyrlyk Kastek kalasynyn keramykasy [Ceramics from the medieval town of Kastek]. Kazakstan Arheologiyasy [Kazakhstan Archaeology]. 1(15). P. 70–81. [in Kazakh].



Toleubaev A.T., Zhumataev R.S., Shagirbaev M.S., Ergabilov A., 2017. Alakol oypatyndagy ortagasyrlyk kalalardyn keramika keshni (salystrmaly taldaу) [Ceramic complexes of medieval cities in the Alakol lowland (comparative analysis)]. In: Turkistan aymagyndagy arkheologiyalyk eskertkishterdin sabaktastygy [Continuity of Archaeological Sites of the Turkistan Region]. Turkistan: IP Seit. P. 145–154. [in Kazakh].

Shagirbaev M.S., 2013. Erte ortaghasyrlyk Asusay kalashygynyn kysh ydystary [Pottery from the early medieval town of Asusay]. Vestnik Kazakhskogo Natsional'nogo Universiteta. 4(71). P. 187–198. [in Kazakh].

**Авторлар туралы мәлімет:**

Ақымбек Ералы Шардарбекұлы, PhD, жетекші ғылыми қызметкер, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Достық даңғ., 44, Алматы, Қазақстан Республикасы.

Scopus ID: 56258902800

Нұрғали Несіпбай Бекболатұлы, докторант, кіші ғылыми қызметкер, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Достық даңғ., 44, Алматы, Қазақстан Республикасы.

Scopus ID: 58524536000

**Information about authors:**

Akymbek Yerally Shardarbekuly, PhD, Leading Researcher, Margulan Institute of Archaeology, 44 Dostyk Ave., Almaty, Republic of Kazakhstan.

Scopus ID: 58524536000

Nurgali Nesipbay Bekbolatuly, PhD Student, Junior Researcher, Margulan Institute of Archaeology, Al-Farabi Kazakh National University, 44 Dostyk Ave., Almaty, Republic of Kazakhstan.

Scopus ID: 58524536000

**Сведения об авторах:**

Ақымбек Ералы Шардарбекулы, PhD, ведущий научный сотрудник, Институт археологии им. А.Х. Маргулана, пр. Достык, 44, Алматы, Республика Казахстан.

Scopus ID: 58524536000

Нұрғали Несіпбай Бекболатұлы, докторант, младший научный сотрудник, Институт археологии им. А.Х. Маргулана, КазНУ им. аль-Фараби, пр. Достык, 44, Алматы, Республика Казахстан.

Scopus ID: 58524536000

**Авторлық үлес:**

Е.Ш. Ақымбек ортағасырлық керамикалық қазандарға қатысты материалдарды жинау және талдаумен қатар, зерттеудің жалпы тұжырымдамасы мен әдіснамасын әзірледі.

Н.Б. Нұрғали материалдарға талдау жасап, оларды интерпретациялауға қатысты, сондай-ақ қолжазбаны редакциялап, баспаға дайындады.

**Author contributions:**

E.Sh. Akymbek developed the overall research concept and methodology, and conducted the collection and analysis of materials related to medieval ceramic cauldrons.

N.B. Nurgali analyzed the materials, participated in their interpretation, and edited and prepared the manuscript for publication.

**Вклад авторов:**

Е.Ш. Ақымбек разработал общую концепцию и методологию исследования, сбор и анализ материалов, связанных со средневековыми керамическими котлами.

Н.Б. Нурғали сделал анализ материалов, участвовал в интерпретации материалов, редактировал и подготовил рукопись к публикации.



**Мүдделер қақтығысы.**

Мақалаға байланысты мүдде қақтығысы жоқ.

**Conflict of Interest.**

There is no conflict of interest related to this article.

**Конфликт интересов.**

Нет конфликта интересов, связанного со статьей.

## Орталық Азия түркі халықтарының дәстүрлі баспанасы – киіз үйдің тарихи-типологиялық және мәдени мәні

О. Атеп<sup>а</sup>, \*Г.О. Ибраева<sup>б</sup>

<sup>а</sup>Қастамону университеті, Қастамону, Түркия Республикасы

ORCID: 0000-0001-6416-7924

(E-mail: omerfarukates34@gmail.com)

<sup>б</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы

ORCID: 0009-0003-8399-8741

(E-mail: gulzhan.ibraeva.1984@mail.ru)

\*Байланыс үшін автор: gulzhan.ibraeva.1984@mail.ru

### ARTICLE INFO

#### **Кілт сөздер:**

түркі халықтары, көшпенділер мәдениеті, көшпелі және отырықшы тұрғын үй түрлері, дәстүрлі баспаналар; киіз үй, киіз үйдің пайда болу арналары мен себептері, киіз үйлердің тарихи формалары мен түрлері, киіз үй құрылымының ортақтығы, киіз үйлердің құрылымдық айырмашылықтары, құрылым семантикасы, баспананың мифологиялық мағынасы, түркі және моңғол халықтарының өзара байланыстары.

### АННОТАЦИЯ

Түркі халықтарының мәдениетін тарихи-этнографиялық тұрғыдан зерттеуде тұрғын үй ең маңызды нысандардың бірі болып табылады. Кез келген халықтың дәстүрлі баспанасын зерделеу оның қоғамдық құрылым жүйесін, шаруашылық қызметін, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуын танып білумен тығыз байланысты. Түркі халықтарының баспаналарын зерттеудің өзектілігі – олардың тарихи-хронологиялық даму жолдарын айқындау, сондай-ақ әртүрлі баспана түрлерінің ғасырлар бойы сақталып, қызмет етуіне ықпал еткен дүниетанымдық және этномәдени құндылықтарды анықтау қажеттілігімен негізделеді. Мақала авторлары қойылған ғылыми міндеттерді шешу барысында және көшпелі мәдениеттегі баспана түрлерін талдауда антикалық, ортағасырлық араб-парсы және қытай дереккөздерін пайдаланды. Зерттеу барысында түркі халықтарының мәдениетінде құрылымы әртүрлі көшпелі және отырықшы баспана түрлері болғаны анықталды. Олардың қатарына ағаш қабығымен жабылған шағын күркелер, Оңтүстік Сібірге тән көпбұрышты ағаш үйлер, Орталық Азиядағы киізбен жабылған киіз үйлер және адамзат баспанасының көптеген өтпелі (аралық) сипаттағы баспана түрлері жатады. Түркі халықтарының негізгі шаруашылығы маусымдық қонысауыстырумен тығыз байланыстағы мал шаруашылығы болғандықтан, ең қолайлы баспана түрі – көшпелі өмір салтына бейімделген киіз үй еді. Мақалада аталған дереккөздер негізінде киіз үйдің шығу тегі мен қалыптасу себептеріне қатысты әртүрлі ғылыми көзқарастар талданып, сақ/скиф, ғұн және көне түркі мәдениеттеріндегі ежелгі нұсқалары мен үлгілері ашып көрсетіледі. Сондай-ақ салыстырмалы-мәдени талдау аясында киіз үйдің құрылымдық

XFТАР 03.61.91.

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-4-40-65>

және аймақтық ерекшеліктері, Еуразия кеңістігіндегі түркі және моңғол халықтарының мәдениетінде атқарған функционалдық маңызы қарастырылады. Мақала авторлары киіз үйді тек көшпелі өмір салтына бейімделген, жылдам тігіліп-жиналатын қолайлы баспана ретінде ғана емес, сонымен қатар рухани дүниетаныммен, әлеуметтік құрылыммен және кеңістіктің символдық жүйесімен тығыз байланысқан этномәдени феномен ретінде қарастырады. Зерттеуде Орталық Азия мен жартылай көшпелі өмір салты сақталған Сібір түркілерінде таралған киіз үй нысандарының салыстырмалы жүйеленуі жүзеге асырылды. Зерттеу аясында киіз үй түрлерінің – киіз үйдің басты құрылымдық негіздері кереге, уық және шаңырақтың ортақ болуына қарамастан, уықтардың иілу деңгейі мен шаңырақ құрылымындағы айырмашылықтары мен жабын материалының түрлеріне байланысты ерекшеленетіні анықталды. Бұл өзгешеліктер түркі және моңғол халықтарының этномәдени және географиялық ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Мақалада тыва, хакас, алтай сынды Сібір халықтарының табиғи-климаттық жағдайларға сай киіз үйді бейімдеу және жетілдіру тәжірибесіне ерекше назар аударылған.

**Ö. Ateş<sup>a</sup>**

*<sup>a</sup>Kastamonu University, Kastamonu, Republic of Turkey*

ORCID: 0000-0001-6416-7924

(E-mail: [omerfarukates34@gmail.com](mailto:omerfarukates34@gmail.com))

**\*G.O. Ibrayeva<sup>b</sup>**

*<sup>b</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan*

ORCID: 0009-0003-8399-8741

(E-mail: [gulzhan.ibraeva.1984@mail.ru](mailto:gulzhan.ibraeva.1984@mail.ru))

*\*Corresponding author: [gulzhan.ibraeva.1984@mail.ru](mailto:gulzhan.ibraeva.1984@mail.ru)*

## **The historical, typological and cultural significance of the yurt – the traditional dwelling of the Turkic peoples of Central Asia**

Received 23 September 2025. Revised 22 October 2025. Accepted 23 November 2025. Available online 30 December 2025.



**Дәйексөз үшін:** О. Атеш, Г.О. Ибраева Орталық Азия түркі халықтарының дәстүрлі баспанасы – киіз үйдің тарихи-типологиялық және мәдени мәні // Turkic Studies Journal. 2025. Т. 7. № 4. 40-65 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-4-40-65>

**For citation:** Ö. Ateş, G.O. Ibrayeva The historical, typological and cultural significance of the yurt – the traditional dwelling of the Turkic peoples of Central Asia // Turkic Studies Journal. 2025. Т. 7. № 4. Р. 40-65. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-4-40-65>

**Abstract.** The dwelling is one of the most important objects of historical and ethnographic research on the culture of the Turkic peoples. The examination of traditional dwellings of any people depends on a several factors, including knowledge of their social structure, economic activities, and stages of socioeconomic and cultural development. The relevance of studying the dwellings of the Turkic peoples lies in the need to trace their historical and chronological evolution and to identify the ideological and ethnocultural constants that shaped the development and functioning of various types of dwellings among them over many centuries. To achieve these objectives and analyze dwelling forms in nomadic culture, the authors of this article draw on ancient, medieval Arab-Persian, and Chinese sources. The study reveals that both nomadic and sedentary dwellings of diverse designs coexisted within Turkic culture. These include huts covered with tree bark, South Siberian polygonal log structures, Central Asian yurts covered with felt, and various transitional forms of dwellings. The primary economic activity of the Turkic peoples was livestock breeding, associated with seasonal migrations, for which the yurt – a portable dwelling – proved to be the most practical and convenient. Based on the historical sources, this article examines different scholarly perspectives on the origins and development of the yurt, identifying its earliest forms among the Saka/Scythians and the Huns, the ancient ancestors of the Turks. The design, regional variations, and functional significance of the yurt within the cultures of the Turkic and Mongolian peoples of Eurasia are analyzed in a comparative cultural context. The authors define the yurt not only as a practical, easily erected dwelling adapted to the nomadic way of life but also as an ethnocultural phenomenon closely linked to spiritual beliefs, social organization, and symbolic space. The study provides a comparative systematization of yurt forms common in Central Asia and among the Siberian Turks, whose lifestyle was predominantly semi-nomadic. It is shown that, despite the shared structural components of the yurt – ‘kerege’, ‘uyk’, and ‘shanyrak’ – regional variants differ in the curvature of the ‘uyk’, the design of the ‘shanyrak’, and the materials used for covering, reflecting the ethnocultural and geographical diversity of the Turkic and Mongolian peoples. Particular attention is devoted to the adaptation and refinement of the yurt by Siberian peoples such as the Tuvans, Khakass, and Altaians, in accordance with their natural environments.

**Keywords:** Turkic peoples, nomadic culture, nomadic and sedentary types of dwellings, traditional dwellings; the yurt, the origins and causes of the emergence of the yurt, historical forms and types of yurts, the structural commonality of the yurt, structural differences of yurts, the semantics of the structure, the mythological significance of the dwelling, contacts between Turkic and Mongolian peoples.

**О.Атеш<sup>а</sup>**

*<sup>а</sup>Университет Кастамону, Кастамону, Республика Турция*

ORCID: 0000-0001-6416-7924

(E-mail: omerfarukates34@gmail.com)

**\*Г.О. Ибраева<sup>б</sup>**

*<sup>б</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,*

*Астана, Республика Казахстан*

ORCID: 0009-0003-8399-8741

(E-mail: gulzhan.ibraeva.1984@mail.ru)

*\*Автор для корреспонденции: gulzhan.ibraeva.1984@mail.ru*

### Историко-типологическое и культурное значение юрты – традиционного жилища тюркских народов Центральной Азии

**Аннотация.** Жилище является одним из важнейших объектов историко-этнографического исследования культуры тюркских народов. Изучение традиционного жилища любого народа зависит от ряда факторов, в частности, знаний его системы общественного устройства, хозяйственной деятельности, социально-экономического и культурного развития. Актуальность исследования жилищ тюркских народов определяется необходимостью проследить пути их историко-хронологического развития, определить мировоззренческие и этнокультурные константы, повлиявшие на функционирование тех или иных типов жилищ тюркских народов на протяжении многих столетий. Для решения поставленных задач и анализа типов жилищ в номадической культуре авторы статьи используют античные, средневековые арабо-персидские и китайские источники. В процессе исследования установлено, что в культуре тюркских народов сосуществовали как кочевые, так и оседлые типы жилищ различной конструкции. К ним относятся шалаши, покрытые древесной корой, южно-сибирские многоугольные срубы, среднеазиатские юрты, покрытые войлоком, а также множество других переходных конструкций жилища человека. Основной формой хозяйственной деятельности тюркских народов было разведение скотоводства, связанное с сезонными перекочевками, для которых наиболее удобным было переносное жилище – юрта. В статье на основе указанных источников анализируются различные научные точки зрения относительно истоков и причин возникновения юрты, раскрываются древнейшие ее формы и виды в культуре саков/скифов, гуннов, древних тюрков. Также в сравнительно-культурном контексте рассматриваются конструктивные и региональные особенности, функциональное значение юрты в культуре тюркских и монгольских народов Евразийского пространства. Авторы статьи определяют юрту не только как удобное, быстро возводимое жилище, приспособленное к образу жизни кочевой цивилизации, но и как этнокультурный феномен, тесно связанный с духовным мировоззрением, социальной структурой и символическим пространством. В процессе исследования осуществлена сравнительная систематизация форм юрты, распространенных в Центральной Азии и у сибирских тюрков (в регионе полукочевого образа жизни). Выявлено, что несмотря на общую базовую основу юрты, какими являются основные конструкции кереге, уык, шанырак, формы юрт отличаются степенью изгиба уыков, конструкцией шанырака и материалами покрытия, что обусловлено этнокультурными и географическими особенностями тюркских и монгольских народов. Особое внимание в статье уделено опыту адаптации и усовершенствования юрты у сибирских народов, таких, как тувинцы, хакасы и алтайцы, в соответствии с их природными условиями проживания.

**Ключевые слова:** тюркские народы, номадическая культура, кочевые и оседлые типы жилищ, традиционные жилища; юрта, истоки и причины возникновения юрты, исторические формы и виды юрт, общность конструкции юрты, конструктивные различия юрт, семантика конструкции, мифологическое значение жилища, контакты тюркских и монгольских народов.

## Кіріспе

Киіз үй – көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан түркі халықтарының дәстүрлі баспанасы. Көшпелі өмір салтының негізін мал шаруашылығы құрады әрі жиі көшіп-қонып жүруге ыңғайлы, әртүрлі ауа райына төзімді, табиғи материалдардан жасалатын, тез жиналып, жылдам тігілетін баспананы қажет етті. Бұл талаптардың барлығы киіз үйдің пайда болуы мен дамуына негіз болды. Ғасырлар бойына киіз үйді қазақ, қырғыз, қарақалпақ, башқұрт, түрікмен, тыва, хакас, алтай және тағы да басқа түркі халықтары қолданып келді.

Киіз үй кең-байтақ Еуразияның далалық, таулы аймақтарында, тау бөктерлерінде ғасырлар бойына сақталды және тарихи этникалық процестер мен мәдени өзара ықпалдастық нәтижесінде түрлі халықтар арасында құрылымдық тұрғыдан ортақ принциптерге негізделген түрде дамыды. Халықтардың ортақ мәдениеті, тұрмысы, дәстүрі этникалық жақындықты айқындап, киіз үйдің ұқсастықтарын қалыптастырды. Көшпелі өмір салтының ерекшеліктері жиналмалы ағаш құрылымды және киізбен жабылатын күмбез пішінді баспананың пайда болуын айқындады. Киіз үйдің көлемі, ішкі кеңістігінің ұйымдастырылуы, көркемдік безендірілуі мен материалдық құрылымы оның жарасымды тұтастығын танытты. Уақыт өте келе далалық ортаға бейімделген баспаналар қарапайым күрке түрінен құрылымы жетілген киіз үйге дейін эволюциялық дамудың бірнеше сатысынан өтті.

Зерттеу өзектілігі – тақырып аясында түркі халықтарының дәстүрлі мәдениеттегі баспанасы географиялық және климаттық жағдайларға ұтымды бейімделген құрылым ғана емес, сонымен қатар, түркі халықтарының дүниетанымдық ұстанымдарын, салт-дәстүрлерін, әлеуметтік кеңістікті жіктеу арқылы адамзаттың әлем құрылымы туралы түсінігін жаңғыртатын үлгі ретіндегі зерттелуі болып табылады.

Мақаланың географиялық шегі – Орталық Азия аймағын, хронологиялық шегі – қола дәуірінен бүгінгі күнге дейінгі аралықты қамтиды.

## Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақалаға зерттеу материалдары ретінде тарихи жазба деректер, археологиялық табылымдар, этнографиялық экспедициялар барысында жинақталған мәліметтер, халық ауыз әдебиеті үлгілері алынды. Тарихи жазба деректерде киіз үйдің көне дәуірлерден бастау алатын тарихы, көшпелілердің өмір салты мен тұрмыс-тіршілігі, күрделі құрылымды баспаналары туралы мәліметтер қамтылған. Археологиялық табылымдар киіз үйдің ежелгі түрлерін, құрылымдық элементтерінің даму үрдісін анықтауға мүмкіндік туғызады. Этнографиялық бақылау нәтижелері, экспедициялық материалдар әртүрлі аймақтағы киіз үйлердің құрылымдық ерекшеліктерін, нақты өлшемдері мен көлемін, сыртқы жабын материалдары туралы толықтай ақпаратты береді. Халық ауыз әдебиеті үлгілері көшпелі баспаналардың көне формалары жөнінде мағлұматты қамтиды.

Зерттеу барысында ғылыми кешенді тәсіл таңдалды. Киіз үйдің эволюциялық үдерісін, яғни қарапайым күркеден күрделі құрылымды, торлы негізді киіз үйге дейінгі шығу тегі мен дамуын талдау үшін ретроспективалық әдіс қолданылды. Киіз үйдің әртүрлі тарихи кезеңдердегі және аймақтардағы үлгілерінің ұқсастықтары

мен айырмашылықтары тұрғысынан салыстыра талдау үшін салыстырмалы-тарихи әдіс пайдаланылды. Киіз үйдің құрылымдық бөлшектерін және аймақтағы үлгілерін жүйелеу мақсатында құрылымдық-жүйелік тәсіл, киіз үйдің символдық, мифологиялық мәнін түсіндіріп, талдау жасау үшін герменевтикалық тәсіл басшылыққа алынды.

### Тақырыптың зерттелу деңгейі

Көшпелі баспана тақырыбы әр дәуірде ғалымдардың, әсіресе этнографтардың басты назарында болды. Зерттеушілерді киіз үйдің өзіндік құрылымы, сондай ақ түркі-моңғол халықтарының мәдени-тұрмыстық өміріндегі мәні қызықтырды.

Көшпелілер архитектурасына қатысты алғашқы деректер Геродот, Эл-Якуби, Земарх, Плано Карпини, Гильом Рубрук, Ибн Баттута, Ибн Фадлан, Бо-Цзуй еңбектерінде кездеседі. Бұл деректерде б.з.д. V ғасырдан бастап көшпелілердің күмбезді сәулет құрылыстарының сипаттамасы берілген.

Ресей империясының қазақ елін отарлау кезеңінде П.С. Паллас, И.Г. Георги, П.И. Рычков еңбектерінде қазақ халқының этнографиясына қатысты мәліметтер келтіріледі. Киіз үй тақырыбын алғаш зерттеген отандық ғалым – Шоқан Уәлиханов. Ғалым киіз үй тақырыбына арнайы зерттеу арнамаған, дегенмен, оның «Іле өңірінің географиялық очеркі» атты еңбегі қазақ халқының көшпелі баспаналарының көрінісін, құрылыс типтерін, басқа халықтың баспаналарымен айырмашылығын суреттейді. Көшпелі халықтардың баспаналарына қатысты іргелі зерттеу – 1893 жылы жарық көрген П.Маковецкийдің «Юрта (летнее жилище киргизов)» атты еңбегі. Бұл этнографиялық сипаттағы мақаласында автор киіз үйдің құрылымдық бөлшектеріне, өлшемдеріне, құрылу тәртібіне, шиді дайындау әдістеріне, киіз жабындарына тоқталады.

Кеңестік дәуірде бұл тақырып кеңінен зерттелді. 1926 жылы Б.А. Куфтиннің «Киргиз-казаки. Культура и быт» атты этнологиялық очеркі жарық көреді. Зерттеуші ғылыми әдебиеттерді, музей материалдарын және түркі-моңғол терминдерін саралап, қазақ және моңғол халықтарының киіз үйлерін салыстыра қарастырған. Ә.Марғұлан 1954 жылы Мәскеуде өткен антропология және этнография конгресіндегі баяндамасында көшпелі баспананы археологиялық және ортағасырлық дерек негізінде қарастырып, киіз үйдің ағаш қаңқасы мен киіз жабындарына назар аудартады.

1950-1970 жылдары Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының экспедициялары қазақ этнографиясын зерделеп, деректермен молайтты. Х.Арғынбаев, Е.Масанов, М.Мұқанов сынды ғалымдардың еңбектері қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы мен мәдениетін әр қырынан зерттеді. Х.Арғынбаевтың «Қазақ халқының қолөнері» (1987), «Қазақтың мал шаруашылығы жайындағы этнографиялық очерк» (1969) сияқты зерттеулері киіз үйге қатысты құнды мәліметпен толықтырылған. М.Мұқановтың «Казахская юрта» (1981) атты еңбегінде киіз үйдің шығу тегі мен жасалу технологиясы көрініс тапқан.

Көшпелілердің тұрғын үй тарихына қатысты іргелі зерттеулердің бірі – Н.Н. Харузиннің «История развития жилища у кочевых и полукочевых тюркских и монгольских народностей России» (1896) атты еңбегі. Аталған еңбекте ғалым түркі-моңғол халықтарының баспаналарын салыстырып, олардың шығу тегі мен типологиясын талдады. Киіз үйдің түркі және моңғол типтерін ажыратып, төбе күмбезінің формасына қарай моңғол үлгісін ежелгі деп тұжырымдады.



С.И. Вайнштейннің «История жилища степных кочевников Евразии» (1976) атты тарихи-этнографиялық еңбегінде автор антикалық, араб, қытай, батысеуропалық деректерді негізге ала отырып, киіз үй эволюциясын сақ дәуірі кезеңінен бастап сипаттап, қызықты кестелермен толықтырған. Г.П. Васильеваның «Юрта – переносное жилище народов Средней Азии и Казахстана (опыт сравнительной характеристики конструктивных особенностей)» (2000) атты еңбегі киіз үйдің құрылымдық ерекшеліктерін салыстырып талдауға бағытталған. Зерттеуші түркі үлгісіндегі киіз үйлерді төбе формасына байланысты жартышар тәрізді және конустық деп екіге бөлген. Сонымен бірге, аталған тақырып «Орта Азия және Қазақстан халықтары» (1962–1963) атты екі томдық жинағында, сондай-ақ «Сібір халықтарының тарихи-этнографиялық атласында» (1961) толықтай жүйеленген.

Киіз үйдің мифологиялық-ғұрыптық мәні Б.Ибраевтың «Космогонические представления наших предков» (1980) атты мақаласында талданса, оның символикалық семантикасы Н.Шаханованың «Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки)» (1998) еңбегінде зерделенген.

Жалпы алғанда киіз үйді материалдық аспектіде зерттеген іргелі еңбектер болғанымен, кейбір бағыттар, әсіресе Сібірлік түркілердің баспана үлгілері, сонымен қатар, аймақтар арасындағы құрылым бойынша салыстырмалы талдаулар, дүниетанымдық қырлары болашақтағы зерттеулердің маңызды бағыттары болып қала бермек. Осы орайда, аталмыш мақала киіз үйді тек тұрмыстық қырынан ғана емес, көшпелі халықтың мәдени коды мен символдық кеңістігі тұрғысынан бағалауда зерттеу объектісіне жаңаша назар аудартады.

### Талдау

Киіз үйдің шығуы және тарихи даму кезеңдері.

Ғылыми әдебиеттерде киіз үйдің пайда болу уақыты мен шығу тарихына қатысты әртүрлі бір-біріне қарама-қайшы пікірлер кездеседі, бірақ ғалымдардың барлығы оның көне дәуірлерден келе жатқандығы жөніндегі пікірді қолдайды. Этнография мен археология ғылымдарының болжамдарына сүйенсек, киіз үй кейінгі қола дәуірінде (б.з.д. XII – IX ғғ.) пайда болған деп жорамалданады. Көшпелі халықтың жылжымалы баспаналарының көне заманнан бастау алатыны туралы белгілі ғалым Ә.Марғұлан былай деп жазады: «Жеңіл әрі жиналмалы тұрғын үйлердің түпнұсқалары қола дәуірінің аяғында (б.з.д. X – VIII ғғ.) қарасұқ кезеңінде пайда болған, ол кезде жайлаулық мал шаруашылығы мен маусымдық қозғалыстарға байланысты киіз үй сияқты баспанаға қажеттілік туындады. Бастапқыда ол шатыр тәрізді күмбезі бар, дөңгелек немесе көпбұрышты бөрене тәрізді құрылымдардан дамуы мүмкін» (Марғұлан және т.б., 1959: 48).

Киіз үйдің шығу тарихына қатысты Қазан төңкерісіне дейін және одан кейінгі кезеңдерде жазылған еңбектердің арасында этнограф-ғалым Н.Н. Харузиннің еңбегі маңызды саналады. Н.Н. Харузин сол дәуірдегі қолда бар әдебиеттерді пайдалана отырып, әртүрлі халықтардың баспаналарын алғаш рет өз бақылаулары негізінде салыстырмалы талдау жасап зерттеген. Зерттеулерінде ғалым түркі және моңғол тілдес халықтардың киіз үйлерінің біртіндеп даму тарихын саралап, өз тұжырымын ұсынады. Н.Н. Харузиннің пікірінше, киіз үй орманды алқаптарда конус тәрізді күркеден (чумнан) далалы аймақтағы керегелі киіз үйге және дөңгелекті арба үстіндегі баспаналарға дейін дамудың бірнеше сатысынан өткен (Харузин, 2007: 9).

Белгілі қазақ этнографы М.С. Мұқанов «Казахская юрта» атты еңбегінде киіз үйдің шығуы мен пішінінің қалыптасып, дамуына көшпелі баспаналардың жетілген үлгілері әсер еткенін баяндайды. Адамзаттың ежелгі мұрасы болып саналатын «чум» мен «шалаш» сияқты баспаналар киіз үйдің құрылымына әсер етіп, чумын алынбалы жабыны мен уықтары киіз үй күмбезін қалыптастыруда үлкен роль атқарған деп жазады (Мұқанов, 1981: 200). Ө.Жәнібековтың «Жолайрықта» атты еңбегінде жылжымалы баспананың қостан киіз үйге дейінгі арадағы даму тарихы көрсетіледі. Аталған еңбекте автор аңшылар пайдаланған қос тәрізді баспананың күрке, абылайша түрінде бірте-бірте жетілгенін атап өтеді. Қоста шаңырақтың пайда болуы бұл баспана түрін түбегейлі өзгеріске ұшыратқан. Автордың пікірі бойынша, жүздеген жылдардан кейін, қостың қабырғасының қазіргі киіз үйдікі тәрізді оңай жиналып, құрастырылып торкөз керегелерден, оларға тартылып байланатын құрылымға күмбез тәрізді пішін беретін уықтардан, шаңырақтан және т.б. бөлшектерден тұратын қалыпқа келуі қазақ киіз үйін өте мұқият ойластырылған құрылыс түріне қосқан (Жәнібеков, 1995: 19).


Киіз үйдің шығуы мен даму тарихына байланысты тағы бір маңызды еңбек – Ресей этнографы С.И. Вайнштейнге тиесілі. С.И. Вайнштейн зерттеулері киіз үйдің қалыптасу тарихын түсінуге мүмкіндік тудырады. Н.Н. Харузиннің көзқарасынан басқаша түрде, С.И. Вайнштейн киіз үйдің алғашқы үлгісі ретінде икемді тал шыбықтарынан тоқылған, ортасында биік, мойын-мұржасы бар күмбез тәрізді «ғұн үлгісіндегі» шалашты санайды. Ал киіз үйдің пайда болуы мен кең таралуы б.з. I мыңжылдығының ортасында көне түріктер ойлап тапқандығы жөнінде болжам айтады (Вайнштейн, 1976: 43, 47, 57).

М. Растовцев, А.М. Хазанов, Л.Г. Нечаева, Б.Н. Граков, П.Н. Шульц, Е. Кузьмина, В.А. Левшиц сияқты ғалымдардың бір тобы киіз үйдің түпнұсқасы – «скифтік шатырлар» деп санайды.

Киіз үйдің көне дәуірден бастау алғанын айғақтайтын дереккөздердің арасында Геродоттың «Тарих» атты еңбегі ерекше назар аудартады. Еңбекте Геродот скиф әлеміндегі көне тайпалардың өмірін суреттеп, олардың тұрмыс-тіршілігі туралы мәліметтер береді. Геродоттың деректері скифтердің баспаналарының нақты құрылымын толық сипаттамаса да, киізбен жабылған конус үлгісіндегі тұрғын үйлердің нұсқалары туралы ақпарат береді (Геродот, 1972: 193, 205).

Киізбен қапталған көшпелі тұрғын үйлердің тағы бір түрі туралы деректер антикалық дәрігер Гиппократтың «Ауа, су және мекендер туралы» атты еңбегінде ұшырасады. Гиппократ скифтерді тұрақты баспаналары жоқ, көшпелілер ретінде сипаттай отырып, оларды арба үстіне орналастырылған күймелерде өмір сүреді деп жазады (Гиппократ, 1936: 297). Осы жазбалар скифтердің бірнеше қабат киізбен жабылған шатырларды ғана пайдаланбағанын, сонымен бірге күрделі құрылымды, көшпелі арба үстіне орнатылған үйлерді де қолданғанын көрсетеді (1-2-сур.). Бұл баспаналардың нақты архитектуралық сипаттамасы болмағанымен, құрылымдық ерекшеліктері бойынша өткен ғасырдағы ноғайлар мен түрікмендердің киіз үйлеріне ұқсас болған деп жорамалдауға негіз болады.

Киіз үй тәрізді баспананың көне кезеңнен бастау алатындығын археологиялық олжалар да растай түседі. Скиф кезеңімен мерзімделетін Пазырық қорғандарына (б.з.д. VI-III ғғ.) жүргізілген археологиялық зерттеулер нәтижесінде жоғарыда аталған төрт дөңгелегі бар жеңіл күйме мен киіз үй қаңқасының қалдықтары табылған. Бұл киіз үйдің қаңқасы далалық көшпелілердің жетілдірілген баспанасының формасын көрсетіп, құрылымы тұрғысында қазіргі қазақ халқының киіз үйімен ұқсастығын байқатады (Руденко, 1953: 78).



1-сур. Күйме. Жаңғыртпа.


(Жәнібеков Ө. Жолайрықта. Алматы. 1995. 25 б.).

Fig. 1. Covered wagon. Reconstruction.

(Zhanibekov O. *At the Crossroads*. Almaty.1995. p. 25.)

Рис. 1. Крытая повозка. Реконструкция.

(Джанибеков О. На распутье. Алматы. 1995. с. 25).



2-сур. Үйлі арба. Жаңғыртпа.

(Жәнібеков Ө. Жолайрықта. Алматы. 1995. 24 б.).

Fig. 2. Wagon-dwelling. Reconstruction.

(Zhanibekov O. *At the Crossroads*. Almaty.1995. p. 24.)

Рис. 2. Дом на повозке. Реконструкция.


(Джанибеков О. На распутье. Алматы. 1995. с. 24).

Археологиялық олжаларда ерте темір дәуірімен кезеңделетін қыштан жасалған ойыншық тәрізді киіз үйлердің бейнелері кездеседі. Осы үлгілерге қарағанда, Еуразия даласының, атап айтқанда, Оңтүстік Сібір мен Орталық Азияның ерте көшпелілері арасында б.з.д. I мыңжылдықтың екінші жартысында бағаналы конус тәрізді күркелермен бірге доға пішінде иілген сырықтардан жасалған «жартышар тәрізді күркелер» кеңінен

таралған. Киіз үйдің шығу тарихын айқындау мәселесінде С.И. Вайнштейннің Тыва Республикасында 1954 жылы скиф дәуіріне жататын Қазылған мәдениеті қорымдарын (б.з.д. V-III ғғ.) қазу кезінде тапқан жартышар пішіндес осындай баспананың суреті маңызды саналады (Вайнштейн, 1991: 49).

Б.з.д. I мыңжылдықтың аяғында Орталық Азия даласында ғұн ортасында арбамен тасымалдауға болатын, ажыратылып-құрастырылмайтын күмбез тәрізді тағы бір баспана түрі кең тарай бастады. Бұл баспанаға С.И. Вайнштейн болашақ киіз үйдің түпнұсқасы ретінде «ғұн үлгісіндегі күрке» деген атау берді (Вайнштейн, 1976: 45). С.И. Вайнштейн өз зерттеулерінде б.з.д. II ғасырда ғұндар арасында тұтқында болған, қытай ақын әйелі Цай Вэнь-цзидің өз тұрмысын сипаттап жазған өлеңдерінде осы күмбез тәріздес, өрілген қабырғалары бар күрке (цюнлю) туралы мәліметтер кездесетінін дерек ретінде келтіреді.

«Ғұн үлгісіндегі» осындай баспаналардың бейнелері Минусинск ойпатындағы әйгілі Бояр петроглифтерінде (б.з.д. VII-III ғғ.) кездеседі. Бұл ескерткішті алғаш рет А.В. Адрианов зерттеген, ал кейіннен 1960–1970 жж. М.А. Дэвлет қайта қарастырып, сюжеттік классификациясын жасаған. Жартас суреттерінде әртүрлі пішіндегі үйлер, тұрмыстық бұйымдар, жануарлар мен адамдардың бейнелері салынған (3-сурет). Үлкен Бояр жазбасында бөренеден тұрғызылған үйлер мен киіз үй тәрізді баспаналар негізгі орынды алады. Дэвлеттің пайымдауынша, бөренелі үйлер тағар дәуірі тұрғын үйлері жайында маңызды деректі қамтиды, ал киіз үй типтес баспаналар хакас халқының қайың қабығымен жабылған дәстүрлі үйлеріне ұқсайды (Дэвлет, 1976: 6–10).



3-сур. Кіші Бояр жазбасы фрагменті.

(Вайнштейн С.И. Проблемы истории жилища степных кочевников Евразии. // Советская этнография. 1976. № 4. 46 б.).

Fig. 3. Fragment of the “Little Boyar Pisanica”.

(Vainshtein, S.I. Problems in the History of Dwellings of the Eurasian Steppe Nomads.

Soviet Ethnography. 1976. No. 4. p. 46)

Рис. 3. Фрагмент Малой Боярской надписи.

(Вайнштейн С.И. Проблемы истории жилища степных кочевников Евразии. //

Советская этнография. 1976. № 4. с 46).

Қытай деректерінде Еуразия көшпелілерінің баспанасы «цюнлю» деген атаумен кездеседі. Зерттеушілер бұл ұғымды «күмбезді баспана» ретінде түсіндіріп, киіз үймен байланыстырады. Бань Гу деректерінде цюнлюдің үйсіндер арасында кең таралғандығы жөнінде айтылады. Б.з.д. II ғасырда Хань императорының үйсін гуньмосына ұзатқан Сицзюнь атты ханшайымы өзінің өлеңдерінде қабырғалары киізбен қапталған осындай баспанада өмір сүріп жатқанын жазған. Ал «Синь таншу» жылнамасында цюнлю түркілерге тән баспана ретінде сипатталады. Бір шайқаста жеңіліс тапқан Түркі қағаны Цзелидің Тан империясына жеткізілген кезде арнайы үйде емес, дәл осындай цюнлюда тұрғаны жөнінде дерек бар (Крюков, Курылев, 2000: 10–12).

Киіз үйді ойлап табу зерттеушілердің пікірінше, ежелгі түркілер ортасында б.з.V ғасыры деп есептеледі. Осындай баспаналарды С.И. Вайнштейн ғұндардың қарапайым баспаналарымен салыстыра келе, «көне түркілік үлгідегі» киіз үй деп атауды ұсынады. Көне түркілік үлгідегі киіз үй атауы ортағасырдағы түркі және араб деректерінде көрініс тапқан. Ортағасырлық жазба деректердің, әсіресе, араб саяхатшысы Ибн Фадланның Еділ бұлғарларына сапары жазбаларында мынандай деректер кездеседі: «..Мен бір үйдің ішіндегі үйге жайғастым. Бұл түркілердің киізден жасалған үйі еді» (Ковалевский, 1956: 124).

Түркі үлгісіндегі киіз үй одан әрі оғыз, қимақ-қыпшақ кезеңдерінде де, пішіні өзгермеген күйде одан әрі жетілген. Құрастырмалы керегелі киіз үй XIII ғасырдың басында моңғолдарға белгілі болған және олар бұл үлгіні түркілерден алуы мүмкін деп болжанады. Бұл баспаналар күмбезінің жоғарғы жағына байланысты «Құпия шежіреде» «үшкір төбелі киіз үй» деп аталған (Юсупов, 2010: 17).

XV–XVI ғғ. көшпелілердің тұрғын үйлері туралы мәліметті парсы авторы Фазлалах Рузбихан Исфакхани қалдырған: «Олардың (қазақтардың) ағаштан жасалынған үйлері сарайлар тәрізді. Кеңдігі бойынша бүкіл әлеммен бірдей. Қабырғалары өте мықты, құрылымы өте сапалы келеді. Үйдің үсті әртүрлі және ерекше әшекейлеген киізбен жабылады. Бұл үйлерде сұлтандар және атақты қазақтар тұрады. Бұл үйлер өте әдемі, әрқайсысына 20 адам оңай сияды. Үйлер түйелерге жегілген арбаға орналасады. Үйлердің теріден жасалған терезелері бар» (Рузбихан Исфакхани, 1976: 58).

Жоғарыдағы келтірген деректерден байқағанымыздай, киіз үйдің қалыптасуы мен дамуы көшпелі қоғамның шаруашылық, табиғи және мәдени жағдайларына тікелей байланысты болды. Ерте дәуірлерден бастау алған бұл құрылымдық шешімдер уақыт өте жетіліп, кеңістікті ұйымдастыру мен әлеуметтік қатынастардың көрінісіне айналды. Киіз үйдің эволюциясы – Еуразия көшпелілерінің өмір салты мен дүниетанымын бейнелейтін, табиғат пен адам арасындағы тепе-теңдікті паш ететін ерекше мәдени-тарихи құбылыс болып табылды.

**Киіз үйдің құрылымдық ерекшеліктері және аймақтық үлгілері.**

Киіз үй ғасырлар бойы көшпелі халықтардың негізгі баспанасы болып, құрылымдық тұрғыдан елеулі өзгеріске ұшырамаған. Бұл оның көшпелі өмір салтына толық бейімделуімен, қолайлылығымен және практикалық тиімділігімен байланысты болды. Зерттеуші С.И. Вайнштейннің пікірінше, киіз үй ауыр көліксіз таулы жердегі жайылымдарға оңай жеткізіліп, тез құрастырылатын болған, ал оның бөлшектері жеңіл әрі тасымалдауға ыңғайлылығымен ерекшеленген. Киіз үйді жасау арнайы шеберлікті қажет еткен, оны жасау кез келген адамның қолынан келмеген. Киіз үйдің құрылымы ғасырлар бойы жетілдірілген ерекше инженерлік жүйе болып табылды. Дегенмен, әр аймақтың табиғи ортасы, шаруашылық түрі мен этномәдени дәстүрі киіз үйдің пішініне, көлеміне және ішкі кеңістікті ұйымдастыру тәсіліне өзіндік ерекшелік енгізген. Ендігі кезекте түркі халықтарының киіз үйінің құрылымы, әртүрлі аймақтарда кездесетін үлгілері мен олардың этнографиялық ерекшеліктеріне тоқталсақ.

Киіз үйдің негізгі құрылымы оның сүйегінен, киіз жабуынан, үзігі, әртүрлі бау-басқұрлары және іші-сыртынан ұстайтын шиінен тұрады (4-сурет).



4-сур. Киіз үйдің құрылымдық бөліктері.  
(Қазақстан Архитектурасы. 8 том. 2012. 35 б.).

*Fig. 4. Structural components of the yurt.*  
Architecture of Kazakhstan. vol. 8. 2012. p. 35).

*Рис. 4. Конструктивные элементы юрты.*  
(Архитектура Казахстана. Том 8. 2012. с.35).



Ғалымдар киіз үйдің моңғол және түркі типтерін бөліп қарастырады. Бұл екі типтегі киіз үйлердің айырмашылығы – біріншісінің төбесі конус формасында, ал екіншісі күмбез тәрізді жасалуында. Бұл құрылымдардың ерекшелігі – күмбезді қалыптастыратын уыққа байланысты болған (5-сурет). Түркі типіндегі киіз үйдің уығы иіліп жасалып, киіз үй күмбезінің салмағы керегелері арқылы жерге беріледі. Уықтардың иілуіне байланысты түркі киіз үйінің төбесі күмбез тәрізді, ішкі кеңістігінде тіреулер болмайды. Моңғол киіз үйінің уықтары тік болып келуіне байланысты негізгі ауыртпалық киіз үйдің ортаңғы бөлігіне түседі, сондықтан орталық бөлікке бақан орнатылып, шаңырақты сүйемелдейді. Моңғол киіз үйі бақандардың болу себебінен құруға жеңілдірек, бірақ тасымалдауға ауырлығымен ерекшеленді. Түркі типіндегі киіз үйлерді қазақ, қырғыз, түрікмен халықтары қолданса, ал моңғол типіндегі киіз үйлерді қалған көшпелі халықтар – моңғол, бурят, хакас, алтай, тывалықтар пайдаланған. Түркі және моңғол үлгісіндегі киіз үйлердің құрылымдық айырмашылықтары көбіне олардың географиялық орналасу ерекшелігіне байланысты болды.



5-сур. Түркі (а) және моңғол (б) үлгісіндегі киіз үйлер. С.И. Руденко. 1906.  
(Ежелгі дәуірден XIX ғасырдың 60-ж. дейінгі Башқұртстан тарихы. 1996. 156 б.).

Fig. 5. Yurts of Turkic (a) and Mongolian (b) types. S. I. Rudenko. 1906.

(History of Bashkortostan from Ancient Times to the 1860s, 1996. p. 156).

Рис. 5. Юрты тюркского (а) и монгольского (б) типа. С.И. Руденко. 1906.

(История Башкортостана с древнейших времен до 60-х годов XIX в. 1996. с 156).

Түркі халықтарында киіз үй әр халықта өзіндік атауға ие болған: қазақ халқында «киіз үй», қырғызда «боз үй», қарақалпақтарда «боз үй», өзбекте «үй», Сұрхандария өзбектері «отау», башқұртта «тирмә», түрікменде «гара ой», Сырдың төменгі ағысын мекендейтін қазақтарда «қара үй», хакаста «агас иб», алтайлықтарда «айыл» немесе «кереге айыл», тывалықтарда «кидис өг» және т.б.

Қазақ халқының киіз үйі түркі халықтарының дәстүрлі үлгідегі баспаналарынан кеңдігімен және сәнді салтанатымен ерекшеленді. Құрылымы бойынша қырғыз, қара-

қалпақ және Орталық Азиядағы басқа да көшпелі халықтардың киіз үйіне ұқсас болып келгенімен, ұлттық ерекшеліктері жекелеген бөлшектерінен аңғарылды. Киіз үйдің құрылысы және сыртқы келбеті қазақ даласының әр аймағында әртүрлі болды. Бұл айырмашылықтар күмбездің формасына, шаңырақтың көлеміне, уықтардың иілу деңгейіне, сәндеп безендірілуіне байланысты қалыптасты. Мәселен, Ұлы жүз қоныстанған оңтүстік аймақта киіз үйлердің күмбезі биік, шаңырағы шағын, уықтары тік болып келді. Ал солтүстік және далалы өңірлерде күмбезі жайпақ, шаңырағы үлкен түрлері жиі ұшырасты. Киіз үй құрылымындағы осындай өзгешеліктер сол өңірдің табиғи-климаттық жағдайларға бейімделу нәтижесі еді (Народы Средней Азии и Казахстана, 1963: 401).

Ә. Марғұлан «Казахская юрта и ее убранство» атты еңбегінде қазақ халқының киіз үйлерін қызметіне қарай негізгі үш түрге бөлді: тұрғын үй ретіндегі киіз үйлер, мерекелік жағдайларға арналған салтанатты киіз үйлер (ақсүйектер мен қонақ күтуге арналған түрлері де жатады) және жорықтық киіз үйлер. Бұл негізгі түрлерден басқа тамақ дайындайтын киіз үйлер мен қойма қызметін атқаратын киіз үйлер де болды (Марғұлан, 1997: 48). Қазақ даласында көркем безендірілуі мен ішкі жабдығы жағынан ерекше түрлері «ақ үй», «ақ орда», «отау үй» деп аталған салтанатты киіз үйлер ерекше көзге түсті.


Белгілі сәулет өнері шебері, зерттеуші С. Назарбекұлы өзінің «Қазақтың киіз үйі» атты еңбегінде қазақ халқының дәстүрлі баспанасын пайдалану мақсатына, тігілу әдісіне, түсіне және безендірілуіне қарай бірнеше түрге жіктейді. Зерттеуші бұл атаулардың барлығы қазақ халқының санасында біртұтас «киіз үй» ұғымы аясында қабылданғанымен, олардың әрқайсысының астарында әлеуметтік мәртебе мен мәдени мән жатқанын атап көрсетеді. Киіз үйдің атауы көбіне оның иесінің қоғамдағы беделі, дәулеті мен әлеуметтік дәрежесін бейнелеген (Назарбекұлы, 2005: 32).

Қырғыз киіз үйі құрылымы жағынан Орталық Азияның көшпелі және жартылай көшпелі халықтарының және моңғол халқының баспаналарымен ұқсастығы байқалды. Этномәдени байланыстарға орай, қазақ халқының киіз үйімен ерекше сәйкестігі білінеді. Қырғыз халқының дәстүрлі баспанасын зерттеуші Б.Алымбаеваның еңбектерінде күмбезінің формасына байланысты екі түрі болғанын көреміз. Елдің солтүстік аймағында (Талас аңғарынан басқа) киіз үй шаңырағы конус тәрізді болып келсе, оңтүстігіндегі Талас және Чаткал жазығында уықтардың төменгі жағының иіліп келуіне байланысты күмбезі жайпақ, жартышар тәрізді формалары кездесті. Қырғыз киіз үйлері сонымен қатар ішкі, сыртқы безендірілуіне байланысты да ерекшеленген (Алымбаева, 2000: 93).

Қырғыз халқының дәстүрлі баспанасы киіз үйдің көне түрлері эпикалық шығармаларда көрініс тапқан. Манастану институтының зерттеушісі (Қырғызстан, Бішкек қ.) Г.Аалиеваның еңбектерінде «Манас» жырында бейнеленген киіз үй үлгілері талданады. Автордың зерттеулеріне сәйкес, жырда «алачык», «кош», «чатыр» сияқты баспана түрлері кездеседі. Киізбен немесе жібекпен жабындалған конус пішінді шатырлар туралы мәліметтер беріліп, Манастың қырық нөкерінің жібекпен көмкерілген шатырлары туралы да айтылады. Сондай-ақ эпоста салтанатты баспана түрлері «ақ орда», «ақ сарай», «ақ өргөө» сипатталады. Бұл баспаналар сән-салтанатымен ерекшеленіп, ұзатылатын қызға жасау ретінде сыйланған (Аалиева, 2017: 79). Қарапайым қырғыз



отбасыларының төрт немесе алты қанатты киіз үйі «боз үй» деп аталған. Қырғыз киіз үйінің «боз үй» деп аталуы зерттеуші А. Наурзбаеваның «Қазақ (киіз үй) және қырғыз (боз үй) киіз үйі – этномәдени семиозис аспектісінде» атты зерттеуінде қарастырылады. Автор мұны табиғи материалы мен түс символикасымен байланыстырады. «Боз» түсі қой жүнінің табиғи реңін бейнелеп, табиғатпен үйлесім мен рухани тұрақтылықты көрсетеді. Автор осы атауды қырғыз халқының табиғи ортаға бейімделуін және мифтік-ритуалдық дүниетанымын танытатын этнографиялық ерекшелік ретінде сипаттайды (Наурзбаева, 2023: 66–81).



6-сур. Қырғыз шаруасының киіз үйі. 1970 – ж.ж.

(Кочевое жилище народов Средней Азии и Казахстана. 2000. 105 б.).

Fig. 6. Kyrgyz peasant's yurt. 1970s.

(Nomadic Dwellings of the Peoples of Central Asia and Kazakhstan, 2000. p. 105).

Рис. 6. Юрта киргизского крестьянина. 1970-е гг.

(Кочевое жилище народов Средней Азии и Казахстана. 2000. с.105).

Қарақалпақ халқының киіз үйі құрылымдық және көркемдік жағынан өзіндік бірегей ерекшеліктерге ие болды. Қарақалпақ халқы басқа түркі халықтары тәрізді көшпелі мал шаруашылығымен айналыспаса да, су көздерінің ынғайына байланысты егістік жерлерін жиі ауыстырып отыруға мәжбүр болып, сол себепті жартылай көшпелі өмір салтын ұстанған. Қарақалпақ халқының киіз үйі қазақ халқының киіз үйіне ұқсас болғанымен, өзіндік ерекшеліктері де болды. Бұл жөнінде 1873 жылы Амударияның төменгі бөлігінде жүргізілген экспедиция нәтижесінде орыс офицері А.В. Каульбарстың қарақалпақ киіз үйін сипаттаған еңбегінде: «Қарақалпақтардың киіз үйін қазақ киіз үйінен алыстан ажыратуға болады. Қарақалпақ киіз үйінде уықтардың ұшы ғана

иіледі, сол себепті үй төбесі конус тәрізді формаға ие болады. Ал қазақ киіз үйінде уықтар доға тәрізді иіліп, күмбез пішінді жартышарға ұқсас» -деп жазды. Қарақалпақ киіз үйінің қазақ, қырғыз киіз үйлерінен тағы бір айырмашылығы – киіз үй төбесінің ғана киізбен жабылуы, ал бүйір қабырғалары қамыстан жасалған шимен жабылады. Қарақалпақ ауқатты отбасыларында әдетте екі киіз үй тігілген, біріншісі – балалар мен қарттарға арналған «қара үй», екіншісі – қонақтарға арналған «отау үй» (Этнография каракалпаков, 1980: 29).

Киіз үйді басты кәсібі мал шаруашылығы болған топтармен қоса, егіншілікпен айналысқан жартылай көшпелі және отырықшы халықтар да кең пайдаланды. Отырықшы, егіншілікпен айналысқан халықтар киіз үйді маусымдық, жазғы баспана ретінде үй жанына тігіп отырған. XIX ғасырдың басындағы зерттеушлердің бірі – Г.С. Карелин Хасан Кули аймағындағы түрікмендерді аралап, йомут киіз үйінің сыртқы келбетін сол кездегі өзіне жақын таныс қазақтар мен моңғолдардың киіз үйімен салыстыра отырып, сипаттаған: «Киіз үйдің төбесі қазақ халқы мен моңғол халқында бірдей болып келеді, айырмашылығы мынада: қазақтардың киіз үйінің төбесі жартышар тәрізді болса, моңғолдарда конус пішінді, ал түрікмендердікі сәл жалпақтау, қалпаққа ұқсас» (Васильева, 2000: 107). Түрікмен халқында өткен ғасырда малшылар қауымы мен тұрмысы төмендеу отбасылар арасында керегелі ағаш құрылымы жоқ, көлемі шағындау, уықтарының ұшы жерге бекітілген жеңіл киіз үйлер – «ороча» мен «гүтдікме» кең пайдаланылған (Народы Средней Азии и Казахстана, 1963: 65).



7-сур. Түрікмен халқының дәстүрлі киіз үйі. 1970 – жж.

(Кочевое жилище народов Средней Азии и Казахстана. 2000. 120 б).

Fig. 7. Traditional yurt of the Turkmen people. 1970s.

(Nomadic Dwellings of the Peoples of Central Asia and Kazakhstan. 2000. p. 120).

Рис. 7. Традиционная юрта туркменского народа. 1970-е гг.

(Кочевое жилище народов Средней Азии и Казахстана. 2000. с.120).

Тыва халқының дәстүрлі киіз үйі «өг» немесе «кидис өг» атауымен белгілі. С.И. Вайнштейн өз зерттеулерінде шығыс тывалықтар үшін баспананың бұл түрі белгісіз болса, батыс тывалықтар арасында кеңінен таралғанын атап көрсеткен.

Тыва киіз үйі құрылымдық тұрғыдан моңғол және алтай киіз үйлеріне ұқсас екендігін В.В. Радлов және Е.К. Яковлев сынды ғалымдар өз зерттеулерінде сипаттаған. Тыва киіз үйі туралы алғашқы мәліметтер ХІХ ғасырдың ортасынан бастап кездеседі. Белгілі түркітанушы В.В. Радловтың еңбектерінде тывалықтардың тілі, фольклоры, өмір салты туралы мол ғылыми мағлұматтар бар. Ол жазбаларында тывалықтардың алтай халқы сияқты киіз үйлерде тұратынын, ішкі жабдықталуы жағынан да өте ұқсас екенін, аз ғана айырмасы, тывалықтарда қабырға бойына қойылатын теріден жасалған қаптардың орнына сандықтардың жиналатынын атап өткен. Тыва киіз үйінің іші кілемдермен безендірілсе, алтайлықтар арасында мұндайды байқамағанын жазады. Тыва киіз үйі туралы толық ақпарат зерттеуші Е.К. Яковлевтің еңбектерінде берілген. Ол тыва халқының моңғол типіндегі киіз үйін егжей-тегжей сипаттай отырып, басқа да ағаш бұтақтарынан жасалынған балаган – «чадыр», киізбен немесе самырсын қабығымен қапталған дөңгелек пішінді «алачых» туралы мәліметтер келтіреді (Вайнштейн, 1991: 14).

Тыва киіз үйлерінің түрлеріне тоқталсақ, этнограф С.И. Вайнштейн 1952 жылы Тыва аймағында бұрын ғылыми айналымда тіркелмеген екі нұсқасын анықтаған. Бірінші нұсқада жарық пен түтін шығаруға арналған шеңбер болмаған және жоғарғы бөлігінің өзіндік құрылымымен ерекшеленген. Бұл үй «делегей өг» деп аталған. Екінші нұсқада диаметрі 30-40 см болатын шаңырағы бар, доға тәрізді қиылысып келетін ағаш планкаларсыз жасалған үлгісі. Бұл үлгідегі шаңырақта 10-15 уыққа арналған тесіктер болған. Дегенмен, құрылымдық жағынан кереге мен киіз жабындары кәдімгі киіз үйден ерекшеленбеген (сонда, 29).

Сібір өңірін мекендеген түркі халықтары табиғи-климаттық ортаға барынша икемделген, функционалды әрі инженерлік тұрғыда жетілген баспана үлгілерін қалыптастырған. Тыва шеберлері киіз үйдің құрылымын тек тұрмыстық қажеттілік үшін емес, маусымдық бейімделу мүмкіндігін ескере отырып жасаған. Шаңырақтағы (хараача) арнайы ойықтар мен уықтардың (улун) бұрыштық жүйесі киіз үйдің пішінін өзгертуге жағдай жасаған. Мәселен, қыста уық бұрышы кішірейіп (шамамен 25°), күмбез төмендетілгендіктен жылу сақталып, ішкі кеңістік ықшамдалған, жазда бұрыш ұлғайып (45°-қа дейін), үй биіктеніп, ауа айналымы жақсарған және жауын-шашын тез ағуға мүмкіндік болған. Бұл тәжірибе Сібір халықтарының табиғатпен үйлесімде өмір сүріп, қоршаған ортаны терең түсінгенін дәлелдейді. Тыва шеберлерінің бұл дәстүрі зерттеуші В. О. Ооржактың «Тыва киіз үйінің қаңқасын жасау кезіндегі дәстүрлі дәл есептеу әдістері» атты еңбегінде кеңінен сипатталған (Ооржак, 2020: 68–71).

Хакас халқының дәстүрлі баспанасы киіз үйдің ерекшелігі – жазда қайың қабығымен жабылып, қыста қабықтың үстінен қалың киізбен жабылған. Киіз үй иесінің материалдық жағдайына байланысты жылудың сақталуы мен жабын қабаттары өзгеріп отырған. Хакас тілінде зерттеуші А.Абдинаның мәліметтерінше, киіз үйдің төрт түрлі атауы кездеседі: «киис иб» – киіз үй, «тос иб» – қайың қабығынан жасалған үй, «тірмеліг иб» – керегелі үй, «қараашлығ иб» – шаңырағы бар үй (Абдина, 2019: 166). Хакас халқының қайың қабығы мен киізден жасалған жылжымалы баспаналарының жекелеген бөлшектерінің

атаулары, қайың қабығының өңделу әдістері неміс ғалымы Г.Ф.Миллердің еңбектерінде кездеседі. Ол бұл баспаналарды сыртқы пішіні мен құрылыс тәсілі бойынша қалмақтар, моңғолдар, буряттардың, сонымен бірге хакастардың бельтир, сағай, койбал, красная татарларының тұрғын үйлеріне ұқсас келеді деп сипаттайды. 1770 жылы Хакас Минусинск ойпатына саяхаттаған неміс ғалымы П.С. Палластың еңбектерінде де качин татарларының қысқы киізден жасалған үйлері туралы мәліметтер беріліп, құрылымы бойынша қырғыз, қалмақ үйлерімен ұқсастығы жайында айтылған (Ултургашева, Чебодаева, 2021: 277). Хакас халық ауыз әдебиеті мен фольклорында, эпикалық шығармаларында дәстүрлі киіз үйлер туралы мәліметтер кездеседі. «Алтын Арыг», «Алын чус», «Ай Мирген», «Ах Чібек Арыг» сияқты эпостарда киіз үй «ах иб», «ах пайзан иб», «ах өрге иб» атауларымен аталады.

В.В. Радлов «Из Сибири» атты күнделік жазбасында алтай халқының негізгі баспанасы киіз үйлер деп атап, сонымен бірге ағаш қабығымен, бөренеден жасалған үйлердің де жиі ұшырасатынын жазады (Радлов, 1989: 139). Аталған еңбекте автор киіз үйдің екі түрін көрсетеді. Алғашқысы ұзын сырықтармен жасалған, «чум» тәрізді, шошақ пішінді киіз үйлер. Осындай үйлерде 10 немесе 14 шақты сырықтың бас жағы біріктіріліп, буылып, байланады. Одан соң, киізбен жабылып, қапталады. Бұл киіз үйлер тасымалдауға қиын, іші тар, қараңғы болған, сол себепті алтайлықтар көшкен кезде үйдің сырықтарын жұртта қалдырып, жаңа жерден басқасын әзірлеген. Орманды Алтай өлкесінде мұндай үйлерді кедей отбасылар пайдаланған. Екінші түрі жайпақ төбелі, тік қаңқалы киіз үйлер. Бұл киіз үйлерді тұрақты, қаңқасы бұзылмайтын және керегелі үйлер деп екіге бөлген. Тұрақты, қаңқасы бұзылмайтын үйлерді көшкенде ескі орында қалдырып отырған. Торлы киіз үйлер көлемімен, жарық түсетін шаңырағымен, тез құрастырылып, тез жиналуымен ерекшеленеді деп жазған. Киіз үйдің құрылымдық және аймақтық үлгілерінің қалыптасуы көшпелі өркениеттердің табиғи, тұрмыстық және эстетикалық тәжірибесін айқын бейнелейді. Түркі және моңғол типтерінің эволюциясы табиғи орта мен өмір салтына бейімделудің нәтижесі болып, әр аймақта өзіндік этнографиялық ерекшеліктер жүйесін қалыптастырды. Осы тұрғыдан алғанда, киіз үй – тек баспана ғана емес, әр халықтың кеңістік мәдениеті мен дәстүрлі дүниетанымының материалдық көрінісі болып табылды. Киіз үй XX ғасырдың ортасына қарай көшпелі өмір салты азайған кезде, біртіндеп пайдаланудан шыға бастады. Дегенмен, ол бүгінгі күнге дейін мерекелер мен мәдени шараларда ұлттық мұра ретінде қолданылады.

Киіз үйдің мәдени-функционалдық мағынасы.

Көшпелі түркі халқының бар өмірі киіз үймен байланысты болып, киіз үй халықтың материалдық мәдениетінің көрінісі ғана емес, сондай-ақ дүниетанымын да бейнелеген.

Көшпелілердің ежелгі түсінігінде кеңістік тік және көлбеу жазық ретінде қарастырылған. Киіз үйдің жоғарыдан төменге дейінгі аралығы тік кеңістік саналып ол үш әлемге (жоғары, ортаңғы, төменгі) бөлінеді. Ал көлбеу кеңістікке киіз үй кеңістігінің функционалдық аймақтары кірген. Киіз үйдің тік кеңістігін жіктеп қарастырудағы алғашқы элементтің бірі – шаңырақ саналып, ол жоғары деңгейді білдірген. Түркі халықтары түсінігінде шаңырақ аспан күмбезімен сәйкестендірілген. Қазақ халқындағы бақсылардың шаңырақ арқылы аспанға көтеріліп, рухтары-көмекшілерімен кездесуі Сібір халқында кездесетін шамандардың жоғарғы әлемге сапарымен ұштастырылады (Толлеубаев, 1991: 158).

Шаңырақ – түркі халықтарының дүниетанымында қастерлі, киелі ұғым. Шаңырақ жоғары мен төменгі, сондай-ақ сыртқы мен ішкі кеңістік арасындағы шекара болып есептелген. Шаңырақ арқылы үй ішіндегі адамдар күн, ай, жұлдыз сияқты қасиетті аспан шырақтарымен байланыс орнатқан. Күннің бейнесін тұспалдайтын шаңырақтың төрткүл күлдіреуіші мен оны ашып-жауып тұратын түндіктің төрт бауы төрт тарапты (шығыс, оңтүстік, батыс, солтүстік) білдірген. Түндік таңертең ерте ашылып, үйге күннің сәулесін түсіріп, нұрын төккен.

Қазақ халқында шаңырақ – ұрпақ жалғастығының, отбасы мәңгілігінің символы болып саналды. Сондықтан да оны ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп қалдыруға тырысқан. Ал егер шаңырақ иелері ұрпақсыз дүние салса, киіз үйдің шаңырағы қабір басына қойылған. Бұл – сол әулеттің, яғни ұрпақ жалғасының тоқтағанын білдіретін белгі болған. Ал түрікмен халқында ескірген жарамсыз киіз үй бөліктерін лақтырып тастауға немесе өртеуге рұқсат етілмеген. Ағаш қалдықтарын мал қорасын жасауға пайдаланылған немесе қасиетті жерге апарылып, сол жерге қалдырылған (Оразов, Чарыев, 2000: 155).

Киіз үйдің шаңырағын көтеру ең қадірменді, батагөй қарттарға ғана рұқсат етілген, ал киіз үйді жыққанда шаңырақты «жолымыз болады» деген түсінікпен көшетін жаққа қарай қисайтып түсірген. Қырғыз халқының ұғымында шаңырақты (түндүк) көтеру үшін үй иесі ауыл ішінен жасы үлкен, сыйлы, ең бастысы, көп балалы адамды таңдайтын болған. Бұл дәстүр үй иесіне және оның отбасы мүшелеріне амандық, ұзақ өмір және береке тілеумен байланысты болған. Шаңырақ көтерілген соң, қадірлі қарияға ақ көйлек кигізіп, беліне ақ белбеу бұған. Киіз үй тұрғызу кезінде қырғыздар әдетте ағаш бөлігінің немесе жабынның бір-екі элементін аяқтамай қалдырған. Жабынды үй иесінің туыстарының әйелдері дайындап, оны киіз үй тіккен кезде орындалатын барлық салт-жораларды атқарып болғаннан кейін ғана аяқтаған. Мұндай шара «көз тиюден» сақтау үшін жасалған, өйткені жаңа үйге жаман күштер кері ықпал етуі мүмкін деп сенген.

Киіз үйдің жоғарғы бөлігі, әсіресе шаңырақтың киелілігі сібірлік түркілердің дүниетанымында да кездеседі. Жануарлардың (қой мен ит) киіз үйдің төбесіне секіріп шығуы дүниенің қалыптасқан тәртібінің бұзылуын көрсететін, жағымсыз жайт ретінде бағаланған. Мұндай кезде жануарларды дереу құрбандыққа шалып, олардың дене мүшелерін үш әлемнің (жоғары, ортаңғы, төменгі) символдарына сай етіп бөліп, таратқан, одан соң, жыл мезгіліне қарамастан үй иесі қоныс аударған (Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. Пространство и время. Вещный мир, 1988: 63).

Киіз үй құрылымының тағы да бір маңызды, қасиетті бөлігі – есігі. Есік киіз үйге кіріп шығуға, ит-құстың енуінен сақтайтын арнайы бөлшегі. Есіктің пайда болуы баспананың дамуымен тығыз байланысты болып, ұзақ уақыт түрлі эволюциялық сатылардан өткен. Кейбір түркі халықтары киіз үй құруды есікті орнатудан бастаса, мәселен, қазақ, түрікмен қарақалпақ, қырғыз, ал өзбек халқы киіз үйдің негізгі сүйегі (кереге) жайылған соң орнатқан. Есіктің құрылымдық бөлігі – мандайшасы да қасиетті саналған, ол жоғарғы әлеммен байланыстырылған.

Есіктің қасиеттілігі туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық Музейінде 2025 жылдың 25 ақпанында Қазақстан Республикасының белгілі мөрлі шебері Медина Орынбасарқызының киіз үйді тігу бойынша өткізген шеберлік сағатында белгілі руханият жанашыры, музей ісінің үздігі Тамара Жұмалиева «Сөз бен Саз» бағдарламасына берген сұхбатында келесіні баяндайды: «Қазақ халқы есікті сықырлауық деп атаған.

Сықырлауықтың қасиеті – әжелеріміздің айтуы бойынша, бала дүниеге келгенде біреуінің кіндігі есіктің табалдырығының астына көмілсе, екіншісін далаға лақтырып жіберетін болған, бұл несібесін даладан тапсын деген сеніммен байланысты болған. Сонымен бірге, алысқа жорыққа аттанып кетіп бара жатқан батыр маңдайшаға басын қойып, сүйетін болған. Бұл жорықтан аман-есен оралып, қайтадан маңдайымды осы жерге тіреуге жазсын деген түсінікпен байланысты болған. Қазақта басында тәжі бар хан да, дулығасы бар батыр да, сәукелесі бар қалыңдықта маңдайшадан еңкейіп кірген. Киіз үй құрылымындағы әрбір бөлшек адамды адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелеген» (Орынбасарқызы, 2025: URL).

Түркі халқында есікке қатысты діни наным-сенімдер көп таралған. Мәселен қарақалпақ халқында киіз үйдің сүйегін жасаған шебер ешқашан киіз үйдің есігін жасамаған. Егер екеуін де жасайтын болса, қайтыс болуы мүмкін деген сенім болған. Сонымен бірге киіз үйдің есігі орналасатын жерге (босаға) арнайы мал сойылып, жан садағасы беріліп, тілек тіленген. Тағы да бір наным бойынша, егер адам үйге кірерде есіктің босағасына шалынып құласа, жақсы ырым саналған, оны үйге кіргізіп, май және тәттілер ұсынған. Босағаның қасиетті саналуы Сібірдің түркі халықтарында да кездеседі. Хакас-сағайлықтар балаға босағаға отыруға рұқсат етпеген, мұндай жағдайда бала баяу өседі деп ырымдаған. Бұл тыйым қазақ халқының да түсінігінде бар ұғым.

Киіз үйдің ішкі мазмұнына қатысты «үйдің төрі» деп есікке қарама-қарсы жақ саналған. Төр құт пен рухтың мекені саналған. Төрге жасы үлкен қария мен қыз бала ғана отырған. Қыз баладан басқа әйел жынысы (әже, тәте, келіншек) төрге шығуға рұқсат етілмеген. Қыз бала жат жұртқа келін болып түскен соң төрге шығу құқынан айрылған. Көне түріктер өз мемлекетін «төр» деп атаған, қыз бала өз жұртын «төркін» дегені осы ұғымдардан бастау алуы мүмкін деп болжанады. Әйел адамдар есіктен төрге тура қарап отырмаған, себебі төрде кие бар деп есептелген (Тойшанұлы, 2016: 221).

Киіз үйдің ішкі кеңістігі оң және сол жақ деп бөлінген. Оң жақ ер адамдардың символы болып саналған, босаға жанына ер-тұрман, ат абзелдері, бүркіт, киім-кешек т.б. нәрселер қойылған. Жаңа келген келін табалдырықты оң аяқпен аттап, үй іші оны оң жақ босағада қарсы алған. Қайтыс болған адамды да оң жаққа қондырып, оң жақтан арулап, бақиға аттандырған. Киіз үйдің сол жағы әйелдердің мекені деп саналған. Сол жақта ас үй заттары орналасқандықтан, үйдің сол жақ бұрышын «ырыс-құт» мекені деп атаған. Киіз үйдің ортасы от орны саналып, ол жерге ошақ қойылған. Бұл сол үйдің тіршілік тынысының символы болып есептелген. Ошақ күннің жердегі бейнесі саналған. Ошақ тұрған жер әлемнің кіндігі және оның қасиеттілігі шаңырақпен бірдей болған.

### Нәтижелер

Жүргізілген зерттеу барысында киіз үйдің шығу тегі мен оның құрылымдық ерекшеліктерінің қалыптасу мәселесі көшпелі халықтың баспана тарихындағы маңызды әрі қызықты тақырып екенін байқадық. Тақырыпты жан-жақты талдап, саралау нәтижесінде ғалымдардың арасында киіз үйдің пайда болуына қатысты бірізді пікір жоқ екенін тұжырымдадық. Этнограф-ғалым Н.Н. Харузин киіз үйді «чумның» өзгеріске ұшыраған нұсқасы ретінде қарастырса, С.И. Вайнштейн киіз үйдің түпнұсқасын б.з.д. I мыңжылдықта көне түркілік үлгіге негізделіп қалыптасқанын айтады. Автордың

болжамы бойынша, көне түркілік киіз үй одан ертедегі жылжымалы баспана – ғұндардың жартышар тәрізді шалашымен тығыз байланысты. Ал бірқатар зерттеушілер киіз үйдің пайда болуын скифтік шатырлардан табады. Қазақ зерттеушілерінің пайымдауынша, киіз үйдің пайда болуы мен дамуына әртүрлі үлгідегі көшпелі баспаналар әсер еткен. Біздің ойымызша, зерттеу нәтижесі көрсеткендей, киіз үй қарапайым баспана түрлерінің дамып, ұзақ та күрделі үрдісінен өткен ерекше құрылым.

Зерттеу нәтижелерінен киіз үйдің құрылысында торлы кереге, иілген немесе тік уықтар, орталық шаңырақ бөлшегі маңызды элементтер екенін байқадық. Түркі және моңғол типтеріндегі айырмашылықтар, аймақтық ерекшеліктер және киіз үйдің сыртқы жабдықталуы тұрмыстық жағдайлар мен географиялық орналасуға байланысты екенін айқындадық. Әр халықта киіз үй атаулары әртүрлі аталғанына қарамастан, тарихи дамуы арқылы енген болмашы айырмашылықты қоспағанда, олардың құрылымы мен киіз жабынынан түркі халқына тән ортақтық пен бірегейлікті байқадық. Орталық Азия халқы қолданған ағаш қаңқа мен жекелеген бөліктері мен киіз жабыны өте ұқсас, кейде өзгешелік сезілмейді. Сібірлік түркілер арасында киіз үйдің ағаш қаңқасының айтарлықтай айырмасы болмағанымен, географиялық орналасуына сай табиғи жағдайларға бейімделгіш құрылымы мен сыртқы жабын үшін киізбен бірге ағаш қабығы пайдаланылғанын анықтадық. Сонымен бірге киіз үй көшпелілердің материалдық мәдениетінің элементі ғана емес, барлық дүниетанымының айнасы екені пайымдалды.

### Қорытынды

Қорыта айтқанда, киіз үй түркі халықтарының материалдық және рухани мәдениетінің біртұтас символы, олардың өмір сүру салты мен дүниетанымының көрінісі болып табылады. Киіз үй көшпелі өркениеттің табиғатпен үйлесімді өмір сүру қағидаттарын, әлеуметтік қатынастардағы тепе-теңдікті бейнелейді. Киіз үйдің құрылымдық ерекшеліктері мен эстетикалық шешімдері түркі халқының қоршаған ортамен үндесе өмір сүруін айқындайды.

Бүгінде киіз үй тек этнографиялық мұра емес, сонымен бірге түркі халықтарының ортақ мәдени кодымен тарихи сабақтастығын паш ететін құндылық. ЮНЕСКО шеңберінде киіз үймен соған байланысты дәстүрлі қолөнер түрлерін адамзаттың материалдық емес мәдени мұра тізіміне енгізу – бұл мұраның халықаралық деңгейде мойындалуының дәлелі. Бұл түркі елдері арасындағы мәдени ынтымақтастықты күшейтіп, ұлттық мұраны сақтау мен дәріптеу ісіне жаңа серпін береді деп ойлаймыз.

### Әдебиет

Алымбаева Б., 2000. Юрта киргизов в прошлом и настоящем. Кочевое жилище народов Средней Азии и Казахстана. Отв.ред. Г.П. Васильева. Москва: Наука. 206 с.

Аалиева Г.К., 2017. Этикет жилища кыргызов. Наука, техника, образование. №1. (31). С. 79–82.

Абдина Р.П., 2019. Наименования жилищ и зональных мест традиционной юрты в хакасском языке. Филологические науки. Вопросы теории и практики. (Т. 12). Выпуск 10. С. 166–167.

- Вайнштейн С.И., 1976. Проблемы истории жилища степных кочевников Евразии. Советская этнография. № 4. С. 42–62.
- Вайнштейн С.И., 1991. Мир кочевников центра Азии. Москва: Наука. 296 с.
- Васильева Г.П., 2000. Типы переносного жилища туркмен. Кочевое жилище народов Средней Азии и Казахстана. Отв.ред. Г.П. Васильева. Москва: Наука. 206 с.
- Геродот, 1972. История в девяти книгах. Ленинград: Наука. 599 с.
- Гиппократ, 1936. Избранные книги. Пер. с греч. В.И. Руднева; ред., вступ. ст. и примеч. В.П. Карпова. Москва: Государственное издательство биологической и медицинской литературы. 736 с.
- Жәнібеков Ө., 1995. Жолайрықта. Алматы: Рауан. 110 б.
- Дэвлет М.А., 1976. Большая Боярская писаница. Москва: Наука. 36 с.
- Крюков М.В., Курылев В.П., 2000. К ранней истории юрты (по китайским источникам III в. до н.э. XIII в. н.э). Кочевое жилище народов Средней Азии и Казахстана. Москва: Наука. 206 с.
- Ковалевский А.П., 1956. Книга Ахмеда Фадлана о его путешествии на Волгу в 921-922 гг. Харьков. 345 с.
- Маргулан А.Х., 1959. Архитектура древнего периода. Маргулан А., Басенов Т., Мендикулов М. Архитектура Казахстана. Алма-Ата. 170 с.
- Маргулан А.Х., 1997. Мир казаха. Институт развития Казахстана. Международный фонд им. Алькея Маргулана. Алматы. 57 с.
- Муканов М.С., 1981. Казахская юрта. Алма-Ата: Кайнар. 224 с.
- Народы Средней Азии и Казахстана, 1963. (Народы мира. Этнографический очерк). Академия наук СССР. (Том 2). 779 с.
- Назарбекұлы С., 2005. Қазақтың киіз үйі. Астана: Елорда. 96 б.
- Наурзбаева А., 2023. Казахская (киіз үй) и кыргызская (боз үй) юрты в аспекте этнокультурного семиозиса. Central Asian Journal of Art Studies, Т. 8. № 1. С. 66–81.
- Ооржак В., 2020. Тувинские традиционные методы точных расчетов при изготовлении каркаса юрт. Новые исследования Тувы. № 4. С. 64–77.
- Оразов А., Чарыев Д., 2000. Некоторые верования и обряды туркмен, связанные с юртой (XIX – начало XX в.). Кочевое жилище народов Средней Азии и Казахстана. М.: Наука. 206 с.
- Орынбасарқызы М., 2025. Киіз үй тігу. (Сөз бен саз бағдарламасы, 135). ҚР Ұлттық музейі (Электронды ресурс). URL: <https://youtu.be/dm-RAm29WOw?si=d7oEu-kC7FdhphQD> (Қаралған уақыты: 5.11.2025).
- Руденко С.И., 1953. Культура населения горного Алтая в скифское время. Москва-Ленинград. 402 с.
- Радлов В.В., 1989. Из Сибири. Страницы дневника. Москва: Наука. 740 с.
- Рузбихан Исфакхани, Фазлаллах ибн, 1976. Михман-наме-йи Бухара (Записки бухарского гостя). Пер. с перс., вступ. статья и примеч. Р. П. Джалиловой. Москва: Наука. 350 с.
- Толеубаев А.Т., 1991. Реликты доисламских верований и семейной обрядности казахов (XIX – начало XX в.). Алма-Ата: Гылым. 240 с.
- Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. Пространство и время. Вещный мир, 1988. Новосибирск: Наука. 225 с.



Тойшанұлы А., 2016. Түрік-моңғол мифологиясы. Монография. Өскемен: Шығыс Ақпарат. 298 б.

Ултургашева Н.Д., Чебодаева М.П., 2021. Истоки и развитие традиционного жилища хакасов войлочной юрты по материалам ученых и путешественников (XVII – XX вв.). Миссия конфессий. (Т. 10). № 3. С. 273–282.

Харузин Н.Н., 2007. История развития жилища тюркских и монгольских народов. 2-ое изд. доп. Астана: Алтын кітап. 183 с.

Юсупов Р.М., 2010. Башкирская юрта: происхождение и основные этапы развития. Юсупов Р.М., Султангареева Р.А., Шитова С.Н. Башкирская юрта. Уфа. 70 с.

Этнография каракалпаков, 1980. XIX начал о XIX века. (Материалы и исследования). Ташкент: «Фан» Узбекской ССР. 203 с.

### Reference

Alymbaeva B., 2000. Yurta kirgizov v proshlom i nastoyaschem [Kyrgyz yurt in the past and present]. Kochevoe jilische narodov Srednei Azii i Kazakhstana [Nomadic dwelling of the peoples of Central Asia and Kazakhstan]. G.P. Vasil'eva (ed.). Moscow: Nauka. 206 p. [in Russian].

Aaliyeva G.K., 2017. Etiket jilisha kyrgyzov [Kyrgyz dwelling etiquette]. Nauka, tehnika, obrazovanie [Science, technology, education]. №1 (31). P. 79–82. [in Russian].

Abdina R.P., 2019. Naimenovaniya jilisch i zonal'nyh mest tradicionnoi yurty v hakasskom yazyke [Names of dwellings and zonal places of the traditional yurt in the Khakass language]. Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki [Philological sciences. Theoretical and practical issues]. Vol. 12. Issue 10. P. 166–167. [in Russian].

Weinstein S.I., 1976. Problemy istorii jilisha stepnyh kochevnikov Evrazii [Problems of the history of dwellings of the steppe nomads of Eurasia]. Sovetskaya etnografiya [Soviet Ethnography]. № 4. P. 42–62. [in Russian].

Weinstein S.I., 1991. Mir kochevnikov centra Azii [The World of nomads of Central Asia]. Moscow: Nauka. 296 p. [in Russian].

Vasil'eva G.P. 2000. Tipy perenosnogo zhilishcha turkmen. [Types of Portable Dwellings of the Turkmens]. Kochevoe jilische narodov Srednei Azii i Kazakhstana [Nomadic dwelling of the peoples of Central Asia and Kazakhstan]. G.P. Vasil'eva (ed.). Moscow: Nauka. 206 p. [in Russian].

Gerodot, 1972. Istoriya v devyati knigah [History in Nine Books]. Leningrad: Nauka. 599 p. [in Russian].

Gippokrat, 1936. Izbrannye knigi [Selected books]. Translation by V.I. Rudnev; ed., introduction and notes by V.P. Karpov. Moscow: State Publishing House of Biological and Medical Literature. 736 p. [in Russian].

Zhanibekov O, 1995. Jolairyqta [In the crossroads]. Almaty: Rauan. 110 p. [in Kazakh].

Devlet M.A., 1976. Bol'shaya Boyarskaya pisanica [The Large Boyar inscription]. Moscow: Nauka. 36 p. [in Russian].

Kryukov M.V., Kurylev V.P., 2000. K rannei istorii yurty (po kitaiskim istochnikam III v. do n.e. XIII v. n.e) [On the early history of the yurt (according to Chinese sources of the 3rd c. BC – 13th c. AD)]. Kochevoe jilische narodov Srednei Azii i Kazakhstana [Nomadic dwelling of the peoples of Central Asia and Kazakhstan]. Moscow: Nauka. 206 p. [in Russian].

Kovalevskii A.P., 1956. *Kniga Ahmeda Fadlana o ego puteshestvii na Volgu v 921-922 gg.* [Book of Ahmed Fadlan about his journey to the Volga in 921-922]. Kharkov. 345 p. [in Russian].

Margulan A.Kh., 1959. *Arhitektura drevnego perioda* [Architecture of the ancient period]. Margulan A., Basenov T., Mendikulov M. *Arhitektura Kazakhstana* [Architecture of Kazakhstan]. Almaty 170 p. [in Russian].

Margulan A.Kh., 1997. *Mir kazaha*. Institut razvitiya Kazakhstana [World of Kazakh. Institute of Development of Kazakhstan]. A. Margulan International Foundation. Almaty. 57 p. [in Russian].

Mukanov M.S., 1981. *Kazahskaya yurta* [Kazakh yurt]. Almaty: Kainar. 224 p. [in Russian].

Narody Srednei Azii i Kazakhstana, 1963. [Peoples of Central Asia and Kazakhstan]. *Narody mira. Etnograficheskii ocherk* [Peoples of the World. Ethnographic essay. Academy of Sciences of the USSR. Vol. 2. 779 p. [in Russian].

Nazarbekuly S., 2005. *Qazaqtyń kiiz úi* [The Yurt of the Kazakh People]. Astana: “Elorda”. 96 p. [in Kazakh].

Naurzbaeva A., 2023. *Kazakhskaiia (kiiz úi) i kyrgyzskaiia (boz úi) yurta v aspekte etnokul'turnogo semiozisa* [The Kazakh (kiiz ui) and Kyrgyz (boz ui) Yurt in the Aspect of Ethnocultural Semiosis]. *Central Asian Journal of Art Studies*. Vol. 8, No. 1. P. 66–81. [in Russian].

Oorzhak V., 2020. *Tuvinskie traditsionnye metody tochnykh raschetov pri izgotovlenii karkasa iurt* [Tuvan Traditional Methods of Precise Calculations in the Construction of Yurt Frames]. *Novye issledovaniia Tuvy* [New Research of Tuva]. № 4. p 64–77. [in Russian].

Orazov A., Charyev D., 2000. *Nekotorye verovaniia i obriady turkmen, sviazannye s yurtoi (XIX – nachalo XX v.)* [Some Beliefs and Rituals of the Turkmen Associated with the Yurt (19th – Early 20th century)]. *Kochevoe jilische narodov Srednei Azii i Kazakhstana* [Nomadic dwelling of the peoples of Central Asia and Kazakhstan]. G.P. Vasil'eva (ed.). Moscow: Nauka. 206 p. [in Russian].

Orynbasarqyzy M. 2025. *Kiiz úi tigu* [Erecting a Yurt]. “Soz ben Saz” Program, Episode 135. National Museum of the Republic of Kazakhstan (Electronic resource) URL: <https://youtu.be/dm-RAm29WOw?si=d7oEu-kC7FdhpQD> (Accessed: November 5, 2025). [in Kazakh].

Rudenko S.I., 1953. *Kul'tura naseleniya gornogo Altaya v skifskoe vremya* [The culture of the population of the Altai Mountains in the Scythian period]. Moscow-Leningrad. 402 p. [in Russian].

Radlov V.V., 1989. *Iz Sibiri. Stranicy dnevnika* [From Siberia. Diary Pages]. Moscow: Nauka. 740 p. [in Russian].

Ruzbihan Isfahani, Fazlallah ibn, 1976. *Mihman-name-ii Buhara* (Zapiski buharskogo gostya) [Mikhman-name-i Bukhara (Notes of a Bukhara guest)]. Translation, intro. article and notes by R.P. Jalilova. Moscow: Nauka. 350 p. [in Russian].

Toleubayev A.T., 1991. *Relikty doislamskikh verovanií i semeinoi obryadnosti kazahov (XIX – nachalo XX v.)* [Relics of pre-Islamic beliefs and family rituals of the Kazakhs (the 19th – early 20th cc.)]. Almaty: Gylym. 240 p. [in Russian].

Tradicionnoe mirovozzrenie tyurkov Yujnoi Sibiri. *Prostranstvo i vremya* [Traditional worldview of the Turks of Southern Siberia. Space and Time]. *Veschnyi mir*. 1988. [Eternal world]. Novosibirsk: Nauka. 225 p. [in Russian].

Toishanuly A., 2016. Turik-mongol mifologiyasy [Turkic-Mongol mythology]. Monografiya. Oskemen: Shygys Aqqarat. 298 p. [in Kazakh].

Ulturgasheva N.D., Chebodaeva M.P., 2021. Istoki i razvitie tradicionnogo jilisha hakasov voilochnoi yurty po materialam uchenyh i puteshestvennikov (XVII -XX vv.) [The origins and development of the traditional Khakass dwelling, the felt yurt, based on materials from scientists and travelers (the 18th -20th cc.)]. Missiya konfessii [Mission of the confession]. Vol. 10. № 3. P. 273–282. [in Russian].

Kharuzin N.N., 2007. Istoriya razvitiya jilisha tyurkskih i mongol'skih narodov [The history of the development of housing of the Turkic and Mongolian peoples]. Issue 2. Astana: Altyn kitap. 183 p. [in Russian].

Yusupov R.M., 2010. Bashkirsкая yurta: proishozhdenie i osnovnye etapy razvitiya [Bashkir yurt: origin and main stages of development]. Yusupov R.M., Sultangareeva R.A., Shitova S.N. Bashkirsкая yurta [Bashkir yurt]. Ufa. 70 p. [in Russian].

Etnografiya karakalpakov. XIX nachalo XIX veka [Ethnography of the Karakalpaks. The 19th - early 20th cc.], 1980. Materialy i issledovaniya [Materials and research]. Tashkent: Fan of Uzbek SSR. 203 p. [in Russian].

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

Өмер Фарұқ Атеш, PhD, доцент, қазіргі түркі диалектілері мен әдебиеті кафедрасы, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Кастамону университеті, Кузейкент шағын ауданы, Генерал Атила Атеш паша көш., 371506, Кастамону, Түркия Республикасы.

Scopus ID: 50123456789

Ибраева Гүлжан Орынбаевна, PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ.Сәтбаев көш., 2, Астана, Қазақстан Республикасы.

#### **Information about authors:**

Ömer Faruk Ateş, PhD, Associate Professor, Department of Modern Turkish Dialects and Literature, Faculty of Humanities and Social Sciences, Kastamonu University, Kuzezykent district, General Atilla Ateş Pasha Str., 37150, Kastamonu, Republic of Turkey.

Scopus ID: 50123456789

Ibrayeva Gulzhan Orynbaevna, PhD Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 K. Satpayev Str., Astana, Republic of Kazakhstan.

#### **Сведения об авторах:**

Омер Фарух Атеш, PhD, доцент, кафедра современных тюркских диалектов и литературы, факультет гуманитарных и социальных наук, Университет Кастамону, микрорайон Кузейкент, улица Генерала Атилы Аташ Паши, 37150, Кастамону, Республика Турция.

Scopus ID: 50123456789

Ибраева Гүлжан Орынбаевна, PhD докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатбаева, 2, Астана, Республика Казахстан.

**Авторлар үлесі:**

О. Атеш түркі баспаналарының тарихына қатысты зерттеудің жалпы тұжырымдамасын, мақсаты мен әдіснамасын әзірледі және материалға талдау жасады.

Г. Ибраева түркі киіз үйлерінің ішкі құрылымын танытатын эмпирикалық материалды өңдеп, талдады және түсіндірді.

**Вклад авторов:**

О. Атеш разработал общую концепцию, цель и методологию исследования, связанного с историей тюркских жилищ; сделал анализ материала.

Г. Ибраева сделала обработку, анализ и интерпретацию эмпирического материала, раскрывающие внутреннюю составляющую тюркских юрт.

**Authors' Contributions:**

O. Ateş developed the general concept, purpose and methodology of the research related to the history of Turkic dwellings; conducted an analysis of the material.

G. Ibraeva processed, analyzed, and interpreted empirical material that revealed the internal components of Turkic yurts.



**Мүдделер қақтығысы:**

Мақалаға байланысты мүдде қақтығысы жоқ.

**Конфликт интересов:**

Нет конфликта интересов, связанного со статьей.

**Conflict of Interest:**

There is no conflict of interest related to this article.

## Родоплеменная структура и традиционные институты казахского общества как факторы выживания и социальной устойчивости<sup>1</sup>

Г.Т. Каженова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Республика Казахстан

ORCID: 0000-0002-4124-0460

(E-mail: [gkazhenova@mail.ru](mailto:gkazhenova@mail.ru))

### ARTICLE INFO

#### Ключевые слова:

тюркские народы, казахское общество, традиционные институты, социальная устойчивость, механизмы выживания, моральная экономика, родоплеменная структура, институт биев, кочевая цивилизация, взаимопомощь, адаптационные стратегии.

МРНТИ 03.61.21

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-4-66-88>

### АННОТАЦИЯ

Статья представляет собой комплексный анализ традиционных институтов управления и социальной организации казахского общества, уходящих корнями в эпоху формирования кочевых сообществ, которые рассматриваются как эффективные механизмы обеспечения выживания и поддержания социальной устойчивости в условиях системных кризисов. Актуальность исследования определяется необходимостью преодоления сложившегося в историографии дисбаланса, при котором преобладает изучение внешних воздействий (российская колониальная политика, процессы советской модернизации) в ущерб анализу внутренних адаптационных ресурсов, сформированных в рамках многовековой кочевой традиции. Такой сдвиг исследовательской перспективы позволяет рассматривать кочевое общество не как пассивный объект исторических процессов, а как активного субъекта, обладавшего сложной системой внутренней регуляции. Методологическая основа работы представляет собой междисциплинарный синтез, интегрирующий инструментарий исторической науки, исторической антропологии и социологии. Теоретический каркас исследования формируют концепция «моральной экономики», сосредоточенная на нормах взаимности, солидарности и коллективной этики выживания, а также теория социальной устойчивости (social resilience), позволяющая интерпретировать традиционные институты не как статичные архаичные пережитки, а как динамичные и пластичные адаптивные системы, обеспечивавшие воспроизводство базовой социальной структуры и трансляцию культурных кодов. В рамках данной теоретической парадигмы в статье проводится детальный анализ

<sup>1</sup>Работа выполнена в рамках проекта AP26103039 «Казахское кочевое население Степного края в годы гражданского противостояния (1918-1921 гг.): стратегии выживания».

родоплеменной структуры казахского общества как многоуровневой иерархической системы, выполнявшей функции социальной поддержки, защиты и саморегуляции. Особое внимание уделяется институтам взаимопомощи – асар, жылу и сауын, рассматриваемым как практическое воплощение принципов «моральной экономики», формировавших действенную систему коллективного страхования жизненно важных рисков и перераспределения ограниченных ресурсов. Параллельно исследуется институт биев и аксакалов, выступавший меритократическим механизмом разрешения споров и поддержания правового порядка на основе норм обычного права – адат, что обеспечивало внутреннюю стабильность и социальное равновесие. Научная новизна исследования проявляется в преодолении ограничений традиционной историографии путем выявления того, что традиционные институты, имеющие глубокие исторические корни, обеспечивали комплексную защиту – от гарантии физического выживания индивидов до сохранения основ культурной идентичности. Центральным выводом работы является положение о том, что системный кризис, вызванный насильственным разрушением данной системы в колониальный и советский периоды, наглядно подтвердил ее системообразующую роль в поддержании целостности казахского общества на протяжении веков. Практическая значимость полученных результатов заключается в возможности применения выявленных моделей социальной устойчивости для компаративного анализа адаптационных стратегий различных традиционных обществ Евразии, сталкивающихся с вызовами глобализации, климатических изменений и социально-экономических трансформаций в современную эпоху.

**G. Kazhenova**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan*

ORCID: 0000-0002-4124-0460

(E-mail: gkazhenova@mail.ru)

### **The tribal structure and traditional institutions of Kazakh society are key determinants of survival and social stability**

**Abstract.** This article provides a comprehensive analysis of traditional governance and social organization institutions in Kazakh society, tracing their origins to the formation of nomadic communities. These institutions are examined as effective mechanisms for ensuring survival and maintaining social resilience during periods of systemic crisis. The relevance of this study is determined by the necessity to address an existing imbalance in historiography,

Received 14 October 2025. Revised 14 November 2025. Accepted 08 December 2025. Available online 30 December 2025.

Эти позиции обусловлены не только борьбой древних тюрков с Китайской империей, Арабским халифатом, Согдианой, но и внутренними межплеменными конфликтами и культурными традициями. Историки второго тюркского каганата в текстах Орхонских памятников призывают тюркские народы сохранить независимость своего государства и этническую культуру посредством государственной идеологии «Мәңгі Ел». Доказано, что их взгляды отличаются объективностью и достоверностью по сравнению с историками советской эпохи и китайскими летописцами. Очевидно, что их позиция формировалась в силу того, что средневековые тюрки видели свою высшую миссию в создании собственной цивилизации в Великой Степи. Древнетюркские историки использовали несколько видов исторических хронологических методов для определения времени событий, в частности, использование 12-летнего (по названиям животных) циклического календаря. Также был введен метод определения времени события по возрасту человека. Чтобы избежать хронологической замкнутости, использовались параллельные виды хронологии, то есть два способа определения времени – возраст человека и 12-летний цикл животных. Наряду с этим применялся еще один вид хронологии – определение времени события по периоду правления предков каганов. Объективная и достоверная оценка исторических процессов и событий Иолыг тегин, Алп Элетмиш и Тоньюкуком, а также применение ими нескольких видов исторических хронологических методов, доказывают, что они должны быть признаны полноценными историками своей эпохи. Делается вывод, что они должны занять место среди первых представителей тюркской историографии. Вместе с тем мировоззрение первых историков Второго Тюркского каганата, историко-методологические подходы в их творческой традиции, идеологические принципы свидетельствуют о том, что они не уступали уровню мировой цивилизации того исторического периода, а в некоторых случаях и превосходили его. При этом делается вывод о том, что их следует считать первыми представителями средневековой тюркской историографии в целом.

**Ключевые слова:** тюркская историография, второй тюркский каганат, Иолыг-тегин, Алп Элетмиш, Тоньюкук, тюркская историческая традиция, тюркская цивилизация, идеология «Мәңгі Ел», тюркские хронологические методы, 12-летний животный цикл, историческая методология, казахстанская историография.

## Kirişçe

Мақала түркі дәуіріндегі Қазақстан тарихнамасындағы бұрыннан айтылмай келе жатқан мәселені зерделеуге арналады. Әдетте, зерттеушілер отандық тарихнаманы Қазақ хандығының құрылу тарихы жөнінде деректер беретін Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди» кітабынан бастайтыны белгілі. Отан тарихында түркі дәуірі маңызды кезең болғандықтан, оның тарихнамасына баса көңіл аударылу керек. Бірақ түркі дәуіріндегі тарихнаманың төл өкілдерінің болғандығын осы уақытқа дейін тарихшылар қауымы мойындамай келеді. Сондықтан осы мәселеге ерекше мән беріліп, түркілер тарихын жазған төл тарихшылар: Тоныкөк, Иолыг тегін, Алп Елетмиш туралы, олардың тарихи процестерді жазудағы саяси-идеологиялық көзқарастары айшықталып, болған оқиғалардың уақытын көрсетудегі хронологиялық тұрғыдан қолданған әдіс-тәсілдері талданады.

### Материалдар және зерттеу әдістері

Мақала жазудағы қолданылған материалдар көне түркі жазба ескерткіштеріндегі (Күлтегін, Білге қаған және Тоныкөк, Ел Етміш Білге қаған (Тариат//Тэрх) Екінші бітіктасы Бұғұты) жазулар, Қытайдың «Таншу» жылнамасы болып табылады. Тоныкөк ескерткішінде бытыраған түркі ру-тайпаларының басы қосылып, Қытайға қарсы шыққандығы, Түркі қағанатын, яғни тәуелсіз түркі мемлекеттігінің қалпына келтірілгені айтылған. Сонымен бірге Тоныкөк өзінің сіңірген еңбегін баяндағанда оның идеологиялық көзқарасы айқын көрініс береді.

VI ғасырдың 70-жылдарына жататын Бұғұты жазуы түркілерде 12 жылдық (жануарлар атымен) циклдік күнтізбенің болғандығы хронологиялық әдіс-тәсілдерді анықтауға мүмкіндік беретін материалдар болып саналады.

689-693 жылдардағы Тан империясына қарсы түркілер көтерілісінің себептерін анықтауда Кеңестік зерттеушілер мен түркілердің өз тарихшыларының (Тоныкөк, Иолығ тегін, Алп Елетміш) көзқарастарын салыстыру үшін де зерттеу материалдары болады.

Түрік қағанатында болған тарихи оқиғалардың себеп-салдарын түсіндіруде Кеңес дәуірінің тарихшылары мен Қытай жылнамашыларының және түркілердің сол кезеңдегі төл тарихшыларының көзқарастарын салыстырмалы әдісті қолдану дұрыс тұжырымдама жасауға мүмкіндік береді.

Тарихнаманың танымдық мүмкіндіктерін тек қана тарихи факт ашады. Сол себепті де, тарихи факт мәселесі бұл мақалада маңызды орын алады. Тарихи фактілердің мағынасына зерттеушілердің түсініктеме беруі арқылы олардың тарихнамада қандай орын алатын белгілі болады.

Пәнаралық байланыс арқылы тарихи процестерді жан-жақты және шынайы бағалауға мүмкіндік береді. Алғашқы түркі тарихшыларының астрономия, география, математика салалары бойынша түсініктері арқылы оқиғалардың болған уақытын, олардың қай жерде өткендігін, тарихи тұлғалардың қанша жасқа келгенде қолбасшы болып, сыртқы жаулармен шайқасқа қатысқандығы туралы мәліметтерді баяндауын пәнаралық байланыс арқылы шынайылығын анықтауға болады.

### Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Түркілердің алғашқы тарихшылары: Иолығ тегін, Алп Елетміш, Тоныкөкті ғылыми зерттеулерде тарихшы ретінде қарастырмаған. Оларды тек көне түркі жазба ескерткіштерін дерек ретінде пайдаланғанда аттарын атап кетеді. Тарихи әдебиеттердің бірінде Білге қағанға арналған ескерткіштің авторы ханның туысы Иолығ тегін екені көрсетіледі. Бірақ оған ханды мақтаушы, панегирист ретінде сипаттама берілген (Кляшторный, Султанов, 1992: 158; Кляшторный, 2011). Р. Безертинов Білге қаған ескерткішіндегі жазбалардағы ханның жерленген уақытын көрсете келіп, ортағасырлық түркілерде өзіндік, жануарлар цикліне негізделген күнтізбенің бар екендігін айтады. Алайда, ол ескерткішті жазған тарихшының хронология бойынша түсінігіне талдау жасалынбайды (Безертинов, 2006: 27).

Түрік қағанаттары дәуіріндегі түркілердің және олардың басшыларының идеологиялық көзқарастары мен жыл санауын толығырақ сипаттаған Л.Н. Гумилев болды. Ол

үш автордың хандар мен оның маңайындағы қолбасшыларға, олардың елге сіңірген еңбектеріне, қарапайым халыққа және Қытай мәдениетіне сын-пікірлерін арнайы талдап көрсеткен (Гумилев, 1993: 332-335). Ол сонымен бірге түркілерде жыл санаудың жануарлар циклі және хандар мен қолбасшылардың тарихи оқиғаға қатысу кезіндегі жасына байланысты уақытты белгілеудің әдісі болғандығын айтады (Гумилев, 1993: 340).

Жоғарыда аталған авторлар еңбектерінің құндылығын жоғары бағалай келіп, көне түркі ескерткіштердің авторлары: Иолығ тегін, Алп Елетміш, Тоныкөктің тарихшы, яғни оларды түркі тарихнамасының алғашқы өкілдері ретінде танылмағандығын айту керек. Сонымен қатар олардың саяси-идеологиялық көзқарасындағы Түрік қағанатының басты мемлекеттік идеологиясы – «Мәңгілік Ел» назардан тыс қалған.

### Талдау

Көне түркі жазба ескерткіштерін мәдени мұра ретінде қарастырғанда қандай да болмасын зерттеушінің кәсіби мамандығы ерекше орын алады. Мысалы: заңгерлер Ата заңдар негізіне байланысты мұраларды, филологтар түркі халықтарының әдебиет тарихынан бастау алатын қайнар көзін, ал тарихшылар ортағасырлық түркі мемлекеттерінің алғашқы тарихнамасын көре алады. Қазақстан тарихы ғана емес, бүкіл Ортаазиялық түркі тілдес халықтардың әуелгі ортағасырлық тарихнамасының басында тұрған Орхон ескерткіштерінің үш тарихшысын – Тоныкөк, Иолығ тегін және Алп Елетмішті тарихшы-ғалымдар қауымы әлі танып мойындай қойған жоқ.

Сондықтан қазіргі таңда, отандық, тәуелсіз тарихнаманың ірге тасын қалауда бастапқы тұлғаларды түгендей отырып, олардың шығармашылық дәстүрлерінің жалпы әлемдік тұрғыда алатын орнын айқындау кәсіби тарихшылардың бүгінгі ұрпақтарының кезек күттірмейтін міндеті болып табылады.

Орталық Азия мен Қазақстанның әуелгі ортағасырлық VI–XII ғғ. кезеңі екінші сөзбен айтқанда түркі дәуірі болып танылады. Осы түркі дәуірінің өзіндік тарихнамасы бір жүйеге салынып, сараланбағандығы қазір де айдан анық. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін сол дәуір тарихнамасының негізін қалаушылардың, көне түркі жазуымен тарихи-шығармашылық дәстүрін қалыптастырған үш тұлғаның еңбектеріне тарихи-танымдық және тарихи-әдістемелік талдау жасау арқылы олардың «тарихнамалық мектебін» танып білу және оны мойындау қажет.

Сондықтан да мақалада осы үш: Тоныкөк, Иолығ тегін және Алп Елетміштің көне түркі жазба ескерткіштеріндегі тарихнамалық дәстүрді олардың идеологиялық көзқарастары және хронологиялық әдіс-тәсілдеріне талдау жасау алға қойылды.

Түрік қағанаты тарихшыларының тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіруі дәуірлер мен біздің заманымыздың тарихшыларына қарағанда шынайылығымен және объективтілігімен де көзге түседі. Мысалы, 689-693 жылдардағы Тан империясына қарсы түркілер көтерілісінің жеңісі себептерін Ресей және Кеңес үкіметі тұсында өмір сүрген көрнекті өлкетанушы, Сібір тарихы бойынша көптеген еңбектер қалдырған Н. Козьмин ірі феодалдардың жерлерді өз қолдарына шоғырландыруында деп санайды (Козьмин, 1934: 272-273). Көрнекті археолог, шығыстанушы А. Н. Бернштам «түркі аристократтары өз халқын өздері қанау үшін Қытаймен соғысты» - дейді (Бернштам, 1946: 179). Г.Е. Грумм-Гржимайло жоғарыда аталған авторларға қарағанда оқиғаларға

тереңірек талдауға тырысқанымен көп жағдайлар сыртқы қатынастармен байланысты болса да олар автор зейінінен тыс қалды (Грумм-Гржимайло, 1926: 278-291]. Қытайдың «Таншу» жылнамасында көтерілістің себебі, сылтауы және оқиғаның басталуын бір ғана: «көтерілді» деген сөзбен білдіреді. Басқа ешқандай түсініктеме бермейді. Ал Түркі қағанаты тарихшылары өз халқының азаттық үшін қозғалысы мен көтерілісінің негізгі себептерін объективті тұрғыдан түсіндіруге тырысады. «Түркі халқы елдігінен жойылды, қағандығынан айрылды. Табғаш халқына бек ұлдары құл болды. Сұлу қыздары күң болды. Түркі бектері түркі атын тастап, Табғаш бектерінің табғаш атын ұстап, Табғаш қағанына бағынды. Елу жыл жұмысын – күшін жұмсады. Ілгері- күншығыста Бөклі қағанға дейін соғысты. Кері-Темір қақпаға дейін соғысты. Табғаш қағанға елін, жұртын алдырды» (Күлтегін, 2005: 66, 86]. Жоғарыдағы жолдардан түркі халқының Тан империясынан азаттық алу үшін көтеріліске шыққанын анық көруге болады. Табғаштарға (түркілер қытайлықтарды кезінде солай атаған) қарсы өз мемлекеттілігін қалпына келтіріп, оны қайта құру үшін күресі алғашқы түркі тарихшыларының бітіктастағы жазбаларында айқын бейнеленген. Иолығ тегіннің Күлтегінге арнаған бітіктастағы жазуында Екінші Түрік қағанатының басты мемлекеттік идеологиясы – «Мәңгілік Ел» құру екендігі нақтылы көрсетілген. Онда: «Өтүкен Йышта отырсаң, Мәңгі ел тұта отырушы едің» – деп анық айтылады (Күлтегін, 2005: 80). Бұл жағдайлар біздің жоғарыда аталған кеңестік тарихшыларымыздың назарынан тыс қалғаны анық байқалады. Шынында да түркі тарихшыларының жазбалары негізінен түркі қоғамын басқарушылардың көзқарастарын білдіргенімен шындыққа сай келеді.

Қытайдың «Таншу» жылнамасында айтылғандай: «Ашидэ» тұқымдары көтеріліс бастаған сәтте, бүкіл 24 округтың басшылары қолдап, көтерілісшілерге қосылған. Мұның өзі түркілердің өз елінің және өз қағанының қойған талаптары мен мақсаттары Тан империясының негізгі идеясы – Ұлы Даланы Қытайға қосу идеясымен тіпті де сәйкес келмейтіндігін толық көрсетіп берді.

Қағанат тарихшыларының идеологиясы екі негізгі ұстанымнан тұрды:

- Қытай мәдениетін қабылдаудың түркілер үшін қауіптілігі;
- көтерілісті ұйымдастырған қағандардың шыққан әулетіне басқа көрші ру-тайпалардың бағынуы қажеттілігін мойындату;

Бірінші ұстаным тұрғысында Иолығ тегін мен Тоныкөк көзқарастары сәйкеседі, Иолығ тегін бізге алтын, күміс, дәнді дақылдар, жібек беретін табғаш халқының сөздері, тәтті қымбат бағалы заттары көздің жауын алады, сонымен олар алыста тұратын халықтарды өзіне тартады деп жазған (Білге қаған, 2005: 101). Әрі қарай, Күлтегін жазуында «табғаштықтар кіші інілерін ағаларына қарсы қойып, қаруландырады, түркі ру-тайпа басшыларының арасын ашып, жауластырады, сөйтіп, бір кезде тұтас ел болған түркілер арасы бүлініп, араздасты» дейді (Күлтегін, 2005: 65). Ал Тоныкөк болса, Елтеріс қағанмен біріге отырып, бытыраған түркі ру-тайпаларының басын қосып, бағындырып, Қытайға қарсы шығып, Түркі қағанатын, тәуелсіз мемлекеттігін қалпына келтіргенін айтады: «Ел де ел болды, халықта халық болды» (Тоныкөк, 2005: 118). Сонымен қатар ол өзінің сіңірген еңбегі ретінде түркі халқын «жиюшы», «қаз тұрғызушымын» деп жазады (Тоныкөк, 2005: 111-113). Нәтижесінде қытаймен 7 рет, табғаштармен 17 рет соғыста жеңіп, Екінші Түрік қағанаты деп аталған империяны құрды.

Бұл идеялық бағытты қытай жазуы да сездіреді. Оның (Күлтегін) өзінің ата тегін құрметтеуі, достық шынайы сезімі алыстағы елдерге жайылды, өзінің ұлылығы мен ақылгөйлігі арқылы басқалардың өз халқының салт-дәстүрін өзгерткісі келетінінен

сескене білді. (Васильев, 1897: 6). Бұл сөздерден де түркілердің басқа жат мәдениеттің ықпалына түспеуді қалайтындығын көруге болады.

Жоғарыда айтылғандардан, бұл жерде «мемлекеттердің арасындағы күрес қана емес, дәстүрлі мәдениеттер арасындағы, дүниеге екі көзқарастың күресін көреміз. Ұлы Дала манифест арқылы Қытаймен бірге емес, өзімен өзі тәуелсіз, еркін болуға құқығы бар екенін білдірді. Мұндай күрес баяғыдан, ғұндар дәуірінде Моде шанью кезінен жүргізілген еді. Айырмашылығы тек, түркілерде бітіктаста «құжат» ретінде жазылып қалдырылған. Қытайдың алдамшы саясатының ықпалына түспес үшін Құтлығ, Тоныкөк, Күлтегін және Иолығ тегін арқылы көк түріктер барлық күш жігерін салды» (Гумилев, 1993: 337).

Шынында да, Түрік қағанатының тарихнамашылары әу бастан бітіктастағы тарихи жазбаларында халқына үндеу тұрғысында, «Мәңгі Ел» құру арқылы өз елінің тәуелсіздігі мен төл мәдениетінің қалпын сақтауға ерікті екенін білдіреді. Оны Шығыс Түрік қағанатының бас қолбасшысы Күлтегін ескерткішіндегі жазудың сол жақ бетінде: «Өтүкен жынысында (қойнауында) отырсаң Мәңгі ел тұтып отырар ең», – деп айтылған. Тура осы сөздер Білге қаған ескерткішінің оң жақ бетінде қайталанған. Сонымен қатар «мәңгі» үндеу сөзі Тывадағы Чаа-Қол-1, Оя, Уйбат, Ұлық Кем, Ел Бажы өзендері бойындағы бұғытастарда және де Абақан өзенінің жағасындағы «Алтын көл», Ұлық Кем өзенінің сол жағалауындағы «Бай-Бұлын», Абақан, Тывадағы Сайғын бітіктастарындағы жазбаларда кездеседі. Мәңгі сөзінің көне түркі жазба ескерткіштерінде осыншама жиі кездесуі кездейсоқ емес. Бұлай болуы ежелгі түркі дүниетанымында «мәңгілік» түсінігі кеңінен танымал екендігін білдіріп қана қоймай, оның бүкіл түркі жұртының аңсаған мұратына айналғандығын көрсетеді. Оған дәлел ретінде, Күлтегін бітіктасында жазылған нұсқасын келтіруге болады. Онда «мәңгі» сөзі Өтүкен мекенінде бейбіт өмір сүріп, сауда керуенін жіберу арқылы елдің аш-жалаңаш болмай, мұңы жоқ, тоқтықта болатыны жайлы контексте келтірілген (Сыздықов, 2020: 74-75).

Мұндай идеологиялық екі принцип, түркілерде өздерінің жоғарғы миссиясы – Ұлы Далада өзіндік өркениет құруға құқығы бар деп есептегендіктен қалыптасты.

Шығыс Түрік қағанатының үш тарихшысының да бітіктастардағы жазбаларын өзара салыстырсақ, бәрі де түркі халқына ашық, ешқандай бүкпесіз, елді сендіруге арналған. Сонымен бірге, бұл жазбалардың авторлары саяси оқиғаларды іріктеп ала отырып, халықты үгіттеуге мақсат қойғандығын байқауға болады. Ал аталған мәтіндермен қатар берілген «Таншу» жазбалары негізінен сәйкес келгенімен, толық емес. Ендеше, жазбалардағы сөздер түркі қоғамы үшін өте маңызды және ықпал ететін күшке ие болған. Мұның өзі, яғни үндеуге байланысты қоғамдық пікірдің болуы сол кездегі түркі қоғамының дамығандығын анық көрсетеді.

Сонымен қатар үш тарихшының бітіктастардағы жазбаларынан полемикалық пікірталасты байқауға болады. Алп Елетміштің жазбасынан қағанаттың басшыларына жағыну, оларды мадақтау басты орын алады. Ол кезінде Қапаған мен Елтеріс қағанды қолдағанын, кейін Білге қағанға олардан да гөрі сенімді болып, жақтағанын айтады. Ол өзін тыңдаушыларды билікті толық қолдап, адал болғанына барынша сендіруге тырысады. Иолығ тегін түркі қоғамындағы аристократия ішінен шыққандықтан, сол әлеуметтік топтың мүддесін қорғауды мақсат тұтқан. Ал, Тоныкөк болса қаған «қайсысы арық, қайсысы семіз бұқа екенін түсіне бермейтінін» айтады (Тоныкөк, 2005: 111). Егер Иолығ тегін қытай мәдениетін жақтырмаса (Күлтегін, 2005: 66-67), Тоныкөк өзінің



Қытайда тәрбиеленгенін және оның өзіне ешқандай жамандығы болмағанын білдіреді (Тоныкөк, 2005: 108). Иолығ тегін бектерді сатқындыққа үйір (Күлтегін, 2005: 65-66) десе, Тоныкөк өзінің халқына атты жау келтірмегенін айтады (Тоныкөк, 2005: 117). Жалпы Тоныкөк пен Иолығ тегін жазбаларын өзара салыстыра отырып қарастырғанда қағанат билігіндегі екі саяси күштің полемикасын көру қиын емес. Ол бұрынғы Қапаған мен Елтеріс қаған билігі мен Білге қаған таққа отырғаннан кейінгі билік арасындағы қайшылықты айшықтайды. Ал кейін, Білге қаған мен Тоныкөк жақындасқаннан соң, Тоныкөк қағанды жақтап, қағанға ақыл-кеңесші бола білді. Білге қаған қағанат ордасына қалалық бекініс салып, Лао-цзы мен будда дінін қабылдағысы келгенде Тоныкөк: «түркілер саны жағынан Қытайдың халқынан жүз есе аз, сондықтан түріктердің оларға тұрақты түрде қарсыласуға шамасы келмейді, өйткені түркілер ылғи да жайылым мен суды жағалайды және тек әскери жаттығулармен қана айналысады. Күші артқанда жерді иемдену үшін алға ұмтылады, ал әлсіреген кезде шегініп, жасырынады. Тан әскері өте көп. Сонымен бірге будда және Лао-цзы ілімдерін қабылдау жауынгершіл, күштілікке емес адамсүйгіштікке, әлсіздікке апарады деп, бас тартқызады (Бичурин, 1950: 274) Тоныкөк сонымен қатар, Білге қағанды мадақтай отырып, оны түркі – сир және оғыз халқын жоғары көтергенін айтады (Тоныкөк, 2005: 108).

Күлтегіннің Үлкен жазуы екі тақырыптан тұрады деуге болады. Біріншісі – Түрік қағанатының тарих сахнасына шығуынан бастап, 718 жылға дейінгі тарихы және екіншісі – Күлтегінге некролог ретінде көрініс береді. Мәтін Білге қаған атынан жазылғанымен оның авторы Иолығ тегін екені анық. Өйткені үлкен және кіші жазбадағы идеологиялық көзқарас бірдей. Иолығ тегін бұл жазбада дүниенің пайда болуы, алғашқы Түрік қағанатының құлауы және Тан империясына бағынуы, Елтеріс қағанды құтқарушы ретінде көрсетуі, Қапаған қағанның жүргізген жорықтары, халықтың қағанға қарсылығы және соның салдарынан оның қаза болуы айтылады. Жазба Білге қағанның еңбегін мадақтап көрсетуімен аяқталады. Жалпы алғанда, бұл жазба композициялық және идеологиялық жағынан да Иолығ тегіннің жазбасымен сәйкес келеді. Сонымен Иолығ тегін мен Тоныкөк екі тарихшының көзқарастарын анықтап айтсақ, Қытайда тәрбиеленген Тоныкөк – прагматик. Ол халықтың жағдайын жақсарту үшін барлығын істейді және ханға да ақыл-кеңесті өзі береді. Ал Иолығ тегін – теист. Өйткені оның жазуынша түркі халқы жойыла бастағанда түркілердің Тәңірі және қасиетті Жер-Су: «түркі халқы жойылмасын, халық болып қалсын!» – деп айтылған (Білге қаған, 2005: 87) Содан кейін Тәңірі Елтеріс қағанға көмектесіп, оны көтереді, оған әскер береді және ол көршілерін бағындырады.

Алғашқы түркі тарихшылары жазбаларындағы маңызды бір ерекшелік – тарихи оқиғалар мен адам жасының уақыттарын белгілеудегі өзгеше хронологиялық ұстанымы.

VI ғасырдағы Қытай жылнамаларында түркілерде астрономиялық күнтізбенің жоқтығы, маусымды тек өсімдіктің түсінен айыратыны айтылады. Алайда, VI ғасырдың 70- жылдарына жататын Бұғұты жазуында түркілерде 12 жылдық (жануарлар атымен) циклдік күнтізбенің бар екендігі көрінеді (Сартқожа, 2003: 106). Одан кейінгі ескерткіштерде соның ішінде Түрік қағанаты тарихшыларының жазбалары 12 жылдық цикл Түрік қағанатының мемлекеттік күнтізбесі болғандығын көрсетеді.

Сонымен қатар, осы жазбалардан түркілерде оқиғаның болған уақытын адам жасы арқылы белгілеу әдісінің бар екендігін көруге болады. Алайда уақытты бұлай белгілеу хронологияның басқа параллелді түрлері болмаса мәтіннің уақыт тұрғысынан

тұйықталуына әкеліп соғады. Мұны болдырмас үшін түркі тарихшылары хронологиялық жүйенің бірнеше түрін қатар қолданған. Оның тамаша үлгісі Алп Елетміштің жазуынан көрінеді: «28 жасында, жылан жылы түркі елін сонда арттырдым» (Ел-Етміш, 2005: 143). Бұл жолда уақыт белгілеудің екі түрі – адамның жасы мен 12 жылдық жануарлар циклі қоса беріліп тұр. Мұндай әдістер арқылы авторлардың туған жылы мен істеген маңызды іс-әрекетінің болған уақытын да қоса есептеп шығаруға болады. Күлтегін мен Білге қаған ескерткіштерін жазған Иолығ тегін хронологияның тағы бір түрін, яғни қағандардың ата-бабаларының ел басқарған уақытымен болған оқиғаны белгілеуді қолданғанын көреміз.

Тоныкөк жазбаларында да мұндай хронологиялық жүйелеу әдісі кеңінен қолданылған. Мұнда қағанат атауы тарихи оқиғаларда кезеңдерге бөлу жүйесін жасауға көмектеседі. Бұл жүйе қосымша уақытты белгілеу әдісінің, яғни циклдық және жеке адам жасы арқылы жасалынатын хронологияға қарағанда тұйық емес, ашық жүйе ретінде «сызықтық хронологияның» алғашқы нұсқасы ретінде құнды.

Түркі қағанаты тарихшыларында уақытты есептеудің үздіксіз немесе біріздік (сызықтық) хронологияның дұрыс та, сәтті қолданысын ескерткіштердегі мәтіндерден көреміз. Оған мына мысалдарды келтіруге болады: Алғашқы Түрік қағанаты ыдырағаннан кейін оның 50 жыл Тан империясына тәуелді болуы, тоғыз-оғыздың 50 жыл бойы екінші Түрік қағанатына бағынуы, Түрік қағандары әулетінің (Ашина) 200 жыл өмір сүруі, ұйғырдың Яғлакар әулетінің 80 жыл ұйғыр тайпалық одағын билеуі және т.б.

Осындай билеушілер әулеттері арқылы алғашқы түркі тарихшыларының біріздік бағыттағы хронология жүйесімен байланысты тарихнамалық дәстүрді меңгергендіктері көрінеді. Заманына байланысты өзекті болып саналатын кезеңдік (циклдық) және жеке адамның жасын көрсету хронологиялық жүйесі басым болғанымен, Түркі қағанаты тарихшыларының уақытты есептеудің прогрессивті бірізді сызықтық хронология жүйесінің де қалыптастырғанын көреміз. Хронологиялық жүйенің жоғарыда айтылғандай бірнеше түрлілігі, яғни түркілерде тарихи уақыт феноменін сезіну процесі айтарлықтай тез қарқында жүргендігін де көрсетеді.

### Нәтижелер

Алғашқы түркі тарихшылары Шығыс түрік қағанатының құрылуынан бастап, оның ыдырауына дейінгі тарихын жазуда бірін-бірі толықтырады және олардың авторлары негізінен қағанатты билеушілердің кеңесшілері мен данагөй абыздар арасынан болды. Бұл әрбір тарихи оқиғаларды баяндаулар барысында көрініс беретін саяси тұрғыдан біржақты бағыт, яғни ел тұтастығын қамтамасыз ету мен тәуелсіз мемлекеттілігін құруды мақсат тұтуы қағанат тарихшылары жазбаларының тарихнамалық-деректік құндылығын төмендетпей, қайта жоғары көтерді.

Алғашқы түркі тарихшылары ел ішіндегі саяси-әлеуметтік қайшылықтарды және соларды баяндап отырған авторлардың тарихи көзқарастарын құжаттық (хаттамалар) негізде жазатын қытай анналдарына немесе бұрынғы патшалық Ресей мен таптық тұрғыдан баяндайтын Кеңес өкіметі тарихшыларына қарағанда шынайы, объективті тұрғыда көрсетеді.

Түркі қағанатының алғашқы тарихшыларының дүниетанымы, шығармашылық дәстүріндегі тарихи-әдістемелік тәсілдері және идеологиялық көзқарастары сол дәуірдегі

әлемдік өркениеттің (қытай, парсы, үнді, араб, византия) дәрежесінен кем қалмай, кей ретте тіпті одан озық болғандығына да көз жеткізеді.

### Қорытынды

Шығыс Түрік қағанатының тарихын көне түркі жазба ескерткіштерінде жазған: Тоныкөк, Иолығ тегін, Алп Елетміш алғашқы түркі тарихшылары ретінде танылуы керек.

Түркі дәуірі ортағасырлық Қазақстан тарихының бір бөлігі болғандықтан, Тоныкөк, Иолығ тегін, Алп Елетміш қазақ тарихнамасының да алғашқы өкілдері ретінде саналуы тиіс.

Шығыс Түрік қағанатының, яғни мемлекеттің тарихын жазған алғашқы түркі тарихшыларының өзіндік идеологиялық көзқарастары мен тарихи хронологияны қалыптастырған әдіс-тәсілдері болды. Олардың басты идеологиялық көзқарастары сол тарихи кезеңдегі түркілердің «Мәңгі Ел» мемлекеттік идеологиясына сай келді.

Алғашқы түркі тарихшылары тарихи процестердің себеп-салдары жөніндегі көзқарастары кейінгі кеңестік тарихшылары мен Қытай жылнамашыларына қарағанда объективтілігімен және шынайылығымен ерекшеленеді.

### Әдебиет

Безертинов Р.Н., 2006. Древнетюркское мировоззрение. Тенгрианство. Казань: «РИЦ. «Школа». 164 с.

Бернштам А.Н., 1946. Социально-экономический строй орхон-енисейских тюрок. VI-VIII вв. М.-Л.: Изд. Изд.АН СССР. 208 с.

Бичурин Н.Я., 1950. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. М.-Л., Т.1.

Білге қаған бітіктасының III - қапталындағы мәтіні. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері, 2005. II -том. Алматы: Дайк-Пресс. 252 б.

Васильев В.П., 1897. Китайские надписи в орхонских памятниках в Кошоцайдаме и Карабалгасуне. Сборник трудов Орхонской экспедиции. СПб: Т. III. С. 1-36 + табл.

Грумм-Гржимайло Г.Е., 1926. Западная Монголия и Урянхайский край. Т.2. VI. 896 с.

Гумилев Л.Н., 1993. Древние тюрки. Москва: Товарищество «Клышников, Комаров и К». 501 с.

Ел-Етміш Білге қағанның екінші (Тариат. Тэрх) бітіктасының мәтіні. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері, 2005. Том II. Алматы: Дайк-Пресс. 252 б.

Кляшторный С.Г., Султанов Т.И., 1992. Казахстан: летопись трех тысячелетий. Алма-Ата: «Рауан». 374 с.

Кляшторный С.Г., 2011. Древнетюркские рунические памятники и их авторы. Тюркский мир: история и современность. Сборник статей международного тюркологического симпозиума. Астана: ЕНУ. С. 18-22.

Козмин Н.Н., 1934. Классовое лицо атлысы Иолығ Тегина, автора орхонских памятников. С.Ф. Ольденбургу. К пятидесятилетию научно-общественной деятельности. 1882-1932. Сб.ст. отв. Ред.И.Ю. Крачковский. Л: Изд.АН СССР. С. 259-277.

Күлтегін бітіктасының I бетіндегі мәтіні. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері, 2005. II -том. Алматы: Дайк-Пресс. 252 б.

Сартқожа Қ., 2003. Орхон мұралары. 1 кітап. Астана. 392 б.

Сыздықов С.М., 2020. Әл Фараби және «Мәңгілік Ел» идеясы. (үш тілде: қазақ, орыс, ағылшын). Монография. Астана: Фолиант. 400 б.

Тоныкок бітіктасының мәтіні. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері, 2005. Том II. Алматы: Дайк-Пресс. 252 б.

### Reference

Bezertinov R.N., 2006. Drevnetyurkskoe mirovozzrenie. Tengrianstvo [Ancient Turkic worldview. Tengrianism]. Kazan': RIC. «Shkola». 164 p. [in Russian].

Bernshtam A.N., 1946. Social'no - ekonomicheskij stroj orhono-enisejskih tyurok. VI-VIII vv [Social and economic structure of the Orkhon-Yenisei Turks. VI-VIII centuries]. M-L.: Izd. AN SSSR. 208 p. [in Russian].

Bichurin N.Ya., 1950. Sobranie svedenij o narodah, obitavshih v Srednej Azii v drevnie vremena [Collection of information about the peoples who inhabited Central Asia in ancient times]. Moscow-Leningrad. Vol. 1. [in Russian].

Bilge қаған bitiktasynyn III - qaptalyndagy matini. Qazaqstan tarihy turaly turki derektemeleri [The text of the III-side of the Bilge Kagan inscription. Turkic sources on the history of Kazakhstan], 2005. Volume II. Almaty: Dajk-Press. 252 p. [in Kazakh].

Vasiliev V.P. Kitajskie nadpisi v orhonskih pamyatnikah v Koshocajdame i Karabalgasune [Chinese inscriptions in the Orkhon monuments in Koshhotsaydam and Karabalgasun]. Sbornik trudov Orhonskoj ekspedicii [Collection of works of the Orkhon expedition]. St. Petersburg: 1897. Vol. III. Pp. 1-36 + table. [in Russian].

Grumm-Grzhimajlo G.E., 1926. Zapadnaya Mongoliya i Uryanhajskij kraj [Western Mongolia and the Uryankhai region]. L. Vol.2.VI. 896 p. [in Russian].

Gumilev L.N., 1993. Drevnie tyurki [Ancient Turks]. Moscow: Tovarishestvo «Klyshnikov, Komarov i K». 501 p. [in Russian].

El-Etmish Bilge qagannyn ekinshi (Tariat. Terh) bitiktasynyn matini. Qazaqstan tarihy turaly turki derektemeleri [The text of the second (Tariat. Terkh) inscription of El-Etmish Bilge Khagan. Turkic sources on the history of Kazakhstan], 2005. Vol. II. Almaty: Dajk-Press. 252 p. [in Kazakh].

Klyashtornyj S.G., Sultanov T.I., 1992. Kazahstan letopis' trekh tysyacheletij [Kazakhstan: A Chronicle of Three Millennia]. Alma-Ata: «Rauan». 374 p. [in Russian].

Klyashtornyj S.G., 2011. Drevnetyurkskie runicheskie pamyatniki i ih avtory. Tyurkskij mir: istoriya i sovremennost'. Sbornik statej mezhdunarodnogo tyurkologicheskogo simpoziuma [Ancient Turkic Runic Monuments and Their Authors. The Turkic World: History and Modernity. Collection of Articles from the International Turkological Symposium]. Astana: ENU. P. 18-22. [in Russian].

Kozmin N.N., 1934. Klassovoe lico atlysy Iolyg Tegin, avtora orhonskih pamyatnikov. S.F. Ol'denburg [Class face rider Iolyg Tegin, author of Orkhonskih pamkanetov. S.F. Oldenburg]. K pyatidesyatiletiju nauchno-obshchestvennoj deyatel'nosti. 1882-1932. Sb.st. otv. Red.I.Yu. Krachkovskij. L: Izd.AN SSSR. P. 259-277. [in Russian].

Kultegin bitiktasynyn 1 betindegi matini. Qazaqstan tarihy turaly turki derektemeleri [Text from page 1 of the Kultegin inscription. Turkic sources on the history of Kazakhstan], 2005. II -tom. Almaty: Dajk-Press. 252 p. [in Kazakh].

Sartqozha Q., 2003. Orhon muralary.1 kitap [Orkhon Heritage. Book 1]. Astana. 392 p. [in Kazakh].

Syzdykov S.M., 2020. Al Farabi zhane «Mangilik El» ideyasy. (ush tilde: kazakh, orys, agylshyn) [Al-Farabi and the idea of "Eternal Nation". (in three languages: Kazakh, Russian, English)]. Monograph. Astana: Foliant. 400 p. [in Kazakh, Russian, English].

Tonykok bitiktasynyn matini. Qazaqstan tarihy turaly turki derektemeleri [The text of the Tonykok inscription. Turkic sources on the history of Kazakhstan], 2005. Vol. II. Almaty: Dajk-Press. 252 p. [in Kazakh].

### **Автор туралы мәлімет:**

Сыздықов Сатай Максұтович, тарих ғылымдарының докторы, «Ортағасырлық деректану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтбаев көш., 2, Астана, Қазақстан Республикасы.

Scopus ID: 57291731200

### **Information about author:**

Syzdykov Satai Maksutovich, Doctor of Historical Sciences, Director of the Scientific Research Center "Medieval Source Studies", L.N. Gumilyov Eurasian National University. 2 K. Satpayev Str., Astana, Republic of Kazakhstan.

Scopus ID: 57291731200

### **Сведения об авторе:**

Сыздықов Сатай Максұтович, доктор исторических наук, директор научно-исследовательского центра «Средневековое источниковедение», Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева. ул. К. Сатпаева, 2, Астана, Республика Казахстан.

Scopus ID: 57291731200



### **Мүдделер қақтығысы:**

Мақалаға байланысты мүдде қақтығысы жоқ.

### **Conflict of Interest.**

There is no conflict of interest related to this article.

### **Конфликт интересов.**

Нет конфликта интересов, связанного со статьей.

## Codicological and linguistic structure of Kitabu Bulghatil al-Mushtaq fi Lughat at-Turk wa-l-Qifchaq

B. Jafarov<sup>a</sup>, B. Ganiyeva<sup>b</sup>

<sup>a</sup>Namangan State University, Namangan, Uzbekistan

ORCID ID: 0000-0002-9983-3795

(E-mail: mega.botir@mail.ru)

<sup>b</sup>Namangan State University, Namangan, Uzbekistan

ORCID ID: 0009-0000-9392-4787

(E-mail: ganiyeva1011@gmail.com)

\*Corresponding author: ganiyeva1011@gmail.com)

### ARTICLE INFO

#### Keywords:

Arabic-Kipchak dictionary, historical linguistics, Mamluk period, Turkic philology, verb conjugation, manuscript studies, Bulghat al-Mushtaq, Turkic etymology, medieval lexicography, Turkic languages, comparative grammar.

IRSTI 16.41.31

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-4-131-146>

### ABSTRACT

This article explores the linguistic, codicological and structural features of the 14th-century manuscript *Kitabu Bulghatil al-Mushtaq fi Lughat at-Turk wa-l-Qifchaq* written by Jamaliddin at-Turki. Composed during the Mamluk period in Egypt, this bilingual glossary was intended to assist Arabic-speaking scholars learn the Kipchak branch of the Turkic language family. Despite its significance in the field of historical Turkology, the manuscript remains underexplored. This study provides a philological and comparative analysis of the manuscript's noun and verb sections, of the manuscript, identifying lexical correspondences and grammatical continuities between Kipchak Turkic and modern Turkic languages. The manuscript comprises two main sections: noun and verbs, each of which is further subdivided into chapters and subsections. The noun section contains rich thematic vocabulary, ranging from celestial terminology to everyday objects, with examples supported by Arabic and Turkic word pairs. The verb section is organized according to the Arabic alphabet and provides conjugations and derived forms that demonstrate remarkable morphological parallels with contemporary Turkic verb systems. This study highlights the manuscript's pedagogical value and its complex structure, particularly the distinctive diamond-shaped arrangement of word pairs and the systematic strategies employed by the author to maintain semantic coherence and the sequential order of verb entries. Particular attention is given to placed on identifying missing or disordered folios and considering their implications for reconstructing and interpreting the manuscript's original structure. Through rigorous linguistic comparison

and philological analysis, the paper demonstrates the continuity and resilience of lexical and grammatical features in the Turkic language tradition. This reaffirms the value of the manuscript as a critical intermediary in the historical interaction between Arabic and Turkic linguistic cultures. The research reveals that several folios were lost from the manuscript. It is believed that this loss occurred prior to foliation being added, as the lexical order between consecutive pages is disrupted and the catchword on page A does not correspond to the initial word on page B. Nevertheless, the folio numbers, added later, remain in the correct order, suggesting that the missing folios were absent when foliation was added. These findings make a valuable contribution to historical Turkic linguistics and manuscript studies, providing new insights into the codicological organization and pedagogical function of medieval Arabic – Kipchak glossaries. This comprehensive approach enriches our understanding of language contact and continuity within the Turkic world.

**Б. Жафаров<sup>а</sup>**

<sup>а</sup>*Наманган мемлекеттік университеті, Наманган, Өзбекстан*

ORCID ID: 0000-0002-9983-3795

(E-mail: mega.botir@mail.ru)

**Б. Ганиева<sup>б</sup>**

<sup>б</sup>*Наманган мемлекеттік университеті, Наманган, Өзбекстан*

ORCID ID: 0009-0000-9392-4787

(E-mail: ganiyeva1011@gmail.com)

\*Байланыс үшін автор: ganiyeva101@gmail.com

### **Китабу Булғат әл-Мұштак фи Луғат әт-Түрк уәл-Қыпшақ қолжазбасының кодикологиялық және тілдік құрылымы**

**Аннотация.** Бұл мақалада Жамаладдин әт-Түрки тарапынан XIV ғасырда жазылған Китабу Булғат әл-Мұштак фи Луғат әт-Түрк уәл-Қыпшақ атты қолжазбаның тілдік, кодикологиялық және құрылымдық ерекшеліктері жан-жақты талданады. Мәмлүк кезеңінде Мысырда құрастырылған бұл қос тілді глоссарийдің басты мақсаты – араб тілді ғалымдарға қыпшақ тармағына жататын түркі тілін үйрету және оны жүйелі түрде меңгеруге мүмкіндік беру болған. Тарихи түркология саласында аса құнды ескерткіш ретінде бағаланғанымен, аталмыш қолжазба әлі күнге дейін ғылыми тұрғыда толыққанды зерттелмей келеді, сондықтан оның маңызы ерекше назар аударуды қажет етеді. Зерттеу барысында қолжазбаның есімдер мен етістіктер бөлімдері филологиялық әрі салыстырмалы талдау әдістері арқылы қарастырылды. Осы талдаулар қыпшақ түркі тілі мен қазіргі түркі тілдері арасындағы лексикалық сәйкестіктер мен грамматикалық ұқсастық-

Received 24 May 2025. Revised 30 June 2025. Accepted 20 September 2025. Available online 30 December 2025.



**For citation:** B. Jafarov, B. Ganiyeva Codicological and linguistic structure of Kitabu Bulghat al-Mushtaq fi Lughat at-Turk wal Qifchaq // Turkic Studies Journal. 2025. T. 7. № 4. P. 131-146. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-4-131-146>

тарды анық көрсетті. Қолжазба екі ірі бөлімнен тұрады: есімдер бөлімі және етістіктер бөлімі, олардың әрқайсысы өз ішінде тарауларға және қосымша шағын бөлімдерге бөлінеді. Есімдер бөлімінде аспан денелеріне қатысты терминдерден бастап, тұрмыстық заттарға дейінгі кең ауқымды тақырыптық сөздер қамтылған. Бұл сөздер араб және қыпшақ тілдеріндегі балама жұптар арқылы берілген, сондықтан олар тілдік салыстыруға өте қолайлы. Етістіктер бөлімі араб әліпбиінің тәртібі бойынша жүйеленген және онда етістіктердің әртүрлі шақтардағы жіктелуі, сондай-ақ туынды формалары ұсынылған. Бұл мысалдар қазіргі түркі тілдерінің етістік жүйелерімен айқын морфологиялық параллельдер танытады. Зерттеу қолжазбаның педагогикалық маңызын, күрделі құрылымын және әсіресе сөз жұптарының ерекше ромб тәрізді орналасуын айқындайды. Сонымен қатар, автор семантикалық үйлесімділікті және етістіктердің бірізділігін сақтауда жүйелі тәсілдерді қолданғаны байқалады. Мақалада сондай-ақ қолжазбаның бастапқы құрылымын түсінуге кедергі келтіретін жоғалған немесе реті бұзылған парақтар мәселесіне де ерекше көңіл бөлінеді. Талдау нәтижесі көрсеткендей, бұл парақтар беттерге нөмір қойылмай тұрып-ақ жоғалған, өйткені “а” бетінің соңғы сөзі мен “б” бетінің алғашқы сөзі арасында логикалық байланыс сақталмаған. Алайда кейін қосылған нөмірлеу дұрыс ретпен берілген, бұл жойылған парақтардың нөмірлеу кезінде-ақ жоқ болғанын айғақтайды. Қорытындылай келе, филологиялық және салыстырмалы әдістер арқылы жүргізілген бұл зерттеу қолжазбаның түркі тілдерінің тарихи дамуы мен араб-түркі тілдік дәстүрлер арасындағы сабақтастықты сақтаудағы орны айрықша екенін дәлелдейді. Алынған нәтижелер мәмлүк кезеңіндегі араб-қыпшақ тілдік байланыстарын тереңірек түсінуге мүмкіндік беріп, түркі тілдерінің тарихи дамуын зерттеуге жаңа деректер ұсынады. Бұл еңбектің ғылыми маңызы – ортағасырлық глоссарийлердің педагогикалық және филологиялық дәстүрін айқындауда.

**Кілт сөздер:** араб-қыпшақ сөздігі, тарихи тіл білімі, мәмлүк дәуірі, түркі филологиясы, етістік жіктелуі, қолжазба зерттеулері, Булғат әл-Мұштак, түркі этимологиясы, ортағасырлық лексикография, түркі тілдері, салыстырмалы грамматика.

**Б. Джафаров<sup>а</sup>**

*<sup>а</sup>Наманганский государственный университет, Наманган, Узбекистан*

ORCID ID: 0000-0002-9983-3795

(E-mail: mega.botir@mail.ru)

**Б. Ганиева<sup>б</sup>**

*<sup>б</sup>Наманганский государственный университет, Наманган, Узбекистан*

ORCID ID: 0009-0000-9392-4787

(E-mail: ganiyeva1011@gmail.com)

\*Автор для корреспонденции: ganiyeva1011@gmail.com

### **Кодикологическая и лингвистическая структура рукописи Китабу Булгат аль-Мұштак фи Лугат ат-Турк ва аль-Кипчак**

**Аннотация.** В данной статье всесторонне рассматриваются лингвистические, кодикологические и структурные особенности рукописи XIV века Китаб Булгат аль-Мұштак фи лугат ат-Турк ва аль-Кипчак, созданной Джамалиддином ат-Турки. Этот уникальный двуязычный глоссарий был составлен в Египте в период Мамлюков и



изначально предназначался для арабоязычных ученых, которым необходимо было овладеть кипчакским вариантом тюркских языков. Несмотря на то, что рукопись имеет исключительное значение для исторической тюркологии, до настоящего времени она остаётся недостаточно изученной, и потому каждое новое исследование существенно расширяет представления о её содержании и значимости. Проведённое исследование основано на филологическом и сравнительном анализе, в ходе которого подробно изучены разделы имён и глаголов. В результате анализа выявлены как лексические соответствия, так и грамматические параллели между кипчакским тюркским и современными тюркскими языками. Структурно рукопись делится на две основные части – раздел имён и раздел глаголов, каждая из которых подразделяется на главы и подглавы. Раздел имён охватывает широкий круг тематических словарей: от терминов, связанных с небесными телами, до слов повседневного обихода. Эти материалы представлены в виде парных арабско-кипчакских лексем, что подчёркивает дидактическое назначение текста. Раздел глаголов систематизирован по алфавиту арабской письменности. В нём приводятся иллюстрации формообразовательных и словообразовательных форм, которые обнаруживают разительные морфологические параллели с современными тюркскими глагольными системами. Особое внимание уделяется сложной структуре рукописи, включающей характерное ромбовидное расположение словарных пар, а также приёмам автора, направленным на сохранение семантической целостности и логической последовательности. Исследование выявило проблему утраченных листов: нарушение лексического порядка между последовательными страницами свидетельствует о том, что часть материала исчезла ещё до внесения пагинации. При этом нумерация, добавленная позднее, остаётся последовательной, что указывает на давность утраты. В целом работа подтверждает преемственность и устойчивость тюркской языковой традиции, а сама рукопись предстает важным связующим звеном между арабской и тюркской культурно-языковой средой. Полученные результаты имеют важное значение для исторического тюркского языкознания и кодикологических исследований, так как раскрывают особенности педагогического и лексикографического подхода автора. Работа углубляет понимание языковых контактов и преемственности в тюркском мире.

**Ключевые слова:** арабско-кипчакский словарь, историческая лингвистика, мамлюкский период, тюркская филология, спряжение глаголов, исследование рукописей, Булгатил Муштак, тюркская этимология, средневековая лексикография, тюркские языки, сравнительная грамматика.

## Introduction

To understand the Egyptian Mamluks and clarify the ethnic composition of the Kipchak and Circassian Mamluks, attention must be paid to their language, as this is an important part of their ethnic identity. Determining the language of the Mamluks who ruled Egypt and Syria during the 13th–15th centuries requires a comprehensive study of the relevant manuscripts. Ancient medieval manuscripts written in the Kipchak language should be considered a shared heritage of all Turkic peoples. Given that language materials in the ancient Kipchak language have been preserved in the modern Kipchak language, it can be said that manuscripts written in the Mamluk-Kipchak language play a significant role in the study of the social, ethnic,

political, literary, cultural and linguistic histories of modern Turkic peoples, particularly Kazakhs, Karakalpaks, Nogais, Tatars, Bashkirs, Karaims, Karachay-balkars, Kumyks, Crimean Tatars, Crimeans, Kyrgyz and Altai peoples of the Kipchak group (Aubakirova et al., 2015: 575). Historical documents are invaluable not only for examining linguistic features but also for reconstructing the cultural and social contexts of their respective periods, as well as for tracing the etymological roots of modern lexical units. Among the Turkic manuscripts, *Kitabu Bulghat al-Mushtaq fi Lughat at-Turk va-l-Qifchaq* (hereafter referred to as *Bulghat-il Mushtaq*) a 14th-century work by Jamaliddin at-Turki, merits detailed investigation. This manuscript has not been sufficiently explored by scholars and contains a glossary of Arabic terms translated into Turkic. Composed during the period when the Mamluks ruled Egypt (1250 – 1517) and both Arabic and Turkic were used as the main languages of science and administration, this manuscript served as an invaluable guide for Arabic speakers wishing to learn Turkic. Today, it continues to serve as a rich source for philological research.

### Materials and research methods

The manuscript was first edited and published by the Polish Turkologist A. Zajaczkowski in 1938<sup>1</sup>. It was destroyed in a fire that also consumed the former Eastern Institute of the University of Warsaw, in September 1939<sup>2</sup>. The second part of the work, devoted to verbs, was published in 1954, while the first part was reprinted in 1958 (Zajaczkowski, 1938; 1954; 1958; 1965). The contributions of Sh. Fayzullayeva (1969) are particularly valuable. The doctoral dissertation of Kazakh scholar G. Gaynutdinova<sup>3</sup>, which examines the manuscript from a historical-linguistic perspective, is a foundational source for the current study. Additionally, the work of Turkish scholar Al-Turk Gulhan<sup>4</sup> provides notable insights, including a thorough comparative linguistic analysis of the *Bulghat al-Mushtaq* manuscript (Ganiyeva, 2025c: 218).

This study adopts a codicological, philological and comparative-historical approach to re-evaluating *Bulghat al-Mushtaq*. The codicological analysis examines foliation, catchwords and diamond-shaped line layouts to identify discontinuities between adjacent folios. Although folio numbers were added later, their uninterrupted sequence suggests that any missing leaves were lost before foliation.

From a philological perspective, the study documents grammatical rules and phonetic distinctions, paying particular attention to structural features such as noun pluralization, possessive marking, imperative formation and the seventeen verb paradigms in the inventory.

Comparative-historical and typological methods are employed to contextualize the vocabulary and morphology of the glossary within the broader Mamluk – Kipchak corpus. Where appropriate, alignments are drawn with the contemporaneous manuscript *Tarjumon Turki Ajamiy wa-Moghuliy wa-Farsi* in order to trace lexical continuities and etymological

<sup>1</sup> Zajaczkowski A., 1938. Manuel Arabe de la langue des Turcs et des Kiptchaks (Epoque de l'État mamelouk). The Warsaw society of Sciences and Letters publication of the Oriental Commission, N 2, Warszawa.

<sup>2</sup> Fayzullaeva Sh., 1969. Issledovanie yazika pamyatnika XIV v. "Kitabu bulg'at al-mushtaq fi lug'at at – turk va-l qifchaq" Djamalad - Dina at-Turki: diss. kand. filol. nauk (PhD diss.). Tashkent. 6p.

<sup>3</sup> Gaynutdinova G., 2005. Istoriko-lingvisticheskiy analiz tyurko-tatarskogo pis'mennogo pamiatnika XIV veka Džemal' ad-Dina at-Turki «Kitab bulgat al-mushtak fi lugat at-Turk wa-l-Kipchak»: diss. kand. filol. nauk (PhD diss.). Kazan'.

<sup>4</sup> Al-Turk G., 2012. Kitābu bulgatu'l-muštāk fī luḡati't-Türk we'l-Kıfçāk üzerine dil incelemesi. Yayınlanmamış Doktora Tezi, Gazi Üniversitesi Sosyal Bilimler. Ankara.

developments. Relevant extralinguistic factors (e.g. scribal practice and pedagogical function) are also considered. Cross-references to cognate Mamluk – Kipchak manuscripts in which the lexical order is preserved are employed to identify and verify textual lacunae where semantic or alphabetical continuity is interrupted.

### Research background

Біз өз зерттеуімізде осы аталған ғалымдардың жинақтаған материалдары негізінде Қытай ғалымы Чэн Суло ұсынған нұсқа (Чэн Суло, 1978: 11-21) мен Ресей ғалымы В. Васильев 1897 жылы жазған «Китайские надписи на Орхонских памятниках в Хөшөө-Цайдаме и Карбалгасуне» (Васильев, 1887: 1-36) атты жинағын, бұдан өзге, қытайлық мәтінді тәптіштей зерттеген Г.Шлегель нұсқасындағы және Ханада Тору еңбектеріндегі мәтінтанулық зерттеулерді негіз еттік және өзара салыстырдық. Зерттеу барысында деректану ғылымының деректерді сұрыптау, салыстыру және толықтыру әдістері, зерттеу нәтижелерін кеңінен пайдалану және кез келген тұжырымға сын көзбен қарау, алынған деректерді өзге дерек көздерімен салыстыру өлшемдері, жалпыға бірдей тарихнамалық ұстанымдар мен ғылыми этика принциптері басшылыққа алынды.

### Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Алып Білге қаған ескерткіші 814 жылы оның тірі кезінде орнатылған соң, көп өтпей, 840 жылы Орхон Ұйғыр қағанаты күйреді. Одан кейін бұл ескерткіш негізінен қараусыз қалды әрі әдейі бұзғыншылыққа ұшырады. Кейін, 1252-1253 жылдары Моңғол империясының астанасына сапар шеккен парсы тарихшысы Ата-Мәлік Жувейни оны алғаш байқап, қытайша мәтінді ешкім оқи алмағанын жазды (Қайыркен, 2022: 27). 1889 жылы Н.М. Ядринцев<sup>2</sup> басқарған Ресей география қоғамы Шығыс Сібір бөлімшесінің экспедициясы Моңғолияға жасаған сапары кезінде ғана бұл ескерткішке жеткілікті назар аударды (СТОЭ, 1892: 54). 1890 жылы Фин ғалымы А.О. Гейкель Орхон бойына сапар шегіп, ондағы үш тілді мәтінге көшірме жасап, сипаттамасын жазды әрі фотоға түсірді. 1892 жылы ондағы жазбаларды өзінің әйгілі «Орхон ескерткіштері» (Inscription de L Orhon recueillies par l expedition Finnoise 1890 et publiees par la Societe Finno-ougrienne) атты атласына енгізді (Heikel, 1882: 38). А.О. Гейкель экспедициясынан соң, бір жылдан кейін В.В. Радлов Моңғолияға барып, Орда-Балық қаласындағы үш тілді мәтіннің барлығын эстампажға алды. Ол қытай мәтінінен алған эстампажын Орхон экспедициясы жинағының 31, 32, 34 таблицаларында жариялады (Радлов, 1892: 1-12). Одан соң Г. Шлегель осы аталған экспедиция материалдарын зерттей келе қытай иероглифтерінің әрбіріне мұқият тоқтала отырып, 1896 жылы өз аудармасын жариялады (Schlegel, 1896: 141).

Г. Шлегельден кейін Ван Говэй, Чэн Суло, Ханада Тору секілді қытай және жапон ғалымдары ескерткіштің қытайша мәтінін қалпына келтіру және ондағы сөз-сөйлемдер мен ұғымдарды, информацияларды деректану тұрғысынан зерттеуге көп еңбек сіңірді. Одан бөлек, Лю Итан Орхон ұйғырларының атауын, олардың қалыптасуы мен дамуын,

<sup>2</sup> Ядринцев Н.М., 1892. Отчет экспедиции на Орхон, совершенной в 1889 г.. СТОЭ. СПб. Вып. 1. С. 79-81.


қағандарын, қоғамдық жағдайын, мәдениетін, Таң әулетімен байланысын жан-жақты зерттеді (Лю Итан, 1975). Аталмыш ғалымдардың зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, Т.З. Қайыркен Орда-Балық ескерткішінің мәтінін максималды деңгейде қайта толықтап, мәтінді әр сөйлемі бойынша деректану тұрғысынан тәптіштей зерттеді әрі тарихи атаулар мен ұғымдарға түсіндірме жазды (Қайыркен, 2024: 376-377).

Қытайша жазба алғаш табылған кезде сегіз бөлікке бөлініп сынып жатқан болатын. Олардың арасынан екі үлкен сынығы 1909 жылы Ресей экспедицияшылары тарапынан Санкт-Петербургке артып әкетілді. Кейін ресейлік В. Радлов, голландиялық Г. Шлегель, франциялық Э. Шаванн (Chavannes), қытайлық Ли Вэньтянь, Ван Говэй секілді ғалымдар тұс-тұсқа тарап кеткен бұл нұсқаларды өзара біріктіріп, әр түрлі альманахтарда жариялады. Бұған дейін тұтас жазбаның кей тұстарын түгендеу мүмкін болмаса да, тұтас жазбаның бас-аяғы толықтанып, жалғап оқуға болатындай жағдайға келді. Жоғарыдағылармен бір уақытта жапон ғалымы Ханеда Тору да өз алдына зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ол «Таң дәуіріндегі ұйғыр тарихы туралы зерттеуде» (唐代回鶻史之研究) жарияланған «Тоғыз оғыз Білге қаған ескерткішінің» реттелген нұсқасы мен Пекин Орталық ұлттар институтында сақталып келген XX ғасырдың бас кезінде аталмыш ескерткіштің өзінен алынған эстампажды салыстыра зерттеп, түсініктеме жазды.

### Талдау

Қарабаласағұндағы осынау тас ескерткіште қашап қалдырылған қытайша жазба негізінен Түркі қағанатының жалғасы ретінде бой көтерген Ұйғыр қағанатының сонау Хошу (護輸) хан, Құтлық Көл Білге хандардан (Құлбойла, қытайша – 骨力裴羅) бастап, кейінгі Баянчұр Горхан (Тәңірде болмыш Елетмыш қаған – 葛勒可汗 немесе Баянчур 磨延啜), Бөгу хан (牟羽可汗, Тәңір қаған немесе Ай тәңірде Құт болмыш Көл Білге қаған), Ай Тәңірде құт болмыш Алып Білге қағанға дейінгі кездегі тарихынан сыр шертеді.

VIII-IX ғасырлардағы Ұйғыр қағанатына байланысты “ұйғыр” этнонимі В.В. Радловтың пікірінше, VIII-IX ғасырларда түркі тілінде “ұйю, бірігу, ынтымақтасу” деген мағынаны берген. Бұл термин 1909 жылы фин ғалымы Г.И. Рамстедт (G.J. Ramstedt) Моңғолияның Түшээт хан аймағының Шинэ-ус көлі (Селенга өзеніне таяу жердегі – авт.) атырабынан тапқан Елетміш Білге қағанның үшінші ескерткішіне ойып жазылған. Бұл ғылым әлеміне бірінші рет танылған Ұйғыр қағанаты (745-840) дәуіріне тән көне түркі жазуындағы ескерткіш еді. Аталмыш таста: “anta qalmyşu bodun on ujur toquz oğuz üze yüz jyl olurmyş ...” (ол жерде қалған



1-сур. Орда-Балық ескерткіші мәтінінің фрагменттері.

Fig. 1. The fragments of text Orda-Balik.

Рис. 1. Фрагменты текста Орда-Балык.

<https://www.chinanews.com.cn/cr/2011/0321/1104070089.jpg>

халық – он ұйғыр, тоғыз оғыз үстінде жүз жыл отырып...) деген жолдар кездеседі (Сартқожаұлы, 2002: 79). 1976 жылы Қ.Сартқожаұлы мен С.Г. Кляшторный құрамында болған моңғол-кеңес біріккен экспедициясы Моңғолияның Хөвсгөл аймағынан тапқан Елетміш Білге қағанның бірінші ескерткішінде де “біріккен, бірігу” мағынасында жұмсалған “*цјүиғмуғ*” сөзі кездеседі. Бұл сөздің түбірі – “*цјүиғ*”, ал “*муғ*” – анықтауыш сипатты өткен шақ қосымшасы (Сартқожаұлы, 2003: 3). Сондықтан, «ұйғыр» сөзі түркі тілінде «ұйю», «бірігу», «байлану» деген мағынаны беретіндіктен, оның үстіне, Орхон түріктерінің тарихындағы үшінші үлкен саяси билік болып табылатындықтан, Ұйғыр қағанатын ғылыми тілде «Біріккен Түркі қағанаты» немесе Үшінші Түркі қағанаты деп атаған жөн.

Ертеде Түркі қағанатын құрушы түріктер түріктің Ашина тайпасынан шықса, Ұйғыр қағанатын құрушы ұйғырлар түріктің яғлақар тайпасынан шыққан еді (Зәкенұлы, 2005: 43). Үшінші Түркі (Біріккен Түркі немесе Ұйғыр) қағанаты анағұрлым көп түрік-оғыз тайпаларының бірлестігінен тұратын. Осы және басқа да ұқсастықтарды назарға ала отырып, неміс ғалымы А. Габайн: “745 жылы түріктердің ішінен шыққан, ұлты түрік ұйғырлар олардың Моңғол даласындағы мұрагері және талай жылғы салт-дәстүрлерінің куәгері ретінде жарыққа шықты” – дейді (Gabain, 1989: 6).

840 жылы Ұйғыр қағанаты күйрегеннен кейін, оның тікелей ізбасары ретінде Орхон бойында көне түріктердің Найман, Керей, Меркіт сынды тайпалық мемлекеттері дүниеге келді. Қытайдың “Ляоши” (辽史) және “Цзиньши” (金史) атты тарихи деректерінде, “найман” атауы “нанбаг” (няньбагэ 粘八葛), “нанбан” (няньбаэнь 粘拔恩) деген аттармен хатқа түскен. Сондай-ақ, қытай зерттеушілері олардың Алтай тауында көшпенді мал шаруашылығымен шұғылданып, батыста Ертіс өзеніне, солтүстікте қырғыздарға дейін иелік құрғанын растайды [Чунго байкэ., 1999: 3880]. Бұлардың тілі көне түріктік болып қала берді. Тіпті Орта Азияға көшкен түріктердің тілі де байырғы қалпын сақтады. Гэн Шиминьнің пікірінше: Қарахан мемлекетінің түрікше жазба тілі мен Орхон ескерткіштерінің және Идікұт Ұйғыр мемлекетінің жазба тілі арасында айтарлықтай айырмашылықтар жоқ, тек айырым диалекттер ғана болған (Гэн Шиминь, 2003: 492).

Төменде біз Орда-Балық ескерткішіндегі қытайша мәтінді (қосымша-1) деректану тұрғысынан сараптап көрейік. Ескерткіштегі қытайша мәтін жоғарыдан төменге қарай жазылған. Сол бойынша оңнан солға қарай қатарласқан 24 жолдан тұрады. Әр жолға 71 иероглиф сыйдырылған. Төмендегі талдауда алынған сөйлемдердегі нумерация осы заңдылыққа сай таңбаланған. Мысалы: Алып Құтлы Білге қаған (合汨咄祿毗伽可汗) (11.38-11.45 жол.) дегендегі тырнақша ішіндегі 11 саны 11-жолды, 38-45 сол жолдағы 38-тен 45-ке дейінгі 8 иероглифті көрсетеді.

#### 1. Жазбада қамтылған нақтылы деректер

##### 1) Ескерткішті орнатушы әрі бәдіздеуші туралы мәліметтер:

Ескерткіштегі қытайша жазбаның I жолында (1.57-1.65) ескерткішті Алып Инанчу Баға тархан жазды (合伊難主莫賀達幹撰) деп жазылған. “Баға” – байырғы түркілердің лауазымы. “Тархан” – лауазым. Бұдан соң II жолда екі жерде “Баға тархан Цзие-юй Цзялицзясы” (莫賀達幹頡紇伽哩伽思), “Цзие-юй Цзялицзясы” (頡紇伽哩伽思) деген адам аты жазылған тік жазу (2.5-2.14 және 2.24-2.29 иероглифтер) кездеседі. Ал Қытай ғалымдары Пекиндегі Орталық Ұлттар институтының кітапханасында сақтаулы тұрған эстампаждың оң жағындағы сынық таста “Ішкі уәзір Ел-Үлгесі” (內宰相頡于伽思) деген сөз кездесетіндігін алға тартады. Сонымен ескерткіштің басында үш адамның аты кездеседі. Олар:

Бірінші: ...Алып Инанчу Баға тархан жазды 合伊難主莫賀達幹撰

Екінші: Баға тархан Цзие-юй Цзялицзясы (莫賀達幹頡紇伽哩伽思),

Жиєюй жялижяс (頡紇伽哩伽思)

Үшінші: Ішкі уәзір Ел-Өгесі (內宰相頡於伽思)


Бұлардың ең біріншісі Алып Инанчу Баға тархан (合伊難主莫賀達幹) осы ескерткішті өз қолымен жазған адам. Ол туралы ескерткіштің өзінде де «жазған деген сөз оның атынан кейін тіркесіп тұр. Бұған талас жүрмейді.

Ал екінші Баға тархан Цзие-юй Цзялицзясы (莫賀達幹頡紇伽哩伽思) немесе Цзие-юй Цзялицзясы (頡紇伽哩伽思) деген адамның кім екені белгісіз. Ол туралы ешқайда ешқандай дерек жоқ.

Үшінші адам Ішкі уәзір Ел-Өгесі (內宰相頡於伽思) дегенге келсек, ол бұл мәтінде жоқ, тек Пекиндегі орталық ұлттар университетінің мұражайында тұрған ескерткіш тастың сынық фрагментінде сақталып қалған жазу. Бұл тас кезінде ескерусіз қалғандықтан, одан бұрынғы Г.Шлегель мен В.Васильев пайдаланған нұсқаларда және А.О. Гейкельдің атласында көрсетілмеген. Қытай зерттеушілерінің аталмыш ескерткішпен танысуы тек 1911 жылдан басталған және ескерткіш тастың бұл сынған бөлігі кейінірек Пекинге әкетілген. Қытай зерттеушісі Чэн Сулоның (程邈洛) пікірінше, СТШ ХЧ-де аты аталатын 頡幹伽思 ескерткіш тастың осы бөлігіндегі ішкі зайсан 頡於伽思-тың нақ өзі. Қытайша сие-юйгаясы (頡於伽思) деп аталатын бұл кісі аты оның пікірінше көне түрік тілінде “il-ügäsi” (國榮), яғни “ел үлгісі” деген сөз дейді (Линь Гань, 1987: 711). Қытайша 頡 иероглифінің түрікше “Ел” ұғымын беретіні әрі оның дыбыстық аудармасы екені мәлім. Бұл тұрғыдан Чэн Сулоның пікірімен әбден келісуге болады. Сол бойынша мен осы кітаптың алғашқы басылымында оны «ел үгесі» деп алған едім. Ғалым Қ. Сартқожаұлы кітапты оқып шыққаннан кейін маған жазған хатында: «бұл сөзді Чэн Сулоның “il-ügäsi” деп жаңғыртқаны дұрыс. Дегенмен әлі кемшілік бар. “il-ügäsi” «ел үлгісі» дегенді меңземейді. Ол «абыз» (білгір, шешен) деген мағынаны берген. Көптеген түпнұсқада солай. Осы Орда-Балық үш тілді ескерткішінің соңғы мәтінінде «δwk('wz) 'w'wz 'yl 'wk'sy» – «тоғыз оғыз ел өгесі» деп анық жазылған (соғды мәтіні 3-жол). Сондықтан бұл тіркеске күманданба. Соғды мәтінінде «тоғыз оғыздан шыққан Ел Өгесі (Ел абызы) Алып Инанчу Баға тархан жазды» деп тұрып тасқа соғды тілінде жазып қалдырылған екен, – деген пікірін жолдапты. Ендеше, мәтінді түпнұсқадан оқыған ғалымның бұл пікірімен қалай келіспеске. Демек, «Ел-өгесі» адам атынан көрі оның атақ-айдары болғаны.

2) Көл қаған мен Бөгу қағанның Таң әулеті тарапта тұрып, Ан-Лу-шань-Сы Шиминь бүлігін жаныштаудағы ерліктері:

Ескерткіштің 3.62-6.22 жолындағы төмендегі мазмұндар бастау сөзді Ашина әулетіне қарсы қыр даладағы



2-сур. Ұйғыр қағанаты (745-840).

Fig. 3. Uighur khaganate (745-840).

Рис. 2. Уйгурский каганат (745-840)

[https://mtuugii.blogspot.com/2010/11/blog-post\\_17.html](https://mtuugii.blogspot.com/2010/11/blog-post_17.html)

түрік тайпаларының басын қосып, 745 жылы Болмыш қағанды өлтіріп, билік басына келген Құлбойладан (Құтлық Білге Көл қаған), оның әкесі Хошуды тілге тиек етуден бастайды.

Осында айтылатын Көл қаған дегені Құлбойла. Оның толық аты Құтлық Білгі Көл қаған (骨咄祿毗加闕可汗 745-747 жж. тақта отырған). Ол 745 жылы тоғыз оғыздарға бас болып, Таң әулетінің қолдауымен Ашина әулетін тақтан тайдырып, Біріккен Түркі қағанатын құрды және оған Ұйғыр (ұйғыш, берекелі деген мағынада – К.Т.) қағанаты деп ат берді. Таң әулетінің оны қолдайтын себебі ол арқылы Ашина әулетінің билігіне тежеу салу, олар тарапынан төнген қауіптен арылу еді. Құтлық Білгі Көл қаған заманында Біріккен Түркі қағанаты көркейіп, қабырғасы қатайды. Ол қайтыс болғаннан кейін, орнына ұлы – осы ескерткіште Тәңірде болмыш Ел-етміш Білге қаған (登裏羅沒蜜施頡德蜜施毗伽可汗) деп аталған Баянчур қаған (磨延啜 747-759) отырды. Оны тарихи деректерде Гөр хан (葛勒可汗) деп те атайды. Біріккен Түркі (Ұйғыр) қағанаты оның кезінде жалғасты түрде күшейді. Керісінше, Таң әулеті ішкі-сыртқы күштердің қыспағымен одан сайын мүшкіл жағдайға тап болды. Сондықтан Біріккен Түркі қағанаты Баянчур қаған кезінде Шығыстағы бірден бір құдіретті мемлекетке айналды.

Бұл кезде Таң империясы Атлақ шайқасында жеңілген соң, 755 жылы әскери төрелер Ань Лушань, Сы Шимин Тан билігіне қарсы көтеріліс қозғады. Екі астана мен Хэбэйдағы 13 аймақ төңкерісші армияның қолына өтті. Осы кезде Баянчур қаған Таң патшасының өтініші мен өз ұлы Ябғұ тегіннің бастауында әскер кіргізіп көтерілісші армияны жаныштады. Мұрагер патша Тан Суцзун Чан-ань мен Лоян сынды екі астананы қайтарып алды. Бірақ Баянчур қаған ұзақ өтпей 759 жылы қайтыс болды. Сол жылы оның атына қазіргі Моңғолияның Могойн Шинэ-ус деген жерінде көне түркі графикасымен қашалған ескерткіш қойылды.

1909 жылы И. Рамстед бастаған Финляндияның фин-угор қоғамының экспедициясы Түшетхан аймағындағы Могойн Шинэ-ус деген жерінде жатқан сол ескерткішті бірінші болып тапты әрі ондағы жазбаның эстампажын алып, 1913 жылы неміс тілінде жариялады (Ramstedt, 1913: 3–63). 1914 жылы орыс ғалымы А. Руднеев оның орысша аудармасын жариялады. 1976-1980 жылдары ескерткіш жазбаның үш бірдей көшірмесі жасалып, мұқият зерттелді (Харжаубай, 1982: 3–42). Бұнда қағанның тірі кезінде істеген келелі істері түгелімен жазылған. Ал қытай деректерінде қағанның «Ань Лу-шань, Сы Шиминь бүлігін» жаныштаудағы ерлігі мен Ниньго ханшайымның оған ұзатылуы, қағанның өз балдызын Дағатқа (Дунхуан) бегі Чэнцайға (敦煌郡王承柰) бергені, патшаның оған Білге қатун атағын беріп, кейін атақты бикелердің тізіміне қосқандығы т.б жағдайлар ғана сөз болса, бұнда қағанның Ашина түркілерінің үстемдігін аударуы, жаңадан мемлекет құруы және оны нығайту жолындағы істері хронологиялық тәртіппен баяндалады. Сондықтан ол қытай деректерін толықтайтын тың мазмұндарға бай деуге болады.

Баянчур қаған қайтыс болған соң орнына екінші ұлы Идікен (移地健) таққа шығып, өзін Бөгу (牟羽) қаған деп атады. Кей әдебиеттерде Тәңір қаған деп те аталады. Ескерткіш жазбаның 6.23-6.44 жолындағы: Ұлы Айтәңірде Құт болмыш Ел-тұтмыш Алып Қатлық Білге қаған мұрагерлік етті (子愛登裏羅汨沒蜜施頡咄登蜜施合俱錄苾伽可汗繼承) деген жазбалар соған арналған. Оның кезінде Біріккен Түркі қағанаты үздіксіз дамыды. Бірақ Таң әулетінің жағдайы әлі де жақсы емес еді. Көтерілісші армия Чан-ань мен Лояннан қуып шығарылғанымен, Сы Шиминнің асыранды ұлы Сы Чаои (史朝义) әкесін өлтіріп, өзін «Сары патша» деп атап, Лоянға қайта шабуылдап, қаланы басып алады. Осы кезде Бөгу

қаған тағы да жаңадан таққа отырған Таң Дайцзун патшаның өтініші бойынша әскер бастап барып, Сы Чаоидің бүлігін жаныштап, Лоянды қайтарып алады. Ескерткіште ол туралы да толық мәлімет берілген (6.45–7.57 жол).

Бұл жолы Бөгу (Тәңір) қаған түркі жасағына бас болып, Лоянға өзі кіреді. Таң Дайцзун өзінің тұңғыш ұлы, шаһзада Вэй Шэнді бүкіл Таң қосындарының қолбасшысы етіп, Бөгу қағанмен бірлесіп соғысуға жіберді. Қаланы қайтарып алған соң, Бөгу ол маңнан жайлы жер тауып, сонда келесі 763 жылдың көктеміне дейін тұрады.

764 жылы Таң сардары түрік Бүркіт Ғайын Таңға қарсы көтерілді. Бұл жолда ол Ұйғыр қағанатымен және тибеттермен тіл біріктіріп, бірнеше жүз мың қолды бастап, Чан-анға тіке төнді. Чан-ань қауіп астында қалған сәтте Таң сардары Го Цзы-и Түрік қосынының бас штабына келіп, бас қолбасшы, уәзірлер Батұр Баға тархан, Тонбаға тархандармен сөйлесіп, оларды өз тарапына тарта білді. Сөйтіп, екі жақ бірігіп тибет қосындарына соғыс жариялады. Тибеттер Нинсяның Нинлу деген жеріне жеткенде түрік қолы артынан қуып жетіп, бір түннің өзінде олардан 50 мың адамын өлтіріп, қалған 50 мың адамын қолға түсірді. Миллионнан астам ат-көлік, түйе, қой-ешкіге ие болды. Біріккен түркі қағанатының ең қысылтаяң шақтағы бұл жәрдемі үшін Таң патшасы оларға 100 мың топ торғын тарту етті.

Ескерткіш таста осы жайлар еске алынып, Біріккен Түркі қағанаты мен Таң мемлекеті арасында бауырластық одақ құрылып, мәңгі-бақи нағашы-жиен болып қалу туралы қол жеткен уәделер жазылған.

### 3) Манихей дінінің түріктер арасына таралуы:

Біріккен Түркі қағанаты кезі Шығыс пен Батыс арасындағы саяси, мәдени, рухани қарым-қатынастың ең бір жанданған кезеңі ретінде тарихта қалды. Орда-Балық ескерткішінің үш тілде жазылуы манихей дінінің Қытай арқылы Ұйғыр қағанатына таралуымен тікелей байланысты. Тонбаға тарханның Бөгу қағанға қосып, 2 мың соғды саудагерін өлтіруі – бұл кезде манихей дінінің түріктердің рухани өміріне дендеп кіріп, оларды дәстүрлі көзқарастар мен ұстанымдарынан айныта бастағанынан дерек беретін.

719 жылы маусым айында Тохар мемлекетінің патшасы Жаханиян шығыстағы елдерге дін тарату ісін манихей дінінің мозысы (пірәдері) Фурстаданға жүктейді. Олар манихей дінінің шығыстағы ірі ел Таң империясында кең қанат жаюын армандады. Бірақ бұл діннің таралуы Таңның астана байтағы Чананда қарсылыққа ұшырады. Сол себепті, Парсы мен Тохар елдерінен келген бұл дін Қытай елінен өз мүриттерін таба алмады (Зәкенұлы, 2008: 80).

Ай тәңірде Құт болмыш Көл Білге қаған (Бөгу қаған немесе Тәңір қаған) Лояндағы кезінде сонда дін таратып жүрген шетелдік мозымен (дін таратушы пірәдер) кездесіп, бұл діннің уағыздары жөнінде ұзақ әңгімелескеннен кейін, будда дініне деген сенімнен бет бұрып, манихей дінін қабылдайды (Chavanes, Pelio, 1958). Сонымен бірге, төрт бірдей дін таратушыны өзімен бірге Орда-Балыққа алып қайтады. Сыртқы саясаттағы мұндай ашықтық пен өзге мәдениетке деген жатырқаусыз көзқарас кейін келе елдің саяси өмірінде сенім мен пікір алауыздығын пайда қылды.

Соған қарамастан, манихей діні тез арада Ұйғыр қағанатының мемлекеттік дініне айналған. Алып Білге қағанның атына орнатылған аталмыш тас ескерткіш бетіндегі бұл деректер Таң дәуірінде қағаз бетіне түскен өзге де тарихи деректермен негізінен сәйкес келеді. Бөгу 762 жылы 20 қарашада Лоянды толықтай өз бақылауына алып, онда




келесі 763 жылдың наурыз айына дейін тұрады. Сондықтан манихей дінінің Орхон бойындағы түріктер арасына таралуы 763 жылдың сәуір, мамыр айларына тура келеді. Бірақ манихей дінін қабылдаудың алдында оның өзі де әрі-сәрі болып көп толғанады. Ол Лоянда манихей дінінің мүриттерімен ұдайы екі күн, екі түн айтысып-тартысып, үшінші күні өз сенімінен бет бұрады. Манихей дінінің уағыздары оны ерекше әсерлендіреді. Сөйтіп ол халық көп жиналған алқада монахтың алдына иіліп, тағзым етіп, күнәсін кешуді өтінеді (Ян Фусюэ, 2003: 17).

У. Ван мен А. Габайн жинақтаған «Түрікше Тұрфан текстерінің» «Бөгу қағанның дінге кіру естеліктерінде» мынадай жолдар кездеседі:

“Бұл діннің төрт монахы Табғаш елінен келген кезде олар төрт түрлі арманмен келді.....(өшіп қалған).....Бірақ ел үшін, ілім үшін бастарын үлкен қатерге тікті, қысым көрді. ....Тәңір қаған (Бөгу қағанды айтады) мүриттермен екі күн, екі түн кеңесті. Үшінші күні, қаған тәбетін тыйып, мінәжатқа отырды. Ауыр азап шекті. Содан барып оның жан-дүниесі әсерге бөленді. Осылай үздіксіз жалғаса бергендіктен, оның рухи дүниесі әлденені жоғалтқандай арпалысқа түсті. Кейін Бөгу қаған бір үлкен жиналыс ашып, өзі мүриттердің алдына тізерлеп өз қылмыстарын кешуді өтінді” (Bang, 1929: 7–9).

Бұл жайлар Алып Білге қаған ескерткішінде жазылмаған. Дегенмен, ескерткіштегі деректер манихей діні Орхон бойына таралғаннан кейінгі ахуалдан дерек береді. Онда Біріккен Түркі (ұйғыр) қағанаты құрылғаннан бастап Алып Білге қаған дәуіріне дейінгі қағандардың атқарған істеріне, әсіресе, Тәңір қағанның манихей дінін осы елде тарату жолында жасаған еңбегіне жоғары баға береді. Бірақ, аталмыш дін өзінің бүкіл даму тарихында жергілікті шаман дінімен орын алмастыра алмады. Бұл ретте кей зерттеушілердің манихей діні мемлекет дініне айналғаннан кейінгі үшінші жылы шаман діні өмір сүруін тоқтатты (Жу Айшан лян, 1981: 36) деуі сәл ағат айтылған пікір деп есептейміз.

Соғды елінен келген манихей дінінің мүриттері қағанның ең сенімді адамдарына айналып, оның төңірегінде болып, мемлекет істеріне араласып отырды (ЦЧТЦ, 1963: 7638.). Кей деректе қағанның үнемі манихей дінінің мүритімен саяси істерді ақылдасатыны, оған арнап ғибадатхана салдырғаны баяндалады (Ли Чжао, 1979: 66). 840 жылы Біріккен Түркі қағанаты күйреп, тұтас ел Шығыс Түркістан мен Орта Азияға, Хэси дәлізіне көшкеннен кейін, халқының басым бөлігі будда дініне сенсе де, қаған әулеті бәз баяғыдай манихей дініне сеніп қала берді.



3-сур. 1892 ж. Орда-Балық ескерткішінің А.Гейкель сызған сыртқы көрінісі.

Fig. 3. Outside view of monument Orda-Balik in drawing of A.Heikel.

Рис. 3. Внешний вид памятника Орда-Балык в прорисовке А.Гейкеля.



4) Тонбағадан бастап Алып Білге қағанға дейінгі қағандардың істеген істері:

780 жылы ордада саяси өзгеріс болып, қағанның інісі Тонбаға тархан Тәңір (Бөгу) қағанды және оны қолдайтын соғды саудагерлерінен 2 мың адамды өлтіріп қаған тағына отырды. Тонбаға тархан таққа отырысымен өзін Құш Құтлық білге қаған деп атады. Ол ескерткіште: “Ол батыр һәм талантты атойшыл, ішті-тысты керемет адам еді” – делінеді. Ол Таң мемлекетіне өздері үшін берешек қарыздарын қайтартады әрі мемлекет атауының қытайша жазылымындағы «ұйғыр» (хуэйхэ-回纥) деген атауды «құйғыр» (хуэйгу-回鶻)<sup>3</sup> деп өзгертуді ұсынады. 787 жылы ол қайтыс болып, орнына ұлы Талас отырады. Қытай тарихында оны Долосы (多羅斯) деп жазады. Ал ескерткіште оны: “орнына ұлы Тәңірде болмыш Құтлық Білге қаған отырды. Мемлекеттің салт-дәстүрін өзі жөнге келтіріп, бір ізге салды (子登裏羅沒蜜施俱錄毗伽可汗嗣位, 治化國俗, 頗有次序)” – деп естелікке алған (11.14-11.36 жол.). Бұл оның өмірі туралы бізге жеткен бірден бір дерек. Ал қытай деректерінде ол туралы мардымды ештеңе жазылмайды. Бізге белгілісі тек қана оның 790 жылы өз інісі тарапынан өлтірілгені.

Ол қайтыс болған соң орда бектері ақылдасып, оның ұлы Айчурды қаған сайлайды. Мәңгітаста оның лақабы Алып Құтлы Білге қаған (合汨咄祿毗伽可汗) деп жазылған (11.38-11.45 жол.): “Орнына ұлы Алып Құтлы Білге қаған отырды. Ол табиғатынан көңілді жан еді (天姓康樂)” деп естелікке алынады. Айчур 795 жылы қайтыс болады. Осы жылы оның бас уәзірі Құтлық Біріккен Түркі қағанатына қаған болады. Ол осынау тас ескерткіште: Қайтыс болған соң Тәңірде Йөрөлміш алып Құтлық Көл білге қаған оның ізін басты 崩後, 登裏羅羽錄沒蜜施合汨咄祿胡祿毗伽可汗繼承 (11.50-11.71 жол.) деп нақышталған.

Тарихшылар Құтлықтың шыққан тегі едіз тайпасы деседі. Ол биліктегі кезінде мемлекет ішіндегі не алуан жөнсіздіктерді жөнге салады. 805 жылы ол қайтыс болып, орнына Тәңірде Алып Күлік Білге қаған отырады. Ескерткіште де оның аты осылай жазылған: 崩後膝裏野合俱錄毗伽可汗嗣位 (15.57-15.70 жол.). Бірақ оның Құтлықтың ұлы екені немесе басқа тұқымнан екені тарихи деректерде жазылмаған. Бұл ескерткіште де солай. Ол 808 жылы қайтыс болған соң орнына Айтәңірде Құтболмыш Алып Білге қаған отырады (808-821).

Ескерткіште ол таққа отырғаннан бұрынғы жайлар туралы кеңінен баяндалады (12.1-19.14 жол.). Тасқа қашалған бұл жайлар Алып Білге қағанның қаған тағына отырудан бұрынғы және кейінгі өмірінде атқарған істеріне арналған. Таң мемлекетінің оны құрметтеп, оған арнайы ескерткіш қоюға көмектесудегі мақсаты да оның тірі кезінде Таң мемлекетінің игілігі үшін істеген істерін әспеттеу, оны мәңгі есте қалдыру болатын. Ал Алып Білге қағанға келсек, ол өз кезінде Шығыс Түркістанда Таң мемлекетінің ықпалынан пайдаланып өз ырықтылығын сақтап қалуды, сол арқылы көне Жібек жолының өз аумағынан өтуін, одан түсетін пайда көзін қамтамасыз ету үшін Бесбалық сынды маңызды бекіністі жанын сала қорғап, ол жерден тибет күштерін ығыстырып шықты. 815 жылы Ай Тәңірде құт болмыш Алып Білге қаған Табғаш еліне жаушы жіберіп, патша Сян Цзуннен (憲宗 805-820) қызы Тайхэ патшайымды (太和公主) өзіне ұзатуды талап етті. Ол патшаның он жетінші қызы еді.

821 жылы сәуірде Алып Білге қаған қайтыс болады да, орнына ұлы Тәңірде Ұлық болмыш Алып Күчлүк Білге қаған (登裏羅羽錄沒蜜施合汨主錄毗伽崇德可汗) отырды. Бұл қағанның аты да ескерткіште қағыс қалмаған. Сондай-ақ, алдын ала оның бұған дейін істеген істеріне де тоқталып өткен. Бұған қарағанда, осы жолдарды алдын ала жазып

<sup>3</sup>Лашын құстай көкте құйғу.

қою туралы Алып Білге қағанның өзі ұсыныс жасаса керек. Өлгеннен кейін артымда да із қалсын деген ойдан туған қам-қаракет болса керек (19.15-22.20 жол).

Бірақ оның қағандық тақта отырған кезі Біріккен Түркі қағанатының құлдырау кезіне тұспа-тұс келді. Таққа отырысымен әкесі сұратқан Тайхэ ханшаны әмеңгерлікке алады. Ол мемлекетті түрлі діни, саяси, этникалық қақтығыстардан арашалап қала алмады. Нәтижесінде 825 жылы Біріккен Түркі қағанатының тағына Азар Тегін отырып, өзін Ай Тәңірде құт болмыш Құт Білге қаған деп атады. Оның қағандық дәуірі 832 жылға дейін жалғасты. Ол өлтірілгеннен кейін, орнына Құт тегін (Ай Тәңірде Құтболмыш Құш Күчлүк Білге) қаған болды. Бірақ оның отыруы қағанаттың зауалға бет алуын одан сайын тездетті. Орда ішіндегілердің көпшілігі оның билікке келуіне наразы болды. Уәзір Арчун-құм мен Санга тегіндер бірлесіп оған қарсы шықпақ болғанда сезіліп қалып, түгел дерлік өлтірілді. Оның бұл қылығына наразы бас уәзір Төрмер Қарабұлық (掘羅勿) 839 жылы шадалардың көмегімен көтеріліс жасап, ордаға келгенде Құт тегін өзін өзі өлтіреді. Қарабұлық таққа өзі отырмай Апсап тегінді қаған көтереді. Бұл кезде елді ашаршылық жайлап, жұқпалы ауру тарайды. Оның үстіне қалың қар жауып қыруар қой, жылқы жұттан қырылады.

Саяси дағдарыс пен табиғи апаттың қоса қабатталып келуі биліктің ауысуына жағдай жасады. Ақыры 840 жылы қағанаттың әскер басы Күчлүк Баға (句錄莫賀) бас уәзірлердің қылмысына төзіп тұра алмай, қырғыз Ара (阿熱) қағанмен бірлесіп, 100 мың біріккен қол сайлады. Сол жылы қырғыз қолы Біріккен Түркі қағанатын жойды.

## **2. Тарихи оқиғаларға және деректерге талдау**

Ұйғыр қағанаты құлағаннан кейін олардың аумақты бөлігі батысқа қарай көшті. СТШ. ХС-де: “Ұлыс тоз-тоз болды. Уәзірі Сапшық пен Пан тегін он бес тайпа елін бастап, қарлұқтарды паналады. Қалған қалдық бұқара Тибет пен Ансиге қосылды,”- дейді. Осы дерек бойынша тарихшылар батысқа беттеген ұйғырлар (оғыздар) негізінен үш бағытпен көшкен деп жүр. Мұның ішінде қарлұқтар иелігіндегі Тарбағатай мен Жетісуға қарай бағытталған көш ең негізгі бағыт деп есептелген. Жапон ғалымы Т. Мориясу “Батысқа ауған ұйғырлардың (оғыздардың – ав.) легі өте көп болғандықтан, бұл бағытқа сыймаған біраз бөлігі тыңнан сүрлеу салып, үздіксіз алға жылжыды. Солардың бірі Пан тегін Луньтай (Үрімші) маңынан оңтүстікке ойысып, Жұлдыз алқабына барды. Сол арқылы Яньцзиді орталық еткен өңірлерді бағындырды. Бұдан басқалары Тянь-Шаньның солтүстігіндегі жолмен батысқа қарай көшіп, сол кезде қарлұқтар иелігіндегі жерлерге барды”, – дейді (Мориясу, 1980: 67). Бұл туралы деректер мен зерттеулер Орхон түріктерінің 840 жылы батысқа қарай көшкен бөлігінің негізінен қарлұқтар иелігіндегі жерлерге бағыт алғанын көрсетеді.

Бүгінде көпшілік ғалымдар Қарахан мемлекетін 840 жылы батысқа көшкен Орхон оғыздары құрған деп есептейді. Енді біреулер оны ұйғырлардың бір табы болып есептелетін яғмалар құрған дейді (Ван Чжилай, 2004: 55). Ал орыс зерттеушілері қарлұқтар құрған дейді. Біздіңше, бұл хандық Орхон оғыздары Орта Азияға келгеннен кейін, IX ғасырдың екінші жартысында олармен тығыз этникалық байланыста болған Қазақстанның оңтүстігіндегі түрік текті тайпалар тарапынан құрылған.

XIII ғасырда Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда ортағасыр кезінде әйгілі болған тайпалардың біразы шоғырланған еді. Бұған 1220 жылы осы аймақта болып қайтқан Жүржіт (金國) елшісі У Гусун-Чжун дуанның (烏古孫仲端) көрген-білгендері туралы

жазылымындағы “Солтүстікке сапар естелігі”(北使記) дәлел бола алады. Онда: “ ... Одан ары тағы 4 мың ли жүргенде жері ыси бастайды. Онда жүзден астам қала бар екен. Бірде біреуі қытайша аталмайды. Олардан мұнда меркіт (磨裏奚), мақрин (磨可裏), қырғыз (紇裏紇斯), найман (乃蠻), қаңлы (康裏), ұйғыр (回古), тұмат (途馬), қарлұқ (合魯) секілді түрлі ұлттар мен ұлыстар қоныстанғанын сұрап білдім”, – дейді (ҚТТҚД, 2005: 69). Бұлардың көпшілігі – кезінде Орхон Ұйғыр мемлекетінің жұртында пайда болған елдер. Жапон ғалымы С. Мураяма орыс тарихшысы Л.Л. Викторованың, Рашид ад-Диннің еңбектеріне және бірталай топонимикалық атауларға талдау жасай отырып, осылардың ішінде наймандарды түркі тілдес ел деген қорытындыға келеді (Murayama, 1959: 78). Бұл Орхон Ұйғыр мемлекетінен ортағасырлық түрік мемлекеттерінің арасында белгілі бір этномәдени, саяси байланыс бар екенін түсіндіреді.

Мәңгітаста кейбір түсіндіре кетуге тиісті тарихи, даосизмдік және манихейлік дүниетанымға байланысты ұғымдар мен сөз-сөйлемдер кездеседі.

Мысалы:

|   | Жол<br>номерацясы | Мәтіннен аударма                                                                                                                                                                                                                     | Түсіндірмесі                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|---|-------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 3.1-3.10:         | 聞夫乾坤開闢, 日月照臨<br><br>«Аспан мен Жердің арасы сейіліп, Ай менен Күн жарық шашты».                                                                                                                                                      | «Аспан мен Жер» көне қытай тілінде «Цянь-кунь» (乾坤), яғни жарық пен қараңғылық сынды бір-біріне қарама-қарсы екі түрлі жаратылыстық құбылысты білдірген. Чжоу-иде» (周易) жарықтың күші «цянь» (乾) – Аспанның символы, қараңғылықтың күші «кунь» (坤) – Жердің символы. Сондықтан бұл тіркес Аспан мен Жер, Күн мен Ай, ер мен әйел, әке мен шеше деген ұғымдардың баламасы ретінде қолданылып келді (Цыхай, 1979: 1991). Егер «инь», «янь» ұғымы заттың күйіне негіз болған қарама-қарсы екі жақты білдірсе, «Цянь-кунь» ұғымы заттың пайда болуы мен дамуына негіз болған түпкі мәнді білдіреді. |
| 2 | 3.62-4.23         | 當先骨力悲羅之父 護輸襲國<br>於北方之隅, 建都於嶠昆之<br>野, 以明智治國, 積有歲年<br><br>«Бір кезде Құл-Бойланың әкесі Хушу арғы атасынан жалғасқан мемлекетті Солтүтіктің бір шетінде құрып, астанасын Орхон даласына орнықтырды. Парасатымен талай жыл ел басқарды» | Осындағы Құл-бойла және оның әкесі Хушу, арғы атасы дегендер кім болған? Тарихи деректер бойынша Құлбойла 745 жылы Біріккен Түркі қағанатын құрушы. Дерек бойынша Құлбойланың әкесі – Хушу (護輸), Хушудың әкесі – Чэнцзун (承宗). Бұл екеуі де яғлақар руынан шыққан тайпа көсемі Өктебек (伏帝匭, Х.Паркердің зерттеуінше – Vughteber) қайтыс болған соң (717 ж.), бірінен соң бірі билікке келген. Бірақ олар туралы тарихи деректерде ешқандай мәлімет жоқ. Бұл екеуінің аты да ТХЯ мен ТШ-да аталады. Ал Алып Білге қаған ескерткішінде Хушудың аты ғана жазылған.                                |

|   |              |                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|---|--------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 3 | 4.25-4.64:   | <p>子骨力可汗嗣位，天生英斷，萬姓賓伏(服)，可汗在位，撫育百姓，若抱雞卵</p> <p>«... ұлы Көл қаған орнына отырды, ол туада батыл әрі кескін болғандықтан, түмен руды өзіне қаратты. ...қаған тақта отырғанда бұқара-жұртқа жан тартып, мекиен балапан басқандай мәпеледі»</p>                         | <p>Бұл жолдар Құтлық Білге Көл қағанның істеген істеріне қаратып айтылған мадақ болып табылады. Бұл жерде «ұлы» (子) деген сөз Хушу қағанға байланысты айтылып тұр. Өйткені Құлбойла Құтлық Білге Көл қаған осы Хушу қағанның ұлы. Жазбада Хушу мен оның ата-бабаларының ертеден мемлекет құруға деген талпынысын айта келіп, қайтадан Құтлық Білге Көл қағанның билік басында болған кезіне мадақ айтылады. Шын мәнінде, оның дәуірі Біріккен Түркі (ұйғыр) қағанатының гүлденіп, көркейген, заң-тәртібінің кемелденген кезі еді.</p>                                                                                                               |
| 4 | 7.58-8.17:   | <p>可汗乃頓軍東都，因觀風俗敗民弗師，將耆息等四僧入國，闡揚二祀(宗)，洞徹三際</p> <p>«Қаған шығыс астанада қосындарын ретке келтіріп, жер-судың жағдайымен, дәстүр-салтымен танысып, тілеу тілесіп, Руйци сынды төрт монахты еліне алып қайтты, «екі негіз», «үш ғұмыр» жолын үгіттеді</p>              | <p>Бұл жолдағы «эрс» 二祀 (宗) «жарық» пен «қараңғылық» пірін көрсетеді. Ал «санцзи» (三際) дегені өткен өмір, қазіргі кез және болашақ заманды меңзейді (Ню Жуцзи, 1997: 81). Бұлар қазақша «екі негіз» (манихэй еңбектерінде «екі иылтыз»), «үш ғұмыр» деген мағынада. Манихей діні өз тарихаттарының мәніне бойлау арқылы осы «үш ғұмырға» жете аласың, оларды көзбен көріп, өз ғұмырыңның мән-мағынасын бағамдай аласың деп есептейді. Манихей діні үш ғұмыр түгелдей ізгілік пен жауыздықтың алма-кезек күресіне толы, пәни дүниені көбінесе сұрқиялық жайлаған, сондықтан таза рух пен жарықтың жеңімпаз күш-қуатына сену керек деп есептейді.</p> |
| 5 | 10.35-10.44: | <p>宰殺邦家，變為勸善之國，故聖人之在人，上行下效，法王聞受正教，深贊虔誠</p> <p>«Қанды қасапқа түскен елдер өзара ізгіліктің ұрығын сепкен елдерге айналды. Адамдар арасына қасиет қонды. Жоғары мен төменнің үндесімі пайда болып, Фа Ван да ақ-әділ дін жайында естіп, оған терең тәнті болды».</p> | <p>Осындағы Фаван (法王) – будда дінінің жаратушысы Саки-Амонидің әспет есімі. Мәңгітасты жазушы осылай деу арқылы манихей дінін будданың да қабыл көретінін, оны шетке қақпайтындығын паш еткісі келсе керек.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| 6 | 12.32-12.42: | <p>天可汗垂拱寶位，輔弼須得</p> <p>Тәңір қаған ел аман, жұрт тынышта өзінің қасиетті тағында отыр, уәзірлер істі дұрыс атқаруы керек.</p>                                                                                                                                       | <p>Осындағы «шуйгон» сөзі ерте кезден бастап (垂拱) ел аман, жұрт тыныш деген мағынаны білдіреді. Таң дәуірінде патшайым У-Цзы-тянь өзі ел басқарған кездегі 685-688 жылдар аралығын осындай жыл атымен атаған. «Фуби» (輔弼) сөзі ертеде Көктің ұлына қатысты төрт тараптағы төрт көмекшіге (鄰)</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |

|   |             |                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|---|-------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   |             |                                                                                                                                                 | байланысты жарыққа шыққан. Яғни Көктің ұлының қарсы жағындағы көмекшісі – «и» (疑), арт жағындағы көмекшісі – «чэн» (丞), сол жағындағысы – «фу» (輔), оң жағындағысы – «би» (弼) деп аталған. Кейін келе патшаның қасындағы уәзірлері «Фуби» (輔弼) аталатын болған (Цыхай, 1979: 1346).                                                                                                |
| 7 | 13.1-13.20: | 可汗宰衡之時，與諸相殊異，為絳誕之際，禎祥奇特。<br>Қаған чжайхэн (уәзір) лауазымында болған кезде басқа уәзір-қаралардан оқ бойы алда, туғаннан жаны айрықша ізгі еді. | Осындағы чжайхэн (宰衡) лауазымы Қытай тарихында Шығыс Хан патшалығында Ван Маннан бері келе жатқан лауазымның бір түрі. Ван Ман оны алғашында өзінің патшалық лақабы ретінде қолданған. Өйткені оның білгір екі уәзірінің бірінің аты Ахэн және бірінің аты Тайцзай болған. Ван Ман өз атын олардың құрметіне Цзай хэн қояды. Бұл лауазым мәртебесі жағынан бектерден жоғары тұрды. |

### Нәтижелер

Мақалада төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілді:

Ең алдымен көне түрік, қытай және соғды тілінде жазылған Орда-Балық ескерткішіне жинақы сипаттама берілді. Оның пайда болуына негіз болған тарихи жағдайларға кеңірек тоқталып өтілді.

Ескерткіштің сақталып қалған фрагменттеріндегі мәтіндерге және өзге де қытай деректеріне негізделіп Орда-Балық ескерткішінің кімге арнап орнатылғаны, қашан орнатылғаны және кімдер тарапынан орнатылғаны анықталды.

Орхон Ұйғыр қағанатының қағандары Көл қаған мен Бөгу қағанның Таң әулеті тарапта тұрып, Ан Лу-шань және Сы Шиминь бүлігін жаныштаудағы сіңірген еңбектеріне аталмыш ескерткіштің өзінен алынған деректер мен ЦТШ, СТШ деректеріне негізделіп анықталды. Сол арқылы тұтас Таң әулетінің құрылуы мен өмір сүріп тұруындағы түріктердің тарихи орны мен рөлі нақтыланды.

Ескерткіштің қытайша мәтінінде келтірілген фактілерге негізделіп, манихей дінінің Орхон Ұйғыр қағанатының мемлекет дініне айналуының тарихи барысы, аталмыш діннің көне түріктердің әлеуметтік-саяси жағдайына жасаған әсері, нәтижесінде пайда болған саяси шиеленістер сарапталды. Сол арқылы манихей дінінің Орхон Ұйғыр қағанатының жойылуындағы басты фактор болғаны деректанулық, тарихнамалық тұрғыдан дәлелденді.

Сондай-ақ, дәстүрлі қытай деректерінде, атап айтқанда ЦТШ және СТШ-да, ЦЧТЦ-да кездеспейтін мазмұндар талдап алынды. Бұл деректер, ескерткіштің өзінде жазылған Құлбойладан бастап Алып Білге қағанға дейінгі қағандардың істеген істері жайлы деректер. Бұл мәліметтер дәстүрлі қытай деректерінде жоқ, алайда оларды толықтыратын қайталанбайтын деректер санатына жатады.

Ескерткіштегі қытайша мәтінде кездесетін қытайлық дәстүрлі философиялық, тарихи ұғымдарға, атауларға және сөйлемдерге деректанулық талдау және түсіндірме жасалды. Мұндай сөз-сөйлемдер жалпы мәтіннің өн-бойынан көптеп кездеседі. Мақала

аясында олардың манихей дінімен, қытайлық дәстүрлі дүниетаныммен байланысы сарапталды.

### Қорытынды

Жалпы алғанда, Орхон Ұйғыр мемлекетінің тарихы – ғылымда әлі күнге дейін жіті назар аударылмаған әрі зерттелмеген тақырып. Батыс пен шығыстың көптеген түріктанушы, шығыстанушы ғалымдары аталмыш көне ұйғырлар мен көне түріктердің бір халық екені туралы ғылыми тұжырымдарға қарамастан, оларды бір-бірінен бөліп қарап келеді. Оның үстіне, көне ұйғырлардың тарихы тек бүгінгі ұйғырлардың тарихымен ғана байланысты болып қалмастан, көптеген түрік халықтарының мемлекеттілік тарихымен, этномәдениетімен, тілдік туыстығымен де тікелей қатысты. Сондықтан, бұл мақалада көне Орхон түріктерінің тарихынан сыр шертетін маңызды ескерткіштердің бірі ретінде Орда-Балық ескерткішін деректанулық, тарихнамалық тұрғыдан жан-жақты талдап өттік.

Бұл ретте, әсіресе Орда-Балық ескерткішінің және ондағы қытайша мәтіннің пайда болуы, оған негіз болған тарихи жағдаяттар, мәтіннің мазмұны сарапталды. Атап айтқанда, Орда-Балық ескерткіші Орхон Ұйғыр қағанатының тоғызыншы қағаны Алып Білге қағанның (808–821) құрметіне арнап, 814 жылы оның тірі кезінде орнатылған. Бұдан соң, көп өтпей 840 жылы Орхон Ұйғыр қағанаты күйреді. Ескерткіштегі қытайша мәтінді зерттеу арқылы аталмыш қағанаттың күйреуіне себеп болған көптеген жағдаяттардың беті ашылды. Ең басты себеп манихей дінінің Орхон түріктерінің арасына күшпен насихатталуы және енгізілуі болған. Бұл тарихи қателікті Таң еліндегі көтерілісті жаныштауға көмектесу үшін Лоянға барған Түрік Бөгу қаған жіберген. Ол манихей дініне деген өзінің жеке басының қызығушылығын тұтас түрік халқына, мемлекетіне күшпен таңған. Нәтижесінде өзінің дәстүрлі сенімінен айнығысы келмеген Орхон түріктері аталмыш жаңа дінді қабылдауға құлықсыз һәм қарсы болған. Нәтижесінде қаған бір жақ, халық бір жақ болып ішкі қайшылық асқынғандықтан, осы орайда пайдаланған сыртқы күштер қағанатты оп-оңай аударып тастай алған.

Мақалада осыған алып келген себептермен қоса, Ұйғыр қағанатының айналасында жүріп жатқан тарихи процестерге де тоқталып өттік. Ескерткіште жазылған қағанаттың ең алғаш іргесін қалаған Құлбойла (Құтлық Білге Көл қаған) қағаннан бастап, Алып Білге қағанға дейінгі қағандардың өмір сүрген уақыты мен істеген істерін, олардың манихей дінімен, мемлекеттің ішкі-сыртқы саясатымен болған байланысын анықтадық. Сол арқылы, Орхон Ұйғыр қағанатының билеуші тобының орын алмасу және ел билеу тарихын жүйелеу мүмкіндігі туды.

Орхон Ұйғыр қағанаты жойылғаннан кейін батысқа беттеген Орхон түріктері Жетісуға және Шу, Талас өңіріне келіп, жаңа мемлекеттік құрылымды – Қарахан мемлекетін құруға ат салысты. Бұл әрине, Орхон Ұйғыр қағанаты мен Орта Азияны байланыстыратын тарихи құбылыс. Сондықтан Орда-Балық ескерткішінің қытайша мәтінінде көптеген тарихи ақпараттар жасырынған. Оны әр қырынан зерттеп, сол дәуірдің нақты, қайталанбас дереккөзі ретінде ғылыми айналымға ендірудің маңызы зор.

1-қосымша. Орда-Балық ескерткішіндегі қытай жазбасы (Автордың қалпына келтірген нұсқасы).  
 Приложение 1. Китайская надпись в Памятнике Орда-Балык (восстановленная версия автора).  
 Appendix 1. The Chinese inscription in the Orda-Balyk Inscription (author's reconstructed version).

|    | 24 | 23 | 22 | 21 | 20 | 19 | 18 | 17 | 16 | 15 | 14 | 13 | 12 | 11 | 10 | 9 | 8 | 7 | 6 | 5 | 4 | 3 | 2 | 1 |
|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1  | □  | □  | □  | □  | □  | 繼  | □  | □  | □  | □  | 自  | 可  | 前  | 賀  | 而  | 日 | 師 | 使 | 羅 | 史 | 襲 | 聞 |   | 九 |
| 2  | □  | □  | □  | □  | □  | 承  | □  | □  | □  | 北  | 幼  | 汗  | 合  | 可  | 受  | 今 | 將 | 幣 | 沒 | 那 | 國 | 夫 |   | 姓 |
| 3  | □  | □  | □  | □  | □  | □  | □  | □  | 胄  | 庭  | 英  | 宰  | 毗  | 汗  | 明  | 悔 | 睿 | 重 | 蜜 | 革 | 於 | 幹 |   | 回 |
| 4  | □  | □  | □  | □  | □  | □  | 自  | 百  | 遺  | 半  | 雄  | 衡  | 伽  | 襲  | 教  | 前 | 息 | 言 | 施 | 命 | 北 | 坤 |   | 鶻 |
| 5  | □  | □  | □  | □  | □  | □  | 知  | 姓  | 棄  | 收  | 智  | 之  | 可  | 位  | 熏  | 非 | 等 | 甘 | 頡 | 數 | 方 | 開 | 莫 | 愛 |
| 6  | □  | □  | □  | □  | 功  | 軍  | 罪  | 與  | 後  | 半  | 勇  | 時  | 汗  | 雄  | 血  | 崇 | 四 | 乞 | 翳 | 歲 | 之 | 辟 | 賀 | 登 |
| 7  | □  | □  | □  | □  | 伐  | 將  | 咎  | 狂  | 吐  | 圍  | 神  | 與  | 當  | 才  | 異  | 事 | 僧 | 師 | 德 | 之 | 隅 | 日 | 達 | 裏 |
| 8  | □  | □  | □  | 九  | 葛  | 供  | 哀  | 寇  | 蕃  | 之  | 武  | 諸  | 龍  | 勇  | 俗  | 正 | 入 | 併 | 蜜 | 聞 | 建 | 月 | 幹 | 羅 |
| 9  | □  | □  | □  | 姓  | 祿  | 奉  | 請  | 合  | 大  | 次  | 威  | 相  | 潛  | 略  | 化  | 教 | 國 | 力 | 施 | 複 | 都 | 照 | 頡 | 汨 |
Arası Dilsel Özellikler» (2023) атты мақалаларын ерекше атап өтуге болады. Өйткені бұл мақалалар біздің қолға алып отырған мақаламызбен өзектес бола отырып, Жүніс Әміре «Диуан» еңбегіндегі қазіргі әзербайжан, түрікмен және қазақ тілдеріне тән тілдік көрсеткіштерге байланысты талдау жасайды. Мысалы, А.Абдуллаевтың мақаласында ақынның сөздік қорындағы архаизмдерді мысалға келтіре отырып, бұлардың әзербайжан тілін түрік тілімен байланыстыратын сөздер деп бағалайды (Abdullayev, 1991: 504). Ал З.Йылдырым мен Ш.Агхатабайдың мақаласында қазіргі түрік тілі үшін көнерген сөз ретінде саналатын бірнеше мысалға тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде талдау жасалады. Соның ішінде біздің де мысал етіп алып отырған döy-, kezek, obrıl-, yар-, yort-, yumuş секілді сөздер де кездеседі (Yıldırım-Aghatabai, 2022). Шерубай Құрманбайұлы мен Марлен Адиловтың мақаласында қыпшақ тіліне тән элементтер деп 20 шақты сөзді мысалға келтіреді. Олардың арасында біз мысалға алған geñ, kezek, koduk, ogır, sagınc, sınık, süngük, toyla-, ut-, yort-, yu- сөздерін қарастырады (Kurmanbaiuly, Adilov, 2023).

Қазақ ғылымында Жүніс Әміре шығармашылығын лингвистикалық тұрғыдан талдамақ былай тұрсын, 2021 жылы Жүніс Әміренің 700 жылдығына орай ұйымдастырылған халықаралық семпозиумда түрік тілінде ұсынған М.Ескееваның «Жүніс Әміре мен Абай Құнанбаев шығармаларындағы діни құндылықтар сабақтастығы» (Eskeyeva, 2021), Д.Қамзабекұлының «Юнус Эмре және Шәкәрім: сабақтастық сипаты» (Қамзабекұлы, 2021), Д.Ысқақовтың «Жүніс Әміре мен Абай: Рухани сабақтастық» (Ысқақов, 2022), Г.Қосымованың «Юнус Эмре және Абай: “Сүю” концептісі» (Қосымова, 2022), Ш.Ибраевтың «Юнус Эмре мұрасындағы сопылық мотивтердің Абай поэзиясындағы трансформациясы жайында» (Ибраев, 2024) секілді бірлі-жарым мақаладан өзге талдау жұмысын табу қиын. Негізінен әлемнің көптеген тілдеріне аударылған Жүніс Әміренің өлеңдері 1991 жылдардан бастап басқа да түркі тілдерімен қатар қазақ тіліне де аударыла бастады. «Диуан» жинағы ең алғаш 1996 жылы Ә.Нілібаев аудармасымен жарық көрсе (Нілібаев, 1996), одан соң 2018 жылы М.Отарбаевтың (Отарбаев, 2018), 2020 жылы С.Нұржановтың (Нұржанов, 2020) аудармалары арқылы қазақ оқырмандарымен қауышты.

### Талдау

Д.Аксанның берген мәліметіне сүйенсек Жүніс Әміре өлеңдерінің тілдік қабатының 13%-ы кірме сөздерден тұрады (Aksan, 2004: 120). А.Жин мен В.Бабажан шайырдың екі еңбегінде 3502 сөз қолданылғанын, оның 1708-і түркизм екенін, бұған фразалық тіркестерді, идиомаларды қосқанда мұның пайызы 65%-ға жететінін, ал араб тілінің сөздері 22%, парсы тілі 9%, т.б. тілдердің элементі 4%-ды құрайтынын жазады (Çin-Babacan, 2013: 68).

«Диуан» жинағының тілдік қабатына байланысты Я.Ақдемир мынадай статистика ұсынады (Akdemir, 2013: 453).

Түркизм: 1342 / 46,990%

Арабизм: 1063 / 36,429%

Парсизм: 490 / 16,792%

Араб + парсы: 7 / 0,239%

Парсы + араб: 11 / 0,376%

Латын-грек: 3 / 0,102%

Монголизм: 2 / 0,068%

Жалпы: 2918 / 100%

Ал С.Хуршиддің айтуынша, «Диуанда» түркізмдермен салыстырғанда кірме сөздердің саны біршама көп екені, алайда сөздердің қолданылу жиілігі жағынан басқа тілдерге қарағанда түркілік қабатының басымдығы айқын көрінеді (Khourchid, 1991: 105).

Түркизм: 12 926/ 63,8%

Арабизм: 4713/ 23,2%

Парсизм: 2614 / 12,9%

Басқа: 22 / 0,1%

Жалпы: 20275 / 100%

Әрине, Жүніс Әміренің өмір сүрген дәуірін және өлеңдерінің ислам дінін насихаттау, шариғаттың сүннеттерін үйрету мақсатында жазылғандығын ескерсек, араб және парсы кірмелерінің жиі ұшырасуы таң қалатын дүние емес деп ойлаймыз. Ал шын мәнінде Жүніс Әміре Зухал Күлтүрал атап өткендей оғыз тілінің ерекшеліктеріне негізделген түрік тілінің қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан тұлға десек қателеспейміз (Kültüral, 2022: 455).

«Диуан» лексикасының түркілік қабатына келетін болсақ, ақын тілінде қазіргі түрік тілінің әдеби нормасында қолданылатын сөздер мен фразеологиялық тіркестердің басым көпшілігі кездеседі. Сонымен қоса сол кезеңде Анадолыда өмір сүрген басқа да ақын-жазушылар секілді қазіргі түрік әдеби тілінде кездеспейтін архаизмдерді жиі қолданылғанын көруге болады. Ә.Гемалмаз оның өлеңдерінің фонетикалық ерекшеліктерін былай қойғанда, түрік тілінің нормасына ұқсас болғанымен, көне Анадолы тілінің әзербайжан, түрікмен тілдерінен аса айырмашылығы жоғын, сонымен бірге кейде көне түрік тілінің, әсіресе шығыс түркі тілдері тобының, Қарахан дәуірінде жазылған ескерткіштердің іздерін байқауға болатынын атап өтеді (Gemalmaz, 1991: 2). А.Акар да осыған ұқсас «Жүніс Әміре өз өлеңдерінде көне түркі, көне ұйғыр, Қарахан дәуіріндегі түркі тілдерінің лексикалық қорынан қолдана отырып, көне мен жаңаның, Орталық Азия мен Анадолының арасында дәнекерлік қызмет атқарады» деп жазады (Akar, 2012: 61).

Бұл мақаланы қолға алуымызға да осындай пікірлер және Жүніс Әміренің «Диуан» жинағындағы көптеген сөздердің қазіргі түрік тілінің әдеби нормасында қолданылмай, қазақ тілінде кездесуі себеп болған еді.

Сонымен мақаламызда Анадолы өңірінің ортағасырлық ұлы ақындарының бірі Жүніс Әміре «Диуанының» тілінде қолданылса да, Ыстамбұл тұрғындарының тіліне негізделген қазіргі түрік тілінің әдеби нормасынан тыс қалған, яғни түрік тілінің түсіндірме сөздігінде (Türkçe sözlük, 2005) архаизм, диалектизм, халықтық ретінде көрсетілген сөздерді мысалға ала отырып, олардың көне түркі тіліндегі және қазіргі қазақ тіліндегі дыбысталуы мен мағыналық ұқсастықтарына тоқталуды жөн санап отырмыз. Бұл орайда Қазақ әдеби тілінің 15 томдық сөздігіне сүйенеміз.

аşıқ - «асығу, аптығу» (ЖӘД, 148/4) < көне түрік. ашуқ- (Малов, 1951: 361) > қаз. асық- (ҚӘТС-II, 57).

ауыт- «айту, сөйлеу» (YED, 16/4) < орх. аут- (Tekin, 1968: 295) > қаз. айту (ҚӘТС-I, 172).

балкі- «жарқырау» (ЖӘД, 233/12). көне қыпш. balkı- (Caferoğlu, 1931: 127) > қаз. балқы- «жұмсақ күйге айналу, еру; (ай, күн жұлдыз) нұрлану, шапақтану; жайнау» (ҚӘТС-II, 686).

bay «бай, мырза, әмір» (ЖӘД, 31/10; 95/18) < орх. bay (Tekin, 1968: 296) > қаз. бай «дәулетті кісі» (ҚӘТС-III, 145).

bayaqı «баяғы, бұрынғы; әлгі» (ЖӘД, 394/12) < көне ұйғ. bayaqı (Caferoğlu, 2011: 36) > қаз. баяғы (ҚӘТС-III, 147-148).

bayı- «баю» (Tatçı, 2008: 349) < көне ұйғ. bayı- (Caferoğlu, 2011: 36) > қаз. байы- (ҚӘТС-II, 608).

döy- «төзу, шыдау» (ЖӘД, 6/4) < Қарахан. töz- (Paçacıoğlu, 2016: 657) > қаз. төз- (ҚӘТС-XIV, 328).

dün «түн» (ЖӘД, 148/10) < көне түр. tün (Малов, 1951: 435) > қаз. түн (ҚӘТС-XIV, 490).

geñ «кең, көлемді» (ЖӘД, 111/2) < көне ұйғ. käng (Caferoğlu, 2011: 105) > қаз. кең (ҚӘТС-VII, 612).

emcek «емізик» (ЖӘД, 152/10) < \*emcek > қаз. емшек (ҚӘТС-V, 272).

kayda «қайда» (Tatçı, 2008: 379) < көне ұйғ. kanta (Caferoğlu, 2011: 166) > қаз. қайда?

karak «көздің қарасы, қарашығы» (ЖӘД, 290/2) < көне ұйғ. karag (Caferoğlu, 2011: 167) > қаз. қарақ (ҚӘТС-IX, 325).

kargı «найза» (Tatçı, 2008: 379) < көне ұйғ. kargı (Caferoğlu, 2011: 167) > қаз. қару «ұрыста қолданылатын шабуыл және қорғаныс құралдары» (ҚӘТС-IX, 390).

kezek ~ kezik «кезек, рет» (ЖӘД, 198/1) < көне ұйғ. kezig > қаз. кезек.

koduk «есектің төлі» (ЖӘД, 207/9) < \*koduk > қаз. қодық (ҚӘТС-IX, 634).

köy- ~ göy- «күю, жану» (ЖӘД, 313/14) < көне ұйғ. küymek (Caferoğlu, 2011: 118) > қаз. күй-.

köyün- ~ göyün- «күйіну, жану» (ЖӘД, 268/14) < көне ұйғ. köymek «күю, жану» (Caferoğlu, 2011: 118) > қаз. күйін- «әділетсіз іске, жауыздыққа т.б. қарсылықпен ашу-ызаға булығы, кею, ренжу» (ҚӘТС-VIII, 455).

kuş- «құшу, құшақтау» (ЖӘД, 245/5) < көне ұйғ. kuş- (Caferoğlu, 2011: 185) > қаз. құш- (ҚӘТС-X, 461).

nişe «не үшін? қалай?» (Tatçı, 2008: 392) < көне ұйғ. näşä «қанша? неше?; қалай?» (Caferoğlu, 2011: 135) > қаз. неше?».

obril- «опырылу, ойылу, қопарылып түсу» (ЖӘД, 241/8; 291/11) < ДЛТ. оргі «шұқыр, ор» (Atalay, 1986: 440) > қаз. опырыл- «морт қиратылу, омырылу» (ҚӘТС-XI, 712).

örü turmaq «өре тұру» (ЖӘД, 217/10) < орх. ör- «көтеріліс жасау» (Tekin, 1968: 487) > қаз. өре түрегел- / тұр- «бірі қалмай, бәрі орындарынан тұру» (ҚӘТС-XII, 190).

öt- «өту, кешу» (ЖӘД, 290/2) < көне түрік. öt- (Малов, 1951: 497) > қаз. өт- (ҚӘТС-XII, 236).

saşı «той-жиында құтты болсын үшін тәтті, ақша шашу дәстүрі, шашу» (ЖӘД, 372/8) < көне ұйғ. saşığ (Caferoğlu, 2011: 192) > қаз. шашу (ҚӘТС-XV, 302).

sagın- «ойлау, санау» (ЖӘД, 221/7; 158/7) < орх. saqın- «ойлау; жоқтау» (Tekin, 1968: 307) > қаз. сағын- «көруге құмарту, аңсау, үнемі ойлап жүру» (ҚӘТС-XII, 530).

sagınç «қалау, тілек; ой, толғам» (ЖӘД, 212/2) < көне ұйғ. sagınç ~ sakınç «с.м.» (Caferoğlu, 2011: 194) > қаз. сағыныш «аңсаған тілек, құмартқан сезім» (ҚӘТС-XII, 530).

saq «сақ, мұқият» (ЖӘД, 239/11) < көне ұйғ. sak (Caferoğlu, 2011: 194) > қаз. сақ «қырағы, абай, көреген» (ҚӘТС-XII, 550).

sın- «сыну, қирау» (ЖӘД, 244/6) < орх. sın- (Tekin, 1968: 308) > қаз. сын- (ҚӘТС-XV, 509).

sınuk «сынық, сынған» (ЖӘД, 222/6) < ДЛТ. sinuk (Atalay, 1986: 517) > қаз. сынық (ҚӘТС-XIII, 520).

sünük «сүйек» (ЖӘД, 22/4) < орх. süñök (Tekin, 2016: 308) > қаз. сүйек (ҚӘТС-ХІІІ, 395).

şeş- «шешу, босату» (ЖӘД, 194/7) < көне ұйғ. şaşmāk (Caferoğlu, 2011: 217) > қаз. шешу (ХV, 354).

talbın- «талпыну, ерсілі-қарсылы әрекеттер жасау» (ЖӘД, 295/14) < ДЛТ. talpın- (Atalay, 1986: 565) > қаз. талпын- (ҚӘТС-ХІІІ, 669).

tam- «таму, сорғалау, сыздықтау» (ЖӘД, 335/37; 373/14) < ДЛТ. tam- (Atalay, 1986: 566) > қаз. там- (ҚӘТС-ХІІІ, 674).

tañ «аң-таң, таң (қалу)» (ЖӘД, 7/8) < көне ұйғ. tang (Caferoğlu, 2011: 223) > қаз. таң (ҚӘТС-ХІІІ, 697).

tap- «табу; тағзым ету» (273/13) < көне түрік. tap- (Малов, 1951: 426) > қаз. тап- «қолға түсіру; кезіктіру» (ҚӘТС-ХІІІ, 708-709).

tapşur- «тапсыру» (Tatçı, 2008: 405) < көне түрік. tapşur- (Малов, 1951: 426) > қаз. тапсыр- «міндеттеу, жүктеу; бір затты бір адамға өткізу» (ҚӘТС-ХІІІ, 713).

tayın- «таю, тайғанақтау» (Tatçı, 2008: 405) < көне ұйғ. tay- (Caferoğlu, 2011: 229) > қаз. тай- «аяғы (дөңгелегі) сырғанап, тұрған орнынан жылжып кету» (ҚӘТС-ХІІІ, 617).

toy «той, мейрам» (ЖӘД, 327/11) < көне ұйғ. toy (Caferoğlu, 2011: 248) > қаз. той (ҚӘТС-ХІV, 207).

toyla- «тойлау, мерекелеу» (ЖӘД, 327/11) < көне ұйғ. toy (Caferoğlu, 2011: 248) > қаз. тойла- « (ҚӘТС-ХІV, 211).

tuman «тұман; көздің қарауытуы» (ЖӘД, 108/8) < орх. tuman (Tekin, 1968: 311) > қаз. тұман (ҚӘТС-ХІV, 420). Түрік әдеби т.: sis «тұман» (TS: 1777), duman «түтін» (TS: 575).

tütün ~ dütün «түтін» (ЖӘД, 207/9; 294/10) < көне ұйғ. tütün (Caferoğlu, 2011: 260) > қаз. түтін (ҚӘТС-ХІV, 528). Түрік әдеби т.: tütün «темекі жапырағы» (TS: 2022-2023). Салыстыр: tuman.

ugru ~ ugrı «ұры» (ЖӘД, 94/4; 302/7) < орх. оғры (Tekin, 1968: 309) > қаз. ұры (ҚӘТС-ХІV, 743).

ugrula- «ұрлау, біреудің бір затын білдіртпей алып кету» (ЖӘД, 302/7) < ДЛТ. ogrıla- (Atalay, 1986: 425) < көне ұйғ. ogurla- (Caferoğlu, 2011: 140) > қаз. ұрла- (ҚӘТС-ХІV, 737).

ut- «ұту, жеңу, басым түсу» (ЖӘД, 248/20) < көне ұйғ. ut- (Caferoğlu, 2011: 268) > қаз. ұт- (ҚӘТС-ХІV, 766).

yağı «жау, дұшпан» (ЖӘД, 412/22) < орх. енис. yağı (Айдаров, 1995: 147) > қаз. жау (ҚӘТС-ХVІ, 195).

yap- «жабу» (Tatçı, 2008: 413) < көне ұйғ. yap- «жабу; құру, жасау» (Caferoğlu, 2011: 268) > қаз. жап- «бір заттың аузын ашық қалдырмау, бекіту» (ҚӘТС-VІ, 44-45).

yazı «жазық, тегістік» (Tatçı, 2008: 414) < орх. yazık > қаз. жазық (ҚӘТС-V, 551).

yıl- «желу, жорту» (Tatçı, 2008: 415) < көне түрік. yel- (Малов, 1951: 387) > қаз. жел- (ҚӘТС-VІ, 281).

yort- «жорту, желу» (ЖӘД, 151/2) < көне түрік. yorut- (Малов, 1951: 389) > қаз. жорт- (ҚӘТС-VІ, 491-492).

yoyıl- «жойылу, жоқ болу, бастапқы қалпына қайта келу» (ЖӘД, 107/16) < \*yogul- > қаз. жойыл- (ҚӘТС-VІ, 2011: 452).



yögrüş- «жүгірісу, ары-бері шапқыласу» (Tatçı, 2008: 416) < орх. yügür- «жүгіру» (Şirin, 2016: 748) > қаз. жүгіріс- (ҚӘТС-VI, 594).

yumış «іс, жұмыс, шаруа, қызмет» (ЖӘД, 223/2) < орх. yumuş (Tekin, 1968: 316) > қаз. жұмыс.

yuvun- «жуыну, шомылу» (ЖӘД, 127/4) < орх. yun- (Caferoğlu, 2011: 305) > қаз. жуын- (ҚӘТС-VI, 529).

### Нәтиже

Түрік тілінің түсіндірме сөздігіне сүйенсек, «Диуаннан» алып, қазақ тілімен салыстырып отырған 53 сөздің ешбірі түрік тілінің әдеби нормасында қолданылмайтынын көреміз. Bay, toy, yun-, yel-, üt- секілді кейбір сөздер сөздікте берілсе де олардың архаизм немесе жергілікті сөз екені көрсетілген. Ал қазақ әдеби тілінде де, халық тілінде де бұл сөздер актив түрде қолданылады десек қателеспейміз. Ал морфонологиялық тұрғыдан саралайтын болсақ олардың ішінде bay, bayaq, qarax, kezek, qayda, sak, toy, tuman, balqı-, bayı-, öt-, sagın-, sın-, şeş-, tam-, tap-, toyla-, ut- т.б. секілді сөздер мағыналары жағынан да, фонетикалық жағынан да қандайда бір дыбыс құбылысына ұшырамаған.

Сонымен бірге бір топ сөздердегі дауысты дыбыстарға байланысты кейбір фонетикалық сәйкестіктерді және орын алған фонетикалық құбылыстарды көруге болады. Мысалы:

и ~ е: nişe ~ неше, öri ~ өре, yıl- ~ жел- т.б.

ө ~ ү: köy- ~ күй-, köyün- ~ күйін- т.б.

ұ ~ ы: qodux ~ қодық, köyün- ~ күйін-, sınıx ~ сынық, tapşur- ~ тапсыр-, tütün ~ түтін, yögrüş- ~ жүгіріс-, yuvun- ~ жуын- т.б.

ү ~ е: sünük ~ сүйек

ы ~ ø: ayıt- ~ айт-

ø ~ ы: sagınç ~ сағыныш т.б.

Бұндай сәйкестіктер мен құбылыстарды дауыссыз дыбыстарға байланысты да айтуға болады. Мысалы:

ш ~ с: aşıq- ~ асық-, tapşur- ~ тапсыр-, saçu ~ шашу т.б.

ғ ~ ø: ugru ~ ugrı ~ ұры, ugrula- ~ ұрла-, ugrulık ~ ұрлық т.б.

ғ ~ у: qarğı ~ kargu ~ қару, yağı ~ жау т.б.

д ~ з: döy- ~ төз- т.б.

д ~ т: dün ~ түн, dütün ~ түтін т.б.

ж ~ й: yort- ~ жорт-, yögrüş- ~ жүгіріс-, yumış ~ жұмыс, yuvun- ~ жуын- т.б.

ж ~ ш: emcek ~ емшек т.б.

к ~ т: geñ ~ кең т.б.

н ~ ң: taп ~ таң т.б.

ң ~ й: sünük ~ сүйек т.б.

п ~ б: obrıl- ~ опырыл-, talbın- ~ талпыну т.б.

ч ~ ш: quç- ~ құш-, saçu ~ шашу, sagınç ~ сағыныш т.б.

Аталған бұл фонетикалық сәйкестіктер мен құбылыстар түркі тілдерінің әр дәуірде және әртүрлі аймақтарда жазылған ескерткіштерінің тілін салыстырғанда да жиі кездесіп отыратынын айта кету керек. Яғни мақалада мысалға алынған сөздер қанша жерден қазіргі түрік әдеби тілінде қолданылмайды десек те, бұл сөздердің көбісінің фонетикалық жүйесі оғыз тілдерінің спецификалық ерекшеліктеріне сай келеді. Алайда

әдеби тіл ретінде әлі толық нормаланбағандықтан жүйесіздік те орын алып, әрі оғыз тілдерінің, әрі көне түркі тілінің жүйесін сақтаған басқа түркі тілдерімен үндесетін жерлерін атап өтуге болады. Мысалы, көне түркі тіліндегі анлаут т дыбысы ескерткіш тіліндегі бірнеше сөзде қазіргі оғыз тілдеріндегідей д дыбысына алмасқан. Негізінен көне түркі тілінде д дыбысымен басталатын сөз кездеспейді. Ал «Диуанда» біршама сөз д дыбысымен басталған. Алайда бұл құбылыс жүйелі емес. Яғни, ескерткіште кейбір сөздер барлық жерде т дыбысымен жазылса, кейбірі д дыбысына алмасқан. Сонымен бірге бірнеше сөздің кейбір жерде т дыбысымен кейде д дыбысымен жазылған байқалады. Мысалы:

turak (ЖӘД, 84/1) ~ durak «жер, мекен» (ЖӘД, 245/41) > түрік. durak.  
tag (ЖӘД, 364/5) ~ dag «тау» (ЖӘД, 365/14) > түрік. dağ.  
togru (ЖӘД, 408/13) ~ dogrı «дұрыс, тура» (ЖӘД, 127/17) > түрік. doğru.  
tokuz (ЖӘД, 201/6) ~ dokuz «тоғыз» (ЖӘД, 170/13) > түрік. dokuz.  
ton (ЖӘД, 209/10) ~ don «киім» (ЖӘД, 295/18) > түрік. don.  
tak- (ЖӘД, 67/9) ~ daq- «тағу» (ЖӘД, 41/15) > түрік. takmak.  
tur- (ЖӘД, 88/2) ~ dur- «тұру» (ЖӘД, 124/8) > түрік. durmak.  
tal- (ЖӘД, 38/14) ~ dal- «сүңгу» (ЖӘД, 136/3) > түрік. dalmak  
tar (ЖӘД, 63/4) ~ dar «тар» (ЖӘД, 274/10) > түрік. dar.  
tütün (ЖӘД, 147/11) ~ dütün «түтін» (ЖӘД, 207/9) > түрік. tütün.  
togruluk (ЖӘД, 305/9) ~ dogrulık «тыралық» (ЖӘД, 307/7) > түрік. doğruluk.  
tog- (ЖӘД, 417/6) ~ dog- «туу» (ЖӘД, 77/4) > түрік. doğmak.  
tut- (ЖӘД, 212/9) ~ dut- «ұстау, тұту» (ЖӘД, 226/7) > түрік. tutmak.

Қазақ әдеби тілі көне және орта түркі мәтіндеріндегі т дыбысын сақтаған десек те, т > д алмасуына байланысты мысалдар да аз емес. Мысалы: дағы, дабыс, дала, далбаса, дамбал, даңқ, дарқан, дауыс, де-, делбе, деліқұлы, делір-, деңгей, дейін, дыбыс, дым, ділдар, ділмар, диірмен, доғар-, долы, долық, домала-, домалақ, домпақ, доңғала-, доңыз, доп, дорба, дөң, дөңбек-, дөңбекші, дөңгеле-, дөңгелек, дуадақ, дүркін т.б. (Утебеков, Қыдырбаева, 2024: 157). Сонымен бірге қазақ тілінің говорларында да бұл дыбыстардың тұрақсыздығы байқалады. Мұны ғалымдар әртүрлі болжайды. Ж.Досқараев IX-XI ғасырлардағы оғыз, қыпшақ тілдерінің бір-біріне тигізген әсері деп білсе (Досқараев, 1963: 11), Б. Бекетов т > д алмасуын көрші тілдерінің әсері, д > т алмасуын көне түркі тілдерінің ізсілемі деп бағалайды (Бекетов, 1992: 36).

Көне түркі тілінде в ~ у дыбыстары да анлаут позицияда қолданылмайды. Ал оғыз тілдері тобында bar > var, bar- > var-, ber > ver-, ur- > vur- т.б. сөздерде әртүрлі дыбыс құбылыстарының әсерінен анлаут позицияда в ~ у пайда болған. Бұл құбылыстар Анадолыда жазылған көне түркі ескерткіштеріндегі секілді «Диуанда» да орын алады. Алайда көне түркі тіліндегі ur- «ұру» (ЖӘД, 1/4; 4/13), urıl- «ұрылу» (Tatçı, 2008: 409) етістіктері де «Диуанда» сақталған.

### Қорытынды

Оғыз тайпалары әртүрлі саяси-әлеуметтік жағдайларға байланысты Кіші Азия аймағына қоныс теуіп, ықпалын жүргізе бастағаннан кейін түрік тілі өз алдына дербес тіл ретінде жандана бастады. Бастапқыда ауызекі тіл деңгейінде болған ол тіл уақыт өте келе ғылым мен мәдениеттің тіліне айналды. Алайда Қарахан мемлекеті тұсында қалыптасқан әдеби норманың дәстүрлік үрдісі көпке дейін үзілген жоқ. Жүніс Әміренің

шығармаларында да көне түркі және Қарахан дәуіріне тән, қала берді қыпшақ, қарлұқ тілдеріне тән элементтердің молынан кездесуі осыдан болса керек. Әрине, жалпылама алғанда Жүніс Әміренің жырлары фонетикалық, морфологиялық, лексикалық тұрғыдан оғыз тілдерінің ерекшеліктерін толықтай сақтайды. Дегенмен өлеңдеріндегі көптеген сөздердің өзі әдеби тіл ретінде қалыптасуына өмір бойы қызмет еткен түрік тілінің әдеби нормасынан табылмай, қыпшақ текті қазақ тілінде актив қолданылуы және қазіргі түрік әдеби тіліне қарағанда қыпшақ, қарлұқ тілдеріне тән аффикстер мен фонетикалық құбылыстардың кездесуі үзілмей келе жатқан сабақтастықтың жарқын үлгісі болса керек. Бұл түркі әлемінің ортақ ақынының шығармашылығы мен мәдени қайраткерлігін қазақ ғылымында да арнайы, әр қырынан зерттеп, зерделенуін қажет ететіндігін көрсетеді. Яғни, қазіргі түрік әдеби тілінің қалыптасуында жетекші рөл атқарған Жүніс Әміре секілді қаламгерлердің туындыларын тілдік тұрғыдан салыстыра зерттеу арқылы түркі тілдерінің әртүрлі топтарына кіретін түрік тілі мен қазақ тілінің, тіпті кеңірек алсақ, Орта Азия және Анадолы түркілерінің тіл сабақтастығының тарихи үдерістерін анықтау мүмкіндіктеріне ие бола алатынымыз сөзсіз.

### Қысқарған сөздер

ДЛТ – Диуани лұғат-ит түрк (Atalay, 1986)

TS – Türkçe Sözlük (2005)

ҚӘТС – Қазақ әдеби тілінің сөздігі (15 томдық, 2011)

ЖӘД – Жүніс Әміре «Диуаны» (Tatçı, 2008)

### Әдебиет

Бекетов Б., 1992. Қарақалпақ қазақтарының тілі. Алматы: Рауан. 128 бет.

Досқараев Ж., 1963. Кейбір фонетикалық құбылыстар жайында. ҚІТ мен ДМ, 5-шығуы.

Ибраев Ш., 2024. Юнус Эмре мұрасындағы сопылық мотивтердің Абай поэзиясындағы трансформациясы жайында. Түркология. № 1(117). Б. 2-11.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011. Алматы: А. Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты. 751 б.

Қамзабекұлы Д., 2021. Юнус Эмре және Шәкәрім: сабақтастық сипаты. Түркістан. № 28 (1405). 15 шілде. Б. 1-4.

Қосымова Г., 2022. Юнус Эмре және Абай: “Сүй” концептісі. Абай. № 2. Б. 31-39.

Малов С.Е., 1951. Памятники древнетюркской письменности. Москва-Ленинград: Изд-во Академии Наук СССР. 452 б.

Нілібаев Ә., 1996. Юнус Эмре. Таңдамалы өлеңдер. Алматы: Нұрлы әлем. 133 б.

Нұржанов С., 2020. Юнус Эмре. Өлеңдер. Нұрсұлтан: Фолиант. 159 б.

Отарбаев М., 2018. Юнус Эмре. Жырлар. Алматы: Ан Арыс. 447 б.

Утебеков С., Қыдырбаева Ү., 2024. «Диуани хикметтегі» кейбір дауыссыз фонема-лардың көне типтік және қазіргі сипаты. Ясауи университетінің хабаршысы, № 1 (131). Б. 149-162.

Ысқақов Д., 2022. Жүніс Әміре мен Абай: Рухани сабақтастық. Uluslararası Yunus Emre Sosyal bilimler dergisi. №5. S. 1-7.

Abdullayev A., 1991. Yunus Emre ve Azerbaycan Dili. Türk Dili Aylık Dil Dergisi. Aralık, Sayı: 480. S. 500-505.

- Akar A., 2012. Türkiye Türkçesinin Kuruluşu ve Yunus Emre. Türk Yurdu Dergisi. Sayı: 297. S. 58-61.
- Akar A., 2013. Türk Dili Tarihi. İstanbul: Ötüken. 336 s.
- Akdemir Y., 2013. Yunus Emre’de Kelime Kadrosu. Turkish Studies. Sayı: 8/9. S. 429-458
- Aksan D., 2004. Türkçenin Söz Varlığı. Ankara: Ünal Ofset. 249 s.
- Atalay B., 1986. Mâhmud Kaşgarlı Divanü Lûgat-it Türk. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. 887 s.
- Caferoğlu A., 1931. Ebu Hayyan Kitâb Al-İdrâk Li Lisân Al-Atrâk. İstanbul: Evkaf. 186 s.
- Caferoğlu A., 1972. Yunus Emre’de Arkaik Unsurlar. TDED. Sayı: 10. S. 1-107
- Caferoğlu A., 2011. Eski Uygur Türkçesi Sözlüğü. Ankara: Türk Dil Kurumu. 320 s.
- Cin A., Babacan V., 2013. Yunus Emre’nin Risaletü’n-Nushiyye’si ve Divan’ı Üzerine Yeni Bir İnceleme. Mediterranean Journal Of Humanities. №III/2. S. 53-69.
- Datlı D., 2014. Risaletü’n-Nushiye’deki Arkaik Kelimelerin Tespiti Ve Kelime Türlerine Göre Sınıflandırılması. Türk Dünyası Bilgeler Zirvesi: Gönül Sultanları Buluşması. 26-28 Mayıs. Eskişehir. S. 639-659.
- Dede B., 1990. Yunus Emre’Nin Eserlerinin Tahlili. Doktora Tez. Bursa: Uludağ Üniversitesi. 493 s.
- Gemalmaz E., 1991. Yunus Emre’nin Şiirlerindeki Dil Özellikleri. Yunus Emre Sempozyumu Bildirileri. 15-16 Ekim. Erzurum. S. 1-6.
- Gölpınarlı A., 1934. Yunus Emre’de Öz Türkçe Kelimeler. Türkiyat Mecmuası. №4. S. 265-280.
- Gölpınarlı A., 1943. Yunus Emre Divanı. İstanbul: Akçağ. 403 s.
- Güzel A., 2003. Türk Halk Edebiyatı El Kitabı. Ankara: Akçağ. 455 s.
- Eskeyeva M., 2021. Yunus Emre ile Abay Kunanbayev Eserlerindeki Dinî Değerlerin Sürekliliği. Yunus Emre’nin Vefatına 700. Yıl Dönümü Anısına Uluslararası Türkçenin Anadolu’da Yazı Dili Oluşu Sempozyumu. 12-14 Temmuz. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. S. 585-590.
- Kasım N., 1969. Tam ve Tekmil Yunus Emre Divanı. İstanbul: Marif. 368 s.
- Khourchid S., 1991. La Langue de Yunus Emre contttribution A L’histoire du Turc Pre-Ottoman. Ankara: Atatürk Kültür Bakanlığı. 578 p.
- Köksal M.F., 2014. Yunus Emre Divanı’nın Yeni Bir Nüshası ve Yunus’un Yayınlanmamış Şiirleri. Türk Kültürü İncelemeleri Dergisi. №30. S. 161-192.
- Köprülü F., 1976. Türk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar. Ankara: Türk Tarih Kurumu. 420 s.
- Kurmanbaiulı Sh., Adilov M., 2023. Abay, Yunus Emre ve Ahmet Yesevi’nin dilindeki Türk Lehçeleri Arası Dilsel Özellikler. Türk Kültürü ve Hacı Baktaş Veli Araştırma Dergisi. №105. S. 313-333.
- Kültüral Z., 2022. Anadolu’da Türkçenin Oluşumunda Yunus Emre’nin Rölü. Yunus Emre (Hayatı-Düşünceleri-Eserleri). Ankara: TBMM Basımevi. S. 453-466.
- Masala A., 1971. Yunus Emre’de İnsan Sevgisi. Çağrı Dergisi. №165. 1971. S. 12-18.
- Özgür C., 2001. Yunus Emre’nin Kullandığı Farklı İki Türkçe. Eskişehir Osmangazi Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi. Cilt II. №1. S. 91-103.
- Paçacıoğlu B., 2016. VII-XVI. Yüzyıllar Arasında Sözcük Dağarcığı. İstanbul: Kesit. 816 s.
- Tatçı M. 2008., Yunus Emre Divanı. Tenkitli Metin. İstanbul: Turizm ve Kültür Bakanlığı. 706 s.
- Tatçı M. 2013., Yûnus Emre. TDV İslâm Ansiklopedisi. C. 43. Ankara: Türkiye Diyanet vakfı. S. 600-606.

- Tatçı M., Gürelli S., 1992. Yunus Emre Bibliyografyası. Ankara: Milli Kütüphane. 104 s.
- Timurtaş F.K., 1972. Yunus Emre Divanı. İstanbul: Kervan Kitapçılık. 370 s.
- Türkçe Sözlük, 2005. Ankara: Türk Dil Kurumu. 2244 s.
- Uysal İ.N., 2017. Yunus Emre Divanı Karaman Nüshası. İstanbul: Kesit. 499 s.
- Uysal İ.N., 2022. Yunus Emre Araştırmalarının Bugünkü Durumu ve Tek Nüshaya Dayalı Divan Nesirlerinin Gerekliği. Selçuk Üniversitesi Türkiyat Araştırmaları Dergisi. № 55. S. 1-19.
- Yıldırım Z., Shahrouz A., 2022. Yunus Emre'nin Söz Hazinesinde Türkmen Türkçesinin Yansımaları. 9. Milletlerarası Türkoloji Kongresi Bildiriler Kitabı. 13-16 Eylül. S. 1213-1220.

### Reference

- Beketov B., 1992. Qaraqalpaq qazaqtarynyñ tili [The language of the Qaraqalpaq Kazakhs]. Almaty: Rauan. 128 p. [in Kazakh].
- Dosqaraev J., 1963. Keybir fonetikalıq qubylystar jaiynda [About some phonetic phenomena]. QTT men DM. 5-shyguy. [in Kazakh].
- İbraev Sh., 2024. Yunus Emre Murasyndagy Sopylyq Motiflerdiñ Abay Poeziyasındagy Transformatsiysy Jayında [About the transformation of Sufi motifs in Abai's poetry from the legacy of Yunus Emre]. Turcology. 1(117). 2-11 p. [in Kazakh].
- Qazaq Ądebi Tiliniñ Sözdigi [Dictionary of the Kazakh Literary Language]. 2011. Almaty: A. Baytursinov Atındağı Til Bilimi Institutı. 752 p. [in Kazakh].
- Qamzabekuly D., 2021. Yunus Emre jane Shakarim: Sabaqtastyq Sipaty [Yunus Emre and Shakarim: nature of continuity]. Turkistan. 28(1405). P. 1-4. [in Kazakh].
- Qosymova G., 2022. Yunus Emre jāne Abay: “Süyü” Kontseptisi [Yunus Emre and Abai: “Love” concept]. Abay. № 2. P. 31-39. [in Kazakh].
- Malov S., 1951. Pamyatniki Drevnetyurkskoy Pismennosti [Monuments of ancient Turkic writing]. Moscow-Leningrad: Akademii Nauk SSSR. 452 p. [in Russian].
- Nilibaev Ä., 1996. Yunsu Emre. Tañdamaly Öleñder [Selected poems]. Almaty: Nurly älem. 133 p. [in Kazakh].
- Nurzhanov S., 2020. Yunus Emre. Öleñder [Poems]. Almaty: Folyant. 159 p. [in Kazakh].
- Otarbaev M., 2018. Yunus Emre. Zhyrlar [Poems]. Almaty: An Arys. 447 p. [in Kazakh].
- Utebekov S., Qydybaev U., 2024. “Diwani hikmetegi” keybir dauysyz fonemalardyñ köne tiptik jāne qazirgi sipaty [Ancient Typical and Modern Character of Some Consonant Phonemes in “Diwani hikmet”]. Iasauı universitetinin habarshysy [Bulletin of Yassawi University], 1 (131). P. 149-162. [in Kazakh].
- Ysqaqov D., 2022. Jünis ämire men Abay: Ruhani sabaqtastyq [Yunis Amire and Abay: spiritual continuity], Uluslararası Yunus Emre Sosyal Bilimler Dergisi [International Yunus Emre Journal of Social Sciences], 5. P. 1-7. [in Kazakh].
- Abdullayev A., 1991. Yunus Emre ve Azerbaycan dili [Yunus Emre and the Azerbaijani Language], Türk Dili Dergisi [Journal of Turkish Language]. 480. P. 500-505. [in Turkish].
- Akar A., 2012. Türkiye Türkçesinin Kuruluşu ve Yunus Emre [The Establishment of Turkish in Türkiye and Yunus Emre], Türk Yurdu Dergisi [Turkish Home]. 297. P. 58-61. [in Turkish].
- Akar A., 2013. Türk Dili Tarihi [Turkish language history]. İstanbul: Ötüken. 336 p. [in Turkish].
- Akdemir Y., 2013. Yunus Emre’de kelime kadrosu [Word cast in Yunus Emre], Turkish Studies, Vol. 8/9. P. 429-458. [in Turkish].

- Aksan D., 2004. Türkçenin Söz Varlığı [Vocabulary of Turkish]. Ankara: Ünal Ofset. 249 p. [in Turkish].
- Atalay B., 1986. Mâhmud Kaşgarlı Divanü Lûgat-it Türk. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. 887 p. [in Turkish].
- Caferoğlu A., 1931. Ebu Hayyan Kitâb al-İdrâk li Lisân al-Atrâk. İstanbul: Evkaf. 186 p. [in Turkish].
- Caferoğlu A., 1972. Yunus Emre'de Arkaik Unsurlar [Archaic Elements in Yunus Emre]. TDED. 10. P. 1-107. [in Turkish].
- Caferoğlu A., 2011. Eski Uygur Türkçesi Sözlüğü [Old Uyghur Turkish Dictionary]. Ankara: Türk dil kurumu. 320 p. [in Turkish].
- Cin A., Babacan V., 2013. Yunus Emre'nin Risaletü'n-Nushiyye'si ve Divan'ı Üzerine Yeni Bir İnceleme [A New Study on Yunus Emre's Risaletü'n-Nushiyye and Divan]. Mediterranean Journal of Humanities. №III/2. P. 53-69. [in Turkish].
- Datlı D., 2014. Risaletü'n-Nushiye'deki Arkaik Kelimelerin Tespiti ve Kelime Türlerine Göre Sınıflandırılması [Detection of archaic words in Risaletü'n-Nushiye and classification according to word types]. Türk Dünyası Bilgeler Zirvesi: Gönül Sultanları Buluşması [Summit of the Wise Men of the Turkic World: Meeting of the Sultans of the Heart]. 26-28 May. Eskişehir. P. 639-659. [in Turkish].
- Dede B., 1990. Yunus Emre'nin eserlerinin tahlili [Analysis of Yunus Emre's poems]. Doktora Tez. Bursa: Uludağ Üniversitesi. 493 p. [in Turkish].
- Gemalmaz E., 1991. Yunus Emre'nin şiirlerindeki dil özellikleri [Language features in Yunus Emre's poems]. Yunus Emre Sempozyumu Bildirileri [Yunus Emre Symposium Proceedings]. 15-16 October. Erzurum. P 1-6. [in Turkish].
- Gölpınarlı A., 1934. Yunus Emre'de Öz Türkçe Kelimeler [Pure Turkish Words in Yunus Emre], Türkiyat mecmuası [Journal of Turkology]. 4. P. 265-280. [in Turkish].
- Gölpınarlı A., 1943. Yunus Emre Divanı [Yunus Emre Divan]. İstanbul: Akçağ. 403 p. [in Turkish].
- Güzel A., 2003. Türk halk Edebiyatı El Kitabı [Handbook of Turkish folk literature]. Ankara: Akçağ. 455 p. [in Turkish].
- Eskeyeva M., 2021. Yunus Emre ile Abay Kunanbayev Eserlerindeki Dinî Değerlerin Sürekliliği [The Continuity of Religious Values in the Works of Yunus Emre and Abay Kunanbayev]. Yunus Emre'nin Vefatına 700. Yıl Dönümü Anısına Uluslararası Türkçenin Anadolu'da Yazı Dili Oluşu Sempozyumu [International Symposium on the Formation of Turkish as a Written Language in Anatolia in Memory of the 700th Anniversary of Yunus Emre's Death], 12-14 July. Ankara. P. 585-590. [in Turkish].
- Kasım N., 1969. Tam ve tekmil Yunus Emre divanı [The complete Yunus Emre divan]. İstanbul: Marif. 368 p. [in Turkish].
- Khourchid S., 1991. La Langue de Yunus Emre Contttribution A L'Histoire Du Turc Pre-Ottoman. Ankara: Atatürk Kültür Bakanlığı. 578 p.
- Köksal M.F., 2014. Yunus Emre Divanı'nın yeni bir nüshası ve Yunus'un yayımlanmamış şiirleri [A new copy of Yunus Emre's Divan and Yunus's unpublished poems]. Türk Kültürü İncelemeleri Dergisi [Journal Culture Studies Journal]. 30. P. 161-192. [in Turkish].
- Köprülü F., 1976. Türk edebiyatında ilk mutasavvıflar [The first mystics in Turkish literature]. Ankara: Türk Tarih Kurumu. 420 p. [in Turkish].
- Kurmanbaiulı Sh., Adilov M., 2023. Abay, Yunus Emre ve Ahmet Yesevi'nin Dilindeki Türk Lehçeleri Arası Dilsel Özellikler [Linguistic Features Between Turkic Languages in the

works of Abay, Yunus Emre and Ahmad Yasawi]. *Türk Kültürü ve Hacı Baktas Veli Araştırma Dergisi* [Turkish Culture and Hacı Bektas Veli Research]. 105. P. 313-333. [in Turkish].

Kültürel Z., 2022. Anadolu'da Türkçenin Oluşumunda Yunus Emre'nin Rölü. *Yunus Emre (Hayatı-Düşünceleri-Eserleri)*. [Yunus Emre's Role in the Formation of Turkish in Anatolia. Yunus Emre (His Life-Thoughts-Works)] Ankara: TBMM Basımevi. P. 453-466. [in Turkish].

Masala A., 1971. Yunus Emre'de İnsan Sevgisi [Love of Humanity in Yunus Emre]. *Çağrı Dergisi*. №165. P. 12-18 [in Turkish].

Özgür C., 2001. Yunus Emre'nin Kullandığı Farklı İki Türkçe [Two different Turkish used by Yunus Emre], *Eskişehir Osmangazi Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi* [Eskişehir Osmangazi University Journal of Social Sciences]. II. 1. P. 91-103. [in Turkish].

Paçacıoğlu B., 2016. VII-XVI. Yüzyıllar Arasında Sözcük Dağarcığı [Vocabulary Between the 7th and 16th Centuries]. İstanbul: Kesit. 816 p. [in Turkish].

Tatçı M., 2008. Yunus Emre Divanı. Tenkitli Metin [Yunus Emre Divan. Critical text]. İstanbul: Turizm ve Kültür Bakanlığı. 706 p. [in Turkish].

Tatçı M., 2013. Yûnus Emre. TDV İslâm Ansiklopedisi [TDV Islamic Encyclopedia]. 43. Ankara: Türkiye Diyanet Vakfı. P. 600-606. [in Turkish].

Tatçı M., Gürelli S., 1992. Yunus Emre Bibliyografyası [Yunus Emre Bibliography]. Ankara: Milli Kütüphane. 104 p. [in Turkish].

Timurtaş F.K., 1980. Yunus Emre Divanı [Yunus Emre Divan]. İstanbul: Kervan Kitapçılık. 370 p. [in Turkish].

Türkçe Sözlük [Turkish Dictionary]. 2005. Ankara: Türk Dil Kurumu. 2244 p. [in Turkish].

Uysal İ.N., 2017. Yunus Emre Divanı Karaman nüshası [Yunus Emre Divan Karaman copy]. İstanbul: Kesit. 499 p. [in Turkish].

Uysal İ.N., 2022. Yunus Emre Araştırmalarının Bugünkü Durumu ve Tek Nüshaya Dayalı Divan Nesirlerinin Gerekliği [The current status of Yunus Emre Studies and the Necessity of Divan Prose Based on a Single Copy]. *Selçuk Üniversitesi Türkiyat Araştırmaları Dergisi* [Selcuk University Journal of Turkish Studies]. 55. P. 1-19. [in Turkish].

Yıldırım Z., Shahrouz A., 2022. Yunus Emre'nin Söz Hazinesinde Türkmen Türkçesinin Yansımaları [Reflections of Turkmen Turkish in Yunus Emre's vocabulary]. 9. Milletlerarası Türkoloji Kongresi Bildiriler Kitabı [Proceedings Book of the 9th International Turkology Congress], 13-16 September. P. 1213-1220. [in Turkish].

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

Утебеков Сенбек, PhD, түрік филологиясы кафедрасы, филология факультеті, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Б.Саттарханов көш., 29, Түркістан, Қазақстан Республикасы.

Scopus ID: 58139973900

Сүйінжанова Жанар, филология ғылымдарының кандидаты, түрік филологиясы кафедрасы, филология факультеті, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Б.Саттарханов көш., 29, Түркістан, Қазақстан Республикасы.

Scopus ID: 56258579500

#### **Information about authors:**

Utebekov Senbek, PhD., Department of Turkish Philology, Faculty of Philology, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, 29 B. Sattarhanov Str., Turkistan, Republic of Kazakhstan.

Scopus ID: 58139973900

*Suyinjanova Janar*, Candidate of Philological Sciences, Department of Kazakh Philology, Faculty of Philology, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, 29 B.Sattarhanov, Turkistan, Republic of Kazakhstan.

Scopus ID: 56258579500

**Сведения об авторах:**

*Утебеков Сенбек*, PhD, кафедра турецкой филологии, факультет филологии, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави, ул. Б.Саттарханов, 29, Туркестан, Республика Казахстан.

Scopus ID: 58139973900

*Сүйінжанова Жанар*, кандидат филологических наук, кафедра казахской филологии, факультет филологии, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави, ул. Б.Саттарханов, 29, Туркестан, Республика Казахстан.

Scopus ID: 56258579500

**Авторлық үлес:**

С. *Утебеков* мақаланың негізгі идеясын, тұжырымдамасын және мақсатын айқындады, ескерткіштің тілдік бірліктерінің тарихи-мәдени талдауын жасады.

Ж. *Сүйінжанова* мақаланы талқылау, қайта саралау жұмыстарына қатысты, мақаланы рәсімдеуге, метадеректердің аударылуына үлес қосты. Авторлар мақаланың барлық аспектілері бойынша тең дәрежеде жауапты болып саналады.

**Authors' Contributions:**

S. *Utebekov* identified the idea, concept and objective of the article, and provided a historical-comparative analysis of the linguistic units of the manuscript.

J. *Suyinjanova* participated in the discussion and revision of the article, contributing to the translation of metadata and the formatting of the manuscript. The authors share equal responsibility for all aspects of the paper.

**Вклад авторов:**

С. *Утебеков* определил основную идею, концепцию и цель статьи, дал историко-сравнительный анализ языковых единиц памятника.

Ж. *Сүйінжанова* принимала участие в обсуждении и пересмотре статьи, вносила вклад в перевод метаданных и оформление статьи. Авторы несут равномерную ответственность за все аспекты статьи.



**Мүдделер қақтығысы.**

Мақалаға байланысты мүдде қақтығысы жоқ.

**Conflict of Interest.**

There is no conflict of interest related to this article.

**Конфликт интересов.**

Нет конфликта интересов, связанного со статьей.



## The concept of “happiness” in Turkic languages: A linguocultural approach (based on Kazakh, Kyrgyz, Uzbek, Turkish)

Z.B. Kulmanova

Michigan State University, East Lansing, USA

ORCID: 0000-0001-8791-032X

(E-mail: [kulmanov@msu.edu](mailto:kulmanov@msu.edu))

### ARTICLE INFO

#### Keywords:

*Turkic languages, concept, happiness, linguoculturology, cognitive linguistics, cross-cultural comparison, metaphorical model, proverbs, idioms, cognitive module, emotion.*

IRSTI 16.01.24

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-4-214-232>

### ABSTRACT

This article examines the national and cultural specificity of the concept of 'happiness' in Turkic languages, taking a linguistic, cultural, and cognitive approach. Adopting a qualitative research approach, it aims to reveal the interconnection between language, culture and worldview by analyzing how the concept of 'happiness' emerges in Kazakh, Kyrgyz, Uzbek and Turkish. The study is based on the theory of conceptual metaphor (Lakoff and Johnson, 1980) and a comparative-interpretative linguocultural approach. The analysis is based on proverbs and idioms in the Kazakh, Kyrgyz, Uzbek, and Turkish languages, which belong to different branches of the Turkic language family. This allows us to identify common and differing linguistic and cultural representations of the concept of 'happiness' in various Turkic traditions. The study's primary objective is to reveal the conceptual structure, semantic field, metaphorical models, and cultural representations inherent in lexemes denoting 'happiness' in Turkic languages. It covers three main areas: an etymological review of key terms (e.g. *baqyt*, *mutluluk*, *bakıt*); a linguistic and cultural interpretation, based on paremiological materials and idiomatic expressions; and a comparative analysis of metaphorical models. The paremiological analysis revealed that, in most Turkic cultures, happiness is generally viewed as a blessing or an external gift, originating from the will of God or fate. The most frequent metaphors include images of 'light', 'birds', 'luck', and 'gift' reflecting the common cultural perception of the impermanence of happiness. For instance, Kazakh and Turkish proverbs often depict happiness as transient, 'fleeting' or 'coming and going', depending on a person's spiritual or social harmony. Studying the concept of 'happiness' from linguistic and cultural perspectives reveals that the historical and philosophical worldview and traditional way of life of Turkic peoples play an important role in its formation. In a nomadic lifestyle, ideas about happiness

are based on harmony with nature, respect for elders, and humility before fate. Islam has also had a significant influence; in the Muslim worldview, true happiness is understood as spiritual peace and the attainment of Allah's favor. For example, the following expressions are widespread among Kazakhs: 'Sabyr tubi – sary altyn' and 'Qanagat – qaryn toygizar', in which happiness is associated with patience, contentment and spiritual maturity. For many Turkic peoples, happiness is not a personal achievement or an atmosphere of external comfort, but rather a harmonious existence with nature, family and God. In conclusion, the study emphasizes that the concept of 'happiness' is firmly rooted in the cultural consciousness of the Kazakh, Kyrgyz, Uzbek and Turkish peoples, acting as both a linguistic phenomenon and a sign of national identity, collective values, historical experience and cultural worldview. This study contributes to a deeper understanding of the cultural semantics of these languages, demonstrating how language constructs and preserves cultural representations of the world.

**З.Б. Кульманова**

*Мичиган мемлекеттік университеті, Ист-Лансинг, АҚШ*

ORCID: 0000-0001-8791-032X

(E-mail: kulmanov@msu.edu)

**Түркі тілдеріндегі «Бақыт» ұғымы: лингвомәдени зертеу  
(қазақ, қырғыз, өзбек және түрік тілдері негізінде)**

**Аннотация.** Мақалада түркі тілдеріндегі «бақыт» концептісінің ұлттық-мәдени ерекшелігі лингвомәдени және когнитивтік тұрғыдан қарастырылады. Сапалық зерттеу парадигмасына сүйене отырып «бақыт» ұғымының түркітілдес қоғамдардағы құрылымын зерттеу арқылы тіл, мәдениет және дүниетаным арасындағы байланысты анықтауды көздейді. Зерттеу әдіснамасы ретінде Лакофф пен Джонсонның (1980) концептуалдық метафора теориясы мен салыстырмалы және интерпретативтік лингвомәдени тәсілдер қолданылған. Талдау қазақ, қырғыз, өзбек және түрік тілдерінің мақал-мәтелдері мен идиомаларына сүйенеді, бұл тілдер түркі тілдері отбасының әртүрлі тармақтарына жатады. Олардың зерттелуі «бақыт» ұғымының түркі дәстүріндегі ортақ және өзіндік лингвомәдени бейнелерін анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеудің негізгі мақсаты – түркі тілдеріндегі «бақыт» лексемасының концептуалдық құрылымын, семантикалық өрісін, метафоралық үлгілерін және мәдени репрезентацияларын ашып көрсету болып табылады. Зерттеу үш негізгі бағытқа: негізгі терминдердің этимологиялық шолуына (мыс., бақыт, мутлулук, бакыт), паремиологиялық материалдар мен тұрақты тіркестер негізіндегі лингвомәдени интерпретацияға және метафоралық үлгілерді салыстырмалы талдауға шоғырланған. Паремиологиялық материалдарға сүйенсек,

Received 06 July 2025. Revised 05 August 2025. Accepted 29 September 2025. Available online 30 December 2025.



**For citation:** Z.B. Kulmanova The Concept of “Happiness” in Turkic Languages: A Linguocultural Approach (Based on Kazakh, Kyrgyz, Uzbek, Turkish) // Turkic Studies Journal. 2025. T. 7. № 4. P. 214-232. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-4-214-232>

түркі мәдениеттерінің басым көпшілігінде бақыт – Құдайдың еркімен немесе тағдырмен келетін сый ретінде қабылданады. Ең жиі кездесетін метафоралар – нұр, құс, сәттілік, сый. Бұл бақыттың киелі әрі сырттан келетін болмыс екенін білдіреді. Мысалы, қазақ және түрік мақал-мәтелдерінде бақыт жиі ұшып кететін немесе белгілі бір рухани не әлеуметтік үйлесіммен келетін уақытша құбылыс ретінде сипатталады. «Бақыт» концептісін лингвомәдени тұрғыдан зерттегенде, түркі халықтарының тарихи-философиялық дүниетанымы мен дәстүрлі өмір салтының маңызды рөл атқаратынын байқауға болады. Мысалы, көшпенді өмір салтында табиғатпен үйлесімде өмір сүру, үлкенге құрмет, тағдырға мойынсұну – бақыт ұғымының іргетасы болып табылады. Ислам дінінің әсері де зор: мұсылмандық түсінік бойынша, нағыз бақыт – рухани тыныштық пен Алланың разылығына жету. Бұл көзқарастар тілде көрініс тапқан: «Сабыр түбі – сары алтын», «Қанағат – қарын тойғызар» сияқты мақалдарда бақыт материалдық емес, рухани тұтастықпен өлшенетіні аңғарылады. Сондай-ақ, түркі әдебиетінде бақыт жиі әділ патша, дана адам, не болмаса жомарт қоғам бейнесінде көрініс табады. «Бақыт» концептісі түркі халықтарының мәдени санасында тек тілдік құбылыс ретінде ғана емес, сонымен қатар ұлттық болмыс, ұжымдық құндылықтар, тарихи тәжірибе және дүниетанымдық құрылымдардың көрінісі ретінде орныққан. Бұл жұмыс түркі дүниесінің мәдени семантикасын түсінуге ықпал етіп, тілдің мәдени дүниетанымды қалай жасақтайтыны мен сақтайтынын көрсетуге мүмкіндік береді.

**Кілт сөздер:** түркі тілдері, концепт, бақыт, лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика, мәдениетаралық салыстыру, метафоралық модель, мақал-мәтелдер, идиомалар когнитивтік модуль, эмоция.

**З.Б. Кульманова**

*Мичиганский государственный университет, Ист-Лансинг, США*

ORCID: 0000-0001-8791-032X

(E-mail: kulmanov@msu.edu)

### **Концепт «Счастье» в тюркских языках: лингвокультурный подход (на материалах казахского, кыргызского, узбекского и турецкого языков)**

**Аннотация.** В статье в лингвокультурологическом и концептуальном аспектах рассматриваются национально-культурные реалии концепта «счастье» в тюркских языках. Исходя из верифицированной научной парадигмы, автор статьи пытается определить взаимосвязь языка, культуры и картины мира, которые проявляются в концепте «счастье» в казахском, киргизском, узбекском и турецком языках. Методологическую основу исследования составляют сравнительно-концептуальный подход и теория концептуальной метафоры (Лакофф и Джонсон, 1980). Анализ основан на пословицах и идиомах казахского, кыргызского, узбекского и турецкого языков, которые принадлежат к разным группам тюркской языковой семьи (кыпчакской, кыргызско-кыпчакской, карлукской и огузской соответственно). Такой выбор позволяет выявить как общие, так и различающиеся лингвокультурные репрезентации концепта «счастье» в различных тюркских традициях.

Цель исследования – раскрыть концептуальную структуру, семантическое поле, метафорические модели и культурные представления, заключённые в лексемах,

